

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЕУАЗИЯ УНИВЕРСИТЕТІ**

ӘОЖ 811.512.122

Қолжазба құқығында

К.Д.Хасенова

**ДРАМАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ ЕТІС КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ
ҚОЛДАНЫС АЯСЫ
(Ж.АЙМАУЫТОВТЫҢ «МАНСАПҚОРЛАР», «ҚАНАПИЯ-ШАРБАНУ»,
«ШЕРНИЯЗ» ДРАМАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ)**

6M020500 – Филология мамандығы бойынша

гуманитарлық ғылымдар магистрі академиялық дәрежесін алу үшін

дайындалған магистрлік диссертация

ПАВЛОДАР – 2014
Қазақстан республикасының Білім және ғылым министрлігі
Инновациялық Еуразия университеті

Қорғауға жіберілді:

«Қазақ филологиясы»

кафедрасының меңгерушісі,

филология ғылымдарының докторы,
профессор

_____ Ғ.Е.Имамбаева

« ____ » _____ 20__ ж

Магистрлік диссертация

**ДРАМАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ ЕТІС КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ
ҚОЛДАНЫС АЯСЫ
(Ж.АЙМАУЫТОВТЫҢ «МАНСАПҚОРЛАР», «ҚАНАПИЯ-ШАРБАНУ»,
«ШЕРНИЯЗ» ДРАМАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ)**

6M020500- Филология мамандығы

Магистрант

К.Д.Хасенова

Ғылыми жетекшісі:

филология ғылымдарының
докторы, профессор

Ғ.Е.Имамбаева

ПАВЛОДАР – 2014

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	3
1 ЕТІС КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ.....	6
1.1 Етістің лексика-грамматикалық сипаты.....	15
1.2 Етіс жұрнақтарының сөзжасамдық қызметі.....	23
2 ЕТІС КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ КӨРКЕМ МӘТІН ТІЛІНДЕГІ ҚОЛДАНЫСЫ..	39
2.1 Ж.Аймауытов шығармаларының зерттелуі	39
2.2 Етіс категориясының антропоэзектілігі.....	56
2.2.1 Етіс концептісінің морфологиялық репрезентациясы.....	62
2.2.2 Драмалық шығармалардағы етіс категориясының коммуникативтік қызметі.....	71
ҚОРЫТЫНДЫ.....	88
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	91

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі: Жүсіпбек Аймауытов - көп қырлы дарын иесі. Қаламынан көркем әдебиеттің шағын жанр үлгілері, сан қилы тағдыр иелерінің бейнелері жинақталған драмалар, адам әлемінің мың сан құпияларын ашатын тәлім-тәрбиелік мұралар туындады.

Кейінгі жылдары Жүсіпбек Аймауытов шығармашылығы әр алуан қырынан сөз етіліп, арнайы зерттеу жүйелеріне айналып келеді. Осы реттен келгенде, Жүсіпбек Аймауытов шығармашылығын әдебиет пен тілдік тұрғыдан талдап-зерделеудің маңызы өте зор. Сонымен қатар Жүсіпбек Аймауытов шығармашылығы тіл білімі теориясына қатысты мәселелерді қарастыруда да зерттеуге нысан болады. XX ғасыр басындағы әлеуметтік революциялар, қазақ ауылы мен кедейінің отбасындағы тағдыр-талайы, ұлт азаттық қозғалыс сырлары осы кезеңде өмір сүрген ұлт қаламгерлерінің, соның ішінде Аймауытовтың қаламгерлік болмысына да ортақ болатын. Бұл тақырыптар белгілі қаламгердің әр саламен мүддесі тұрғысынан сөз етіледі.

Осы орайда еске алатынымыз: Ж.Аймауытовтың шағын жанрдың көлемді туындыларына дейін халқымыздың өмірі мен тарихын, оның адамдарын, іс-әрекеттерін шығармашылық шеберлікпен суреттеп, ұлттық деңгейге көтерді. Прозалық еңбектерінде («Қартқожа», «Ақбілек») жеке адам өмірін, тағдырын халық өмірімен, тұрмысымен қатар көрсетсе, драмалық туындыларында («Мансапқорлар», «Қанапия-Шәрбану», «Шернияз»), тәлім-тәрбиелік мұраларында («Тәрбиеге жетекші», «Психология») адам әлеміне, оның қоғамдағы орны мен іс-әрекеттеріне, әдет-салт көріністеріне, оқу-ағарту, мәдени мәселелерге көп көңіл бөлінеді.

Ж.Аймауытовтың драмалық шығармаларындағы етіс категориясын қарастырудың маңызы зор. Ж.Аймауытов прозасындағы етіс категориясы ғалым-ұстазымыз Ғ.Е.Имамбаеваның еңбегінде терең зерттелгенімен, драмалық шығармаларындағы етіс категориясы қарастырылмаған. Драмалық шығармалардағы етіс категориясының функционалдық сипатын жан-жақты қарастыру зерттеу жұмысы тақырыбының өзектілігін танытады.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері: Бұл жұмыстың негізгі мақсаты - жан-жақты талант иесі болып табылатын зор тұлға Жүсіпбек Аймауытовтың драмалық шығармаларындағы етіс категориясының лексика-грамматикалық табиғатын ашу, грамматикалық қызметтерін айқындау. Сонымен қатар етіс категориясының драмалық шығармалар мәтініндегі функционалдық сипатын ашып көрсету.

Осы мақсатқа жету жолында мынадай міндеттерді орындау көзделеді:

- лингвистикадағы етіс категориясы жайлы ғылыми зерттеулерді жүйелеп, етістің теориялық негіздері жайлы тұжырымдарды жинақтау;
- етістің жалпы сипатымен қатар оларды грамматикалық топтарға бөле отыра, мысалдар арқылы даму барысын айқындау;
- түркі тілдері, соның ішінде қазіргі қазақ тіліндегі айырмашылықтары мен өз қасиеттерін сақтап қалған кейбір жұрнақтар үлгілерінің

- ұқсастықтарымен қатар өзгешеліктерін анықтау;
- етістің сөзжасамдық қызметін, сөз тудырушы ерекшеліктерін айқындау, морфологиялық қызметін көрсету;
- Ж.Аймауытов шығармаларының зерттелуіне шолу жасай отырып, драмалық шығармаларындағы етіс категориясының функционалдық қызметін анықтау;
- Етіс категориясының антропоэзектілігіне байланысты етіс концептісінің коммуникативтік қызметін қарастыру.

Зерттеу пәні: Ж.Аймауытовтың драмалық шығармалардағы етістің функционалдық қызметі.

Зерттеу нысаны: Драмалық шығармалардағы етіс категориясы. Етіс категориясына байланысты теориялық тұжырымдар мен лингвистикалық талдаулар Ж.Аймауытовтың «Мансапқорлар», «Қанапия–Шәрбану», «Шернияз» драмалық шығармалары негізінде жасалынды.

Зерттеудің әдіс-тәсілдері: Зерттеу сипаттамалы әдіспен жазылған. Сонымен қатар жұмыста баяндау, ғылыми талдау, сөзжасамдық, морфологиялық, семантикалық, стилистикалық, концептілік талдау тәсілдері басшылыққа алынды. Жиналған материалдарды іріктеуде жинақтау, жүйелеу, талдау әдістері кеңінен қолданылды.

Зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы: Зерттеудің нәтижелері мен пайымдаулары қазақ тіл біліміндегі сөзжасам, морфология, стилистика, функционалды грамматика теорияларын жетілдіруге мүмкіндік жасайды. Зерттеу жұмысында айқындалған негізгі тұжырымдар функционалды лингвистиканың ғылыми-теориялық негіздерін нақтылай түсуге белгілі бір дәрежеде өз үлесін қосады.

Зерттеудің нәтижелерін морфология, стилистика және т.б. пәндер бойынша дәрістерде, морфология мен Ж.Аймауытов шығармашылығына қатысты арнайы курстарды жүргізуде қолдануға болады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы: Қазақтың талантты қаламгері Жүсіпбек Аймауытовтың шығармашылығы бүгінгі таңда жан-жақты қарастырылуда. Жүсіпбек Аймауытовтың драмалық шығармалары әдебиеттану тұрғысынан қарастырылғанымен, лингвистикалық тұрғыдан зерттелмеген. Сол себепті, жұмыстың басты жаңалығы-Жүсіпбек Аймауытовтың драмалық шығармаларындағы етіс категориясының қолданыс ерекшеліктерінің зерттелуі болмақ.

Сонымен қатар етістің грамматикалық сипаты жайлы бұрын соңды зерттелген еңбектерге иек сүйей отырып, өзіндік сипатын, сөзжасамдық қызметін, бүгінгі күнмен жалғастылық дәстүрін саралау болып табылады.

Зерттеу негізінде ұсынылатын тұжырымдамалар:

-Қазақ әдебиеті мен мәдениетінде ақын, прозаик, драматург, әнші, журналист-публицист, сазгер, ғалым, психолог ретінде танылған Жүсіпбек Аймауытовтың алар орны ерекше. Ол проза жанрының ғана емес, қазақ әдебиетінің сол замандағы жаңа қадам басып келе жатқан драмасына да өзіндік

колтаңбасын арнаған. Ұлттық драматургия мен сахна өнерінің қалыптасуы, оның алғашқы белестері Ж.Аймауытовтың есімімен тікелей байланысты;

-қатынас мәнінің антропоэзектілігі етіс категориясы арқылы да беріледі;

-*элитарлық тілдік тұлға* ұғымы нақтыланып, тіл білімінің дамуында өзіндік орны бар ғалымдар *элитарлық тілдік тұлға* ретінде сипатталып, ғалымдардың тұжырымдары талданып, етіс категориясына (әсіресе өзгелік етіс) қазақ тіл білімінде әлі де басы ашыла қоймаған талас мәселелер (кез келген етістіктен өзгелік етіс жасала бермейтіні, өзгелік етіс тұлғалары сабақты етіске жалғанғанда ғана өзгелік етіс жасалатыны, салт етістікке жалғанса, ол сабақты етіс тудыратыны анықталды;

-қазақ тілді сөйлеушілердің тілдік санасында өздік, ырықсыз, ортақ етіс мазмұн межесі мен тұрпат межесі тұрғысынан толық қалыптасқан, ал өзгелік етіс тұлғалары тілдік санада әлі орныға қоймаған. Ол өзгелік етіс қосымшаларының сабақты етіс қосымшаларымен ұқсастығына байланысты.

Зерттеудің талқылануы мен жариялануы. Зерттеудегі негізгі тұжырымдамалар халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференцияларда жарияланған. Атап айтқанда: 3.Шашкин оқулары-2014» атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияда «Ж.Аймауытовтың драмалық шығармалары», Студенттер мен жас ғалымдардың «Ғылым және білім-2014» атты IX халықаралық ғылыми конференциясында «Ж.Аймауытовтың драмалық шығармаларындағы етіс категориясы»

Зерттеудің құрылымы: Диссертациялық зерттеу кіріспеден, негізгі екі бөлімнен және қорытындыдан тұрады.

1 ЕТІС КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Етістік сөздің лексика-грамматикалық категория ретінде объективті іс-әрекеттің динамикасын білдіретіндігі жалпыға белгілі.

Етістіктердің сан алуан қызметі ерекше маңыздылығымен тіл мамандарының назарын аударып келеді.

Қазақ тілінің ғылыми грамматикаларында етістіктер төмендегідей семантикалық топтарға бөлінеді: *қол күшін жұмсау*, яғни айтқанды күшпен істету мағынасындағы етістіктер, нысансыз қозғалыс мағынасындағы етістіктер, қалып мағынадағы етістіктер, дерексіз мағынадағы етістіктер, еліктеуіш мағынасындағы етістіктер, қалыптасу мағынасындағы етістіктер, функционалды мағынадағы етістіктер, сөйлеу етістіктері, ойлау етістіктері. Б.Б.Құлмағамбетова етістіктерді төмендегідей семантикалық топтарға топтастыруды ұсынады:

- 1) әрекетті, адам қимылын білдіретін етістіктер;
- 2) адамның ойлау және сезінуін білдіретін етістіктер;
- 3) тамақ ішу тәсілдерін білдіретін етістіктер;
- 4) адамның уайымын білдіретін етістіктер;
- 5) адамның мінез-құлық сәттерін және бет-әлпетін білдіретін етістіктер;
- 6) дыбыстық еліктеуіштік сипаттағы етістіктер.

Сонымен, байқап отырғанымыздай, етістік-көлемді де икемді, модальдық реңктерге бай категория. Етістіктің категорияларының бірі-етіс категориясы. Етіс категориясының зерттелуі мен табиғаты жайлы ғалымдар арасында көптеген тұжырымдар жасалып, ғылыми еңбектердің зерттеу нысанына айналып, ғалымдар назарында болды.

Етіс зерттелуінің тарихына үңілер болсақ, тарих қойнауында жатқанын көреміз. Қазақ тілінің етіс туралы ойлар М.Қашқари еңбектерінен бастау алады деп те айтуымызға болады. Ертеден-ақ бұл тілдік категория қандай күйде болды, қазіргі жағдайға келудің сыр-сипаты неде деген сұрақтарға тарихи мұралар жауап бере алады. Тарихи деректемелерден етіс туралы ең бірінші түркітанушы ғалым М.Қашқари айтып кеткендігі-оның әйгілі «Диуани лұғат ит- түрік» түрік сөздігінен байқауға болады.

Етіс етістікке тән категория деп танығандығы-етістік сөз табына арналған бөлімдерден көреміз.

Мысалы:«Етістіктердегі үстеме (қосымша) әріптер және етістіктердің түзілуі жөнінде» атты бөлімде мынадай деректемелер бар:етістіктер екі әріпті, үш әріпті, төрт әріпті, бес әріпті, алты әріпті болады.

Етістіктерге кейіннен он әріп қосылған: бұл әріптердің әрбірі етістіктерге бір мағына үстеу үшін қызмет етеді [2, 44 б.].

(Т-Т) Бұл әріп сабақтас етістік жасауға қызмет етеді [2, 45 б.].

(R-P) Етістіктің сабақтас түрін жасау үшін көп жағдайда «-р» әрпі «-т» әрпіне қосылады. Кетті-келтірді, келді етістігінің келтірді секілді өтпелі шаққа айналғаны тәрізді [2, 45 б.].

(Ш-Ш) Бұл әріп етістікке қосылып, арабшадағы бабындағы секілді іс-әрекеттің екі кісі тарапынан атқарылатынып көрсетеді. Мысалы: (ұрды)-ұрды етістігінен (ұрушты)-ұрысты етістігі.

«ш» әрпі етістіктерге қосылып келгенде, жәрдемдесу, қосылу, екі адамның арасындағы қатысу мағынасындағы рендерді жеткізеді [2, 46 б.].

(Л-Л) Бұл әріп ырықсыз етіс жасауға қызмет етеді. Мысалы, «ер оқ атты-адам оқ атты» деген түрдегі «атты» етістігінен жасалған-«оқ атылды» деген тәрізді, «боз тоқыды» деген үлгідегі «тоқыды» етістігінен туындаған «боз тоқылды» деген секілді [2, 47 б.].

Мұрадан етіске қатысты көптеген мәліметтер алуға болады. Бұның дәлелі ретінде төмендегі қатарлас етістіктер тізбегін көрсетуді жөн көрдік:

Бұзұшды-бұзысты Безісті - кашысты Түзетісті-түзесті Қазышды-қазысты Кезішді-кезісті Кірішді-кірісті Безешді - безесті, безендірісті [2, 129 б.].

Тарихи мұрадан келтірілген мысалдардан көріп отырғанымыздай етіс категориясының сөзжасамдық сипатының зерделенуі көне зерттеулерде де берілген.

Етістің зерттелу сипаты жөнінде қарастырар босақ, қазақ тіл білімінде етіс категориясы көптеген ғылыми еңбектерде зерттеу нысаны болды. Етістің зерттелу тарихы сонау XIX ғасырдан да бастау алады десек қателеспейміз. Етіс категориясы түрколог М.Л.Казембектің еңбегінде тарихи тұрғыдан зерттеледі. Түркітанушы ғалым М.Терентьев оны «вид» категориясымен салыстыра қарастырып, морфологиялық жақтан орыс ғалымдары: П.М.Мелиоранский мен А.К.Боровков етіске сипаттама беріп, ғылыми тұжырымдамалар жасағандығы туралы зерттеу еңбектерінен таныс.

Қазақ тілі грамматикасына арналған ғылыми еңбектерде етіс жайлы ғылыми көзқарастар бар. А.Байтұрсынұлы, А.Ысқаков, К.Аханов, С.Аманжолов, М.Томанов, М.Серғалиев, Қ.Жұбанов, Ы.Маманов қазақ тілінің етіс категориясы жөніндегі зерттеулері өзіндік маңызы бар еңбектер болып табылады.

А.Байтұрсынов «Тіл тағылымы» деген еңбегінде он түрлі етіс бар деп көрсеткен:

1. сабақты етіс;
2. салт етіс;
3. ортақ етіс;
4. өздік етіс;
5. өзгелік етіс;
6. беделді етіс;
7. ырықсыз етіс;
8. шығыс етіс;
9. дүркінді етіс;
10. өсіңкі етіс[4].

А.Байтұрсынов етісті он топқа жіктеп, әрқайсысына жеке-жеке сипаттама беріп, мысалдармен дәлелдеп, ерекшеліктерін көрсетеді. Мысалы, сабақты етіске былай анықтама береді: «бұл етісте еткен іске бір нәрсе

сабақтаулы болса ғана, мәселен, осындай түрі анық көрініс табады, хат жаздым, шөп шаптым, қармақ салдым дегенге: «жаздым, шаптым, салдым»-істер». А.Байтұрсынов: «Хат жаздым» дегенде-ісіне хат сабақталып тұр «Шөп шаптым»-дегенде шабу ісіне шөп сабақталып тұр. «Қармақ салдым» дегенде-салу ісіне қармақ сабақталып тұр»-деп көрсетеді.

Қазіргі қазақ тіліндегі сабақты етістікті ғалым сабақты етіс деп ұсынған. Салт етіске мысалдар келтіре отырып, анықтама береді. Ғалым: «өткен іске сабақталып, байланып тұрған еш нәрсе болмауы қажет, мәселен, «мен жүрмін, сен тұрсың, ол отыр». Сонда: менің жүргеніме, сенің тұрғанына, оның отырғанына сабақталып тұрған еш нәрсе жоқ деп белгіленеді «Ержан күлді, Айман жылады, Сәуле жүгірді». Ержанның күлгеніне, Айманның жылағанына, Сауленің жүгіргеніне сабақталып тұрған еш нәрсе жоқ, деп мысалдармен түсіндіреді.

Ғалымның анықтамасы бойынша: «Жүрмін», «Тұрсың», «Отыр», «Күлді», «Жылады», «Жүгірді» деген сияқты сабақсыз істі көрсететін сөздерді «салт етіс» деп берілген.

Ал ортақ етіс жайлы анықтамасына сүйенсек, ғалым мынадай мысалдар келтіре отырып анықтама бергенін көреміз: «ортақ етіс-іс жеке істелмесе, мәселен, «бала жарысты, жау соғысты, балуан күресті». Бұған автордың дәлелі пайда болады: «Бала жалғыз жарысуға болмайды, біреумен жарысады; Жау өзімен-өзі соғыспайды, біреумен соғысады; Балуан өзімен-өзі күреспейді, біреумен күреседі». «Осындай жеке істелмейтін екі жақтап істейтін істерді көрсететін сөздерді ортақ етіс.

Ғалымның өздік етіске берген анықтамасы қазіргі қазақ тілінде қолданылып жүр. «Өздік етіс дегеніміз-істеуші басқаға іскерлік ісін өзіне істесе, мәселен, «мен жуындым, сен тарандың, ол мақтанды», -деп берген анықтамасының бүгінгі таңда да маңызы зор.

А.Байтұрсынов: «Ырықсыз етіс-істелу ырықсыз істеушіден басқада болған істі көрсетеді. Мәселен, «ат жегілді, қоян қуылды, қозы сойылды» дегенде ат ырықсыз жегіліп тұр, қоян ырықсыз қуылып тұр, қозы ырықсыз сойылып тұр», -дей келе, «ырықсыз етіс дейміз-істелу ырықсыз істеушіден басқада болған істі» [4, 233 б.], -деген анықтаманы ұсынады.

Ғалым: «*Шығыс етіс*», «*өсіңкі етіс*», «*дүркінді етіс*» деп етіс түрлеріне анықтама береді. Қазіргі қазақ тілінде «*шығыс етіс*», «*өсіңкі етіс*», «*дүркінді етіс*» деген етіс түрлері жоқ. Ғалымның іс әрекеттің қайталануын орындалуына байланысты «*дүркін етіс*» деп көрсетеді.

«Өсіңкі етіс-күшейген істі білдіреді», -дей келе ғалым «ат жүріңкіреді, су тасыңқырады, бала ұйықтанқырады». «Жүріңкіреді», дегенде жүру күшейгені көрінеді, «Тасыңқырады» дегенде тасқын күшейгені көрінеді, «Ұйықтанқырады» дегенде ұйқы күшейгені көрінеді. «Жүріңкіреді» «Тасыңқырады», «Ұйықтанқырады» деген сияқты сөздерді өсіңкі етіс», -деп тұжырымдайды [5, 232 б].

Ғалым ұсынған «*беделді етіс*»-қазіргі қазақ тілінде «өзгелік етіс» құрамында кездеседі. А.Байтұрсынов өзгелік етісті беделді етіс деп екіге бөліп

караған. Анықтамаға назар аударсақ, «бұл етістегі істі біреу арқылы істеуді талап етеді», -деп атай келе, көбінесе бұл етістің «-дыр, -дір, -тыр, -тір» жұрнақтарының өзгелік етіс жұрнақтарынан бөліп көрсетеді және дағдыландыру жолдарымен беделді етістерді көрсетуде, бірнеше мысалдар келтіріп, «ондағы барлық іс-әрекет біреу арқылы істелінген іс өзінің көрінісін табады», -деген тұжырымдама береді.

Етіс жайлы ғылыми тұжырымдарды ғалым Г.Бегалиев, Н.Сауранбаев, І.Кеңесбаев, С.Жиенбаев т.б. еңбектерінен де көреміз.

Етістік түрлерінің әрқайсысының беретін мағыналарына қарай жеті түрлі етіс пайда болғандығын көрсетеді. Осыған байланысты, Қ.Жұбанов өз еңбегінде түп негіздің етістері, салт етіс, сабақты етіс, туынды негіздің етістері атты терминдерді енгізе отырып, өздік етіс, ырықсыз етіс, өзгелік етіс, ортақ етіс мағыналарын жан-жақты ашып, етістің өсіңкі түріне тоқталады.

Қ.Жұбановтың анықтамасы бойынша: «Етіс дегеніміз мағына жағынан істеуші мен істелушінің арасында қандай қатынас барын көрсететін категория, мысалы: жүр-салт, мұның істелушісі жоқ, жаз-сабақты, мұның істелушісі табыс сөзбен аталған: мен (істеуші), хатты (істелуші), жаздым (іс); жу-ын-өздік, мұның істелушісі істелушінің өзі (жуындым - өзімді өзім жудым)», -деп айтылған [6, 383 б.].

Тілші-ғалым бұрынғы өзгелік етіс пен беделді етістің екеуін бір қосқандығын дәлелдей келіп, сағыс етіс, бұрынғы дүркінді етіс түрлерін грамматика көлемінен шығарып тастағанын айтады.

Ал түрколог маман А.С.Аманжолов етіс категориясының көне түркі жазба ескерткіштерде тарихи көрініс тапқандығы жайлы айтады.

Көне түрік ескерткіштерінде қазіргі қазақ тіліндегі барлық етістің түрлері кездеседі. Бұған көптеген түркітанушы ғалымдардың ғылыми-зерттеу еңбектері дәлел, соның ішіне, А.С.Аманжоловтың көне түркі ескерткіштеріндегі етіс жайлы зерттеулерін атап көрсетуге болады. Мәселен, етістердің барлық түрінен бөлек ырықсыз етіс туралы мәліметтерді қарастырсақ, ескерткіштер тілінде олар ерекше көрініс тапқан. Профессор А.С.Аманжоловтың «Көне түркі ескерткіштер тіліндегі етістіктердің меңгеруі» атты ғылыми еңбегінде *ырықсыз етіс* каузатив етіс сияқты қимыл-әрекеті грамматикалық объектімен тығыз байланыса жасалына отырып, грамматикалық субъектіге ауысуы арқылы болатындығын көрсетеді. Мұндай жағдайда ырықсыз етіске тек қана сабақты етістіктер ие бола алады. Осыған қоса, сабақты етістік салт етістікке айналып, ал логикалық (семантикалық) субъект, көбінесе ырықсыз етісте, іс иесі көрсетілмей, яғни ненің, немесе кімнің істегендігі аталмай, ненің істелгені (немесе істелетіні) көрсетіледі. Түркі тілдерінде етістіктің *каузатив формасы* әрқашан сабақты етістік мағынасында қолданылады деген анықтама бере, ырықсыз етістің мағынасын кең ашуға болады. Сонымен, істің кімнің істегендігі көрсетілмей, не істелгендігі көрсетілген етістіктің түрі ырықсыз етіс-дейміз, -деп тұжырым жасайды.

Сонымен қатар, ғалым А.С.Аманжоловтың еңбегінде бірқатар ырықсыз етіс жасайтын көне жұрнақтары берілген, мысалы:» -л// -ыл// -іл// -ул// -ұл

жұрнақтары дауысты (мұның өзі өте сирек) және дауыссыз дыбыстардан (олар - түбір л дыбыстарына аяқталғандардап басқа) кейде -н//-ык//-ін жұрнақтары арқылы сабақты етістіктен ғана жасалады», - деп айтады.

Жалпы алғанда, көне түркі ескерткіштерінде ырықсыз етіс өздік етіспен қатарласа қолланылып, одан ажыратылуы тек контекст арқылы болған. Осыған орай, еңбек авторының мынадай мысалдары бар: сын-«сындыру, сындырылды» (сы - «сыну»), қылын - «істеліну, істелінді» (қыл - істеу), тағы да басқа.

Автор ырықсыз етістің тым аз қолданылатын *-тук//-дуқ* аффикстерін атап, олардың ырықсыз етіспен қоса *ортақ*, *өздік етіс* болатындығын айқындайды, мәселен: *булдуқ-«табылды»*. А.С.Аманжоловтың айтуынша, көне түркі ескерткіштерінде туынды ырықсыз етісті етістіктер қолдануда тек қана грамматикалық толықтауышсыз, немесе логикалық субъектісіз кездесе береді.

Етіс категориясының тарихи даму сипаты жайлы құнды пікірді ғалым Р.Сыздықованың еңбектерінен де кездестіреміз. Ғалым қазақ әдеби тілінің дамуы жайлы зерттеуінің XV-XVII ғасырлардағы ауызша әдеби тілдің грамматикалық сипаты деген бөлімінде етіс жайлы:

«Етіс категориясының да морфологиялық көрінісі қазіргі қазақ тілі нормасынан көп алшақтамайды. Тек бірер жерде осы күнде *-қыз*, *-ғыз* жұрнағымен келетін етіс тұлғалары *-кер* қосымшасымен берілген:

Масағынан өткеріп,

Басын қолға жеткеріп

Созып тартар күн қайда!» /Доспамбет/.

Ал аталмыш еңбектің 18 ғасырдағы «Әдеби тілдің грамматикалық сипаты» деген бөлімінде: «18 ғасырда етістіктің етіс категориясын беруде өткен кездегіден және қазіргіден көп алшақтық жоқ», - деп анықтаған [8, 7 б.].

Ғалым атап көрсеткеніндей етістің қазіргі қазақ тіліндегі *-қыз*, *-ғыз* жұрнақтарының орнына жыраулар поэзиясында *-кер*, *-тір* етіс тұлғасы қолданылғанын көреміз.

Шыны аяқпен іштірген,

Жомарттығын өткерген

Қазақ тілінде етіс жөнінде жазылған еңбектердің қатарында тілші ғалым І.Кеңесбаевтың «Қазақ тілі» оқу құралын атауға болады. Бұл еңбекте С.Кеңесбаев етіс категориясы жөнінде қазақ тілінде сабақты, салт, ырықсыз, өздік, ортақ, өзгелік етістердің бар екендігін айтады. Ең тұрақтысы сабақты етіспен салт етіс деп, белгілей келе, өзгелерін осы етістер түрлерінің бірі деп айқындайды.

А.Қалыбаева (Хасенова) қазақ тіліндегі етіс категориясына арнайы ғылыми еңбек жазған.

Ғалым А.Қалыбаева (Хасенова): «Етістік деген тұтас ұғыммен оның түбірін айырып, ғылыми тұрғыдан шегін анықтап, дәлелдеп, жүйелі түрде көрсету үстінде бұлардан басқа да толып жатқан ерекшеліктер мен қиыншылықтар, даулы мәселелер мен қайшылықтар кездеседі. Соның бірі етістіктің- етіс категориясы. Бұл категория жөнінде қазақ, қарақалпақ, башқұрт, өзбек, түрікмен, әзірбайжан, қырғыз, т.б. түркі тілдерінде арнайы зерттелген

жеке еңбектер, мақалалар жарияланып, түркологтар бас қосып, айтыс, жиналыстар өткізіп, белгілі топшылаулармен ғылыми қорытындылар жасап, әрі қарай зерттеуді керек ететін даулы мәселелердің бетін ашып алды», -дей келе етіс категориясына жан-жақты тоқталады. Етіс түрлерін, ерекшелігі мен жасалуына мысалдар арқылы талдаулар жасап, орынды тұжырымдамалар береді [10, 1 б.]. Сондай-ақ, ғалым: «Ең алдымен етіс категориясының бөлінуі, сөз жасау және сөздерді түрлендіру категорияларына қатысы, сабақты және салт етістіктермен ауыс-түйісі, етістіктердің басқа да грамматикалық категорияларымен байланысы, сондай-ақ лексика мен грамматиканы, морфология мен синтаксисті жақындастырудағы ролі басшылыққа алынуы тиіс», -деп етіс табиғатын тануда атқарылар істер туралы айтады [10, 6 б.].

Зерттеуші тіл мамандарының етіс категориясы жайында айтылған пікірлеріне қысқаша шолу бере отырып, белгілі ғалым М.А.Қазем-бектің етістер жөніндегі пікірлерінен үзінділер келтіріп, одан мынадай қорытындылар шығарады. Біріншіден, «етіс» деген терминдік ұғымды дұрыс пайдаланбағандықтан, етістіктің болымсыз түрімен етісті ұштастырып қате айтқандығын, етістікке жататын атауларды «етіс» деп атамай, «етістік» деп бергендігін анықтайды [10, 8 б.].

А.Қалыбаева профессор М.А.Қазем-бектің еңбегінен соң, XIX ғасырдың екінші жартысынан XX ғасырдың басына дейін түркі тілдері жайлы жазылған бірнеше еңбектердің шыққандығын анықтай отырып, 1875 жылы Санкт-Петербургте басылып шыққан М.Терентьевтің «Грамматика турецкая, персидская, киргизская и узбекская» деген кітабына сыни сипаттама береді. Бұл еңбекте етіс категориясы туралы ешқандай жаңа мәліметтердің болмағанын айтып, автор «Алтай тілі грамматикасы» атты еңбегінде етістер «вид» деп берілгенін көрсетеді.

А.Қалыбаева-Хасенова етістіктің салт және сабақты, болып бөлінуін өз алдына күрделі мәселе екендігін белгілей отырып, етістің тиянақты дербес категория екендігін айтады. Бұл екеуінің бір-бірімен тығыз байланыста болатындығын көрсетеді, себебі етіс категориясы мен оның түр-түрге бөлінуін салт етістік пен сабақты етістіктің сөйлемде әртүрлі мағынада қолданылуынан пайда болатындығында жатыр деген пікір білдіреді [10, 15 б.].

Етісті қарастырғанда, профессор С.Аманжоловтың етіске берген анықтамасы жоғарыда аты аталған басқа авторлардың етіс категориясына деген көзқарастарынан өзгеше екендігін тілге тиек ете отырып, ғалым А.Қалыбаева С.Аманжоловтың мына тұжырымын құптайды: «кемі екі субъектінің қимылы қатыспаған етістік етіс қатарына қосылмайды. кейбіреулердің ойында жұрнақ жалғанған етістік түбірі түгелімен етіс болатын сияқты». Анығында ғалым С.Аманжолов етісті: өзгелік, ырықсыз және ортақ деп үш түрге бөледі де, етіс категориясына енетін өздік етіс пен етістіктің өсіңкі, дүркінді сияқты «вид» мағынасы бар түрлерін рай категориясына жатқызады.

А.Қалыбаева-Хасенова «етіс категориясын мүмкінділігінше әр жақтан зерттеу қажет, етіс категориясын етістіктің тұлғалық ерекшеліктерінің негізгі бір саласы екендігін айқындап, жүйеге салумен ғана тынбай, оның беретін

мағынасы мен сөйлемде атқаратын қызметінің ерекшеліктеріне де кеңінен тоқтау керек»,-деген қорытынды жасайды.

Сонымен, А.Қалыбаеваның айтуы бойынша, етістік субъектінің қимылын, амалын, не күйін көрсету арқылы сабақты, немесе салт етістіктер тобына жатады-бұл етістіктің мағыналық қасиеті, ал сөйлемнің баяндауышы болып тұрғанда, белгілі жақ, шақ, рай және етіс категорияларында тұруы, оның негізгі морфологиялық ерекшеліктері болып есептелуімен бірге, синтаксистік қасиеті болып та саналады.

Етіс категориясын тарихи тұрғыдан зерттеген белгілі ғалымдардың бірі-М.Томанов. Ғалым М.Қашқари сөздігінен етіске қатысты деректемелерді жинақтай отырып, «етіс категориясының арнаулы аффикстермен берілуі түркі тілдері тарихында әсте жаңа құбылыс емес. Қазіргі тіл құрамындағы етіс қосымшаларының барлығы дерлік V-VIII ғасыр ескерткіштерінен бастап қолданылады» деген [3, 250 б.].

1954 жылғы «Қазіргі қазақ тілі» оқулығына сүйенетін болсақ, мұнда етіс мағынасы мен тұлғасына қарай төртке бөлінген және де ол-түбір етістіктен туатын грамматикалық форма деп көрсетілген.

Оқулық бетінде етістің төрт түріне толық анықтамалық сипаттама берілумен бірге сабақты етістіктің салт етістікке айналуы етіс категориясымен байланыса көрсетіледі.

Сонымен, қазақ тіліндегі өздік, ырықсыз және өзгелік етіс жұрнақтарының басты қызметі сабақты етістікті салт етістікке, салт етістікті сабақты етістікке айналдыру болып саналатындығы баса айтылады [12, 295 б.].

1967 жылы шыққан «Қазақ тілінің грамматикасында» «Етістер» бөлімінде етіске берген анықтамада: «Қазақ тіліндегі етістер де басқа түркі тілдеріндегідей өз алдына жеке бөліп қарауға келетін дербес грамматикалық категория болып танылады. Іс-әрекетпен субъекті және объекті арасындағы қарым-қатынасты білдіретін бұл категория етістіктің басқа категорияларынан өзінің мағыналық және тұлғалық өзгешеліктері, сондай-ақ, синтаксистік қызметтері жағынан ерекшеленеді [13, 168 б.].

«Етіс-етістіктің ерекше категориясы. Әдетте етіс қимыл, іс-әрекеттің, субъекті мен объекті арасындағы (семантикалық-синтаксистік сипаты) әр түрлі қатынасты білдіріп, белгілі қосымшалар жүйесі арқылы жасалатын етістік категориясы деп анықталады» [14, 507 б.], деп көрсетілген.

Қазақ тілі грамматикаларының авторлары, әсіресе, етіс жұрнақтарының бір түбірде қабаттасып келуі жөніндегі дұрыс пікірлердің жоқтығын баса айтып, түркі тілдерінің, соның ішінде, қазақ тілінің, етіс категориясын сөз еткенде, оның негізгі морфологиялық белгілерін көрсетумен қатар, «етіс» терминін дұрыс қолдана отырып, етісті:

1. өздік етіс;
2. ырықсыз етіс;
3. ортақ етіс;
4. өзгелік етіс

деп, төрт түрге бөліп қараған.

Н.Оралбаеваның пікірінше: «Етіс-етістіктің бір категориясы, оның көрсеткіштері сөзге басқа категориялардың көрсеткіштерінен бұрын жалғанады, яғни аналитикалық форманттардың бәрі де етістікке етіс жұрнақтарынан кейін ғана тіркеседі» [15, 121 б.].

Тілші-ғалымдар Ш.Бектұров пен М.Серғалиев етіс жайлы төмендегідей өзіндік ойларын көрсетеді: «Сөйтіп, етістіктің істеушіге (субъектіге) және істелетін затқа (объектіге) қатынасына байланысты мағыналық және тұлғалық жақтан құбылуын етіс дейміз» [16, 110-111 б.].

Қазіргі кездегі жоғары оқу орындарына арналған «Қазақ тілі» анықтамалығында: «Етіс-қимылдың, іс-әрекеттің орындаушыға, қимыл иесі мен тура істелетін іске қатысым білдіру үшін етістіктен етістік тудыратын жұрнақтар арқылы жасалатын етістіктің түрі. Яғни етістіктен етістік тудыратын жұрнақтардың жүйесі етістер я етіс категориясы деп аталады» [17, 49 б.] деген мәліметті келтіруге болады.

Бұл оқулықта етістер жұрнақтарының түрлеріне қарай бес түрге бөлінеді.

Негізінен, келтірілген анықтамалық деректемелерінен етіс етістіктің категориясы бола тұра, іс-әрекетпен субъекті және объекті арасындағы қарым-қатынасты білдіретіндігімен етістіктің басқа категорияларынан ерекшеленеді.

Етістің зерттелуі жайлы ғылыми еңбектерді саралай келе, бірқатар ғылыми мақалаларда етіс категориясының жасалуы жайлы ойлар айтылғандығын көреміз. Мысалы, Ж.Көпбаева «Йасауи хикметтеріндегі етіс жұрнақтарының қолданылуы» атты зерттеуінде «ырықсыз етіс қимылдың еріксіз, кейде күш жұмсау арқылы (біреудің ықпалы арқылы), кейде күш жұмсалмай өздігінен орындалатындығын, қимыл-әрекетті орындаушы оның бастауышы ретінде таныла алмайтындығын білдіретін етістікке жалғанатын аффикс», -дей келе еңбектен мысалдар келтіріп, «езулік етіс тұлғасына қарағанда еріндік етіс -ұл, -ұл тұлғалары жиі қолданылатыны байқалады. Жалпы зерттеу барысында байқағанымыз, етістік түбірінің алғашқы буыны езулік бола тұра аффикстер жалғауда еріндік буындарды көбірек қолданылатыны орта ғасыр ескерткіштерінің ішіндегі Йасауи хикметтерінің тіліне тән. Мысалы, *айғұм келәр, телмұртұру, т.б*», -деп тұжырым жасайды. Сонымен қатар зерттеуші Йасауи хикметтерінің тілінен етіс жұрнақтары жалғану барысында ерін үндестігі сақталмаған жағдайлар да кездесетіндігін төмендегі мысалдар арқылы көрсетеді: «*Бұ тән 'ақбасыдын айрұлмышда). Мухиб құллар махбубына айрылұрлар, 'ашиқ халқы дунийасыдын тайрылұрлар*».

Зерттеу барысында «ырықсыз етістің -ыл, -іл, -ұл, -ұл тұлғаларынан өзге түрлері» кездеспегендігін анықтайды.

Аталмыш мақалада Ж.Көпбаева Йасауи хикметтеріндегі ортақ етістің жасалу жолдары мен мағыналық ерекшеліктеріне де тоқталады. «Ортақ етіс қатысушы субъектілер немесе объектілердің іс-қимылдарының ортақтығы мына хикметтерден айқын көрінеді: *Адам және шайтан: Ләшкәр түзәб шайтан бірлә мән ұрұштұ. Нәфс шайтан хайлы бірлә көб ұрұштұм. Жарандар: Халқы 'аләм*

һәммасы Мансур деб фәриад қылды, Мансурны йаранлары қалды анда йығлашыб. Молдалар: Бикәнә деб муллалар Мансурны өлдүрділәр, Кәфир деб күйдүрділәр үч йүз мулла талашыб Тәубә қылғыл йа Ахмәд хақдын болды 'инайат Йүз мың аулийа өтті сирры (сиргә ұлашыб)».-деп мысалдар арқылы дәйектейді.

Йасауи хикметтерінде етіс категорияларының түбірге сіңісіп, етістік тудырған жағдайлары кездесетіндігін зерттеу барысында ашады. Йасауи хикметтеріндегі өзгелік етістің жасалу жолдары мен мағыналық ерекшеліктері жайлы қарастыра отырып, «орта ғасыр ескерткіштеріне жататын Йасауи хикметтерінде -үр, -ғыз, -гіз, -кер, -дүр, -дүр, -т тұлғалары кездеседі», -деп тұжырымдайды. Ескерткіштер тілінде етіс жұрнақтарының түрлі қызметі жайлы сөздіктерде де айтылатындығын ескертеді «бұл етіс жұрнақтарының көне түркі тілі сөздігінде *тиргүз, тиргүр, тиргүд* тұлғаларында кездеседі», -деген ой өрбітеді. **Йасауи хикметтеріндегі өздік етістің жасалу жолдары мен мағыналық ерекшеліктерін қарастыра келе** «түркі тілдерінде өздік етістің жұрнағы біреу ғана және түрлі фонетикалық варианттары болған» және «Йасауи хикметтерінде етіс түрлерінің барлық түрлері де кездеседі. Сонымен қатар **-т** жұрнағы өзгелік етіс жұрнағы болса да мәтін ыңғайында өздік етіс мағынасын беретіндігі Йасауи хикметтерінен байқалды», -деп қорытындылар жасайды.

Йасауи хикметтерінде синонимдес етіс жұрнақтары қарастырылады. «-кер етіс жұрнағы жалғанған етістіктер: -ғыз, -гіз-бен сәйкес келіп тұр», -дейді Ж.Көпбаева. Қазіргі тілімізде етіс жұрнақтары бірінің үстіне бірі жалғана береді. «Мысалы, *ұйымдастыртты, жасатқыздырды, өткіздірді* т.б. Ал орта ғасыр ескерткіштері тілінде етіс жұрнақтарының бірінің үстіне бірі жалғану деректері сирек кездесті. Тіпті бірді-екілі хикметтерде болмаса, аса көп кездесе қойған жоқ», -дей келе қатар келген етіс жұрнақтары жалғанған етістіктерге мысал айтады: *Йолын таныб ерәнләрға қошұлұшты* (ыл-ырықсыз етіс, ыс-ортақ етіс).

Ескерткіш тілін қарастыра отырып зерттеуші қазіргі қазақ тілінде *көрсет* тілдік бірлігінің морфологиялық құрамы Йасауи хикметтерінде *көрмәгіз* түрінде берілгендігін, өзгелік етістің де **-ғыз, -гіз** тұлғасы кездесетіндігін, бірақ олардың қайсысы ырықсыз етіс, қайсысы өзгелік етіс екенін синонимдес қосымшаларды бірінің орнына бірін жалғау арқылы ғана анықтауға болатындығын айтады. Төмендегі мысал арқылы ойын дәлелдейді: «*көрмәгіз–көрсетпе*. Мұнда тіліміздегі болымсыз етістіктің түбірге кіріге алу мүмкіндігі көрініп тұр. *Көрмәгіз* етістігін *көрмә-дүр* деп ауыстыруға келмейді. Сол секілді *кіргіз–кір-дүр, тіргүз–тір-дүр* деуге келмейді. Есесіне *тіргүзділәр-ді–тіріл(т)діләр* деп ауыстыруға болады», -дейді зерттеуші Ж.Көпбаева. Көзбен шолып қарағанға етіс жұрнақтары оңай болғанмен, ескерткіштер тілінен оларды табу қиын әрі мағыналарын дөп басып айту одан да қиын екендігін мысалдар арқылы дәлелдейді.

1.1 Етістің лексика-грамматикалық сипаты

Ғылыми жұмыстың мақсатына сай, етістің лексика-грамматикалық табиғатын ашуда етістердің барлық түрлерін қарастырып, оның морфологиялық, сөйлемдегі синтаксистік қызметіне ерекше тоқтау-етіске қатысты зерттеудің дұрыс ұстанымы.

Етіс категориясы сандық жағынан да біркелкі пікірге келген емес. Егер тілші-ғалым А.Байтұрсынұлы етістің он түрін, С.Аманжолов етістің үш түрін, А.Ысқақов бес түрін, Н.Сауранбаев пен Ғ.Беғалиев–сегіз түрін көрсетсе, ғалымдар А.Қалыбаева–бес түрін, Ы.Маманов–төрт түрін, қазіргі заманның ғалымы А.С.Аманжолов етістің төрт түрін ғылыми еңбектерінде белгілейді. Бұл келтірілген жайт–етістің күрделілігін айқындай түседі.

С.Аманжоловтың «қазақ тіліндегі етіс-өз алдына белгілі мағыналық ерекшелігі мен тұлғалық көрсеткіштері бар, қалыптасқан синтаксистік категория, солай болса, басқа сөздермен қарым-қатынасқа түсетін ерекше қасиеті бар», -деген тұжырымын басшылыққа аламыз.

С.Аманжолов ең алдымен. қазақ тілінде етістіктердің етіс жұрнақтары, негізінде, үшеу екенін көрсетеді.

Олар: өзгелік етіс жұрнақтары, ырықсыз етіс жұрнақтары, ортақ етіс жұрнақтары.

Сонымен қатар, автор етіс жұрнақтарының әрқайсысына толық тоқтала отырып, оларға мынадай сипаттама жасап, анықтама береді:

1) **Өзгелік етіс жұрнақтарының өзі үш түрлі:**

- 1) -қыз, -ғыз, -кіз, -гіз;
- 2) -лыр, -дір, -тыр, -тір және
- 3) -т;

2) **Ырықсыз етіс жұрнақтары**

Бұлар қазақ тілінде екі түрлі:

- 1) -л, -ыл, -іл;
- 2) -н, -ын, -ін.

3) **Ортақ етіс жұрнағы**

- 1) -с, -ыс, -іс.

Автордың айтуынша, біріншісі етістік түбіріне жалғанса, іліктен басқа септік жалғаулы (жатыс жалғауының меңгерілуі бәрінен әлсіз) сөздердің бәрін меңгере алады. Осыған дәлел ретінде ғалым М.Әуезовтің «Абай жолы» шығармасынан бір сөйлем келтіріп көрсетеді: «Бұны қаладан алып қайтқалы барған ағайыны Байтасты да таң атар-атпаста өзі оятып тұрғызып еді».

Сөйлемдегі: «оятып тұрғызып еді» күрделі етістікті шығарып қарасақ, мұнда өзгелік етіс қимылдың іс-әрекетін сөйлемдегі іс иесі, яғни субъектінің өзі емес, екінші бір басқа субъект, қимылды орындаушысының қатысуымен істелінетінін білдіріп, белгілі жұрнақтар арқылы (бұл сөйлемде -ғыз жұрнағы) жасап тұр. Екіншісі (-дыр, -дір жұрнағы) туралы С.Аманжолов былай дейді: «Етістіктің түбіріне жалғанып тұрса, өз алдындағы табыс, барыс, жатыс, шығыс, көмектес жалғаулы сөздерді керек қылады» [19, 50 б.].

Етістіктің жұрнағына арнайы, С.Аманжолов мынадай сипаттама беріп: «кейде -т жұрнағы -қыз+-дыр жұрнақтарының үстіне, кейде бір ғана -дыр жұрнағының үстіне қабаттасып жалғасады, ал кейде -тыр, -қыз+-дыр жұрнақтарының өзі -т жұрнағынан кейін келеді» [19, 50 б.], -деп өзгелік жұрнағының бірнешеуі қабаттасқанда, ең соңғының мағынасы басым болатындығын нақтылай көрсетеді. Осыған байланысты, барлық -қыз(-кіз) жұрнағы қосылған етістік өзгелік етіс бола алмайды, деген ойын мысалдар арқылы дәлелдейді.

Келесі ырықсыз етіс жұрнақтарын сөз еткенде, ғылыми зерттеуінде олар қазақ тілінде екі түрлі екенін айқындайды:

- 1) -л, -ыл, -іл;
- 2) -и, -ын, -ін.

Ырықсыз етістің ерекшелігін сипаттай келе, С.Аманжолов «ырықсыз етістің жұрнағы етістіктің бұйрық райына жалғанып, барыс, шығыс, жатыс, көмектес жалғаулы сөздерді меңгереді» [19, 50 б.], -дейді.

Сонымен ғалым еңбегіне негізге ала отырып ырықсыз етістің қасиетін айқындауда мынадай ерекшеліктеріне сүйенуге тиіспіз: Іс-әрекетің атқарушысы, қимыл иесі, арнайы айтылмай, қимыл өздігінен істелетіндігі көрінеді де, -л, -ыл, -іл түбірдің ішінде -л дыбысы болса, -н, -ын, -ін жұрнақтары арқылы жасалады. Сонда ғана ырықсыз екендігін анықтаймыз.

Еңбегіндегі ортақ етіс табиғатына үңілсек, ғалым ортақ етіс жұрнағын біртүрлі -ыс, -іс, -с деп белгілей келе, «бұлар етістік түбіріне жалғанып, табыс, барыс, шығыс, жатыс, көмектес жалғауларды керек қылады» [19, 51 б.], -деген анықтама бергеніне көз жеткіземіз. Зерттеуші бірнеше мысалдар арқылы ортақ етіске тән ерекшеліктерін көрсетеді.

Сонымен, қазақ тіліндегі етіс-грамматикалық құрылысы әбден қалыптасқан, қызметі мен мағынасына сай, белгілі тұлғасы бар, етістіктің синтаксистік категориясының бірі дейміз және А.Ысқақов, А.Қалыбаева, Н.Оралбаева т.б. ғалымдар пікірлеріне сүйене отырып, етіс категориясының лексика-грамматикалық сипаты ерекше деуге болады.

Ғалым А.Ысқақов «Қазіргі қазақ тілі» атты зерттеуінде етістердің етістіктің өзге категорияларынан ерекшеленіп тұратын сипаттарын санамалап көрсетеді, анықтама береді. Сонымен қатар ғалым: «етіс категориясы деп амалдың «істің субъекті мен объектіге қатысын, сондай-ақ керісінше, субъекті мен объектінің амалға іске қатысын білдіретін формалардың жүйесін айтамыз. Бұл формаларда сөз тудыру қабілеті де, сөйлемдегі сөздердің синтаксистік құрылысын өзгерту қабілеті де болады. Етіс жұрнақтары түбір етістіктерге де, арнаулы жұрнақтар арқылы жасалған туынды етістіктерге де, күрделі етістіктердің түр-түрлеріне де керегінше жалғана береді. Етістер жұрнақтардың түрлеріне қарай, төмендегі бес түрге бөлінеді:

- 1) негізгі етіс,
- 2) ортақ етіс,
- 3) өзгелік етіс,
- 4) ырықсыз етіс,

5) «өздік етіс»,-деп етісті бес түрге бөледі.

Осыған қарағанда қазақ тіліндегі етіс категориясын топтау мен сандық жағынан анықтау әлі де толық зерттеуді қажет етеді деп ойлаймыз.

Ғалым А.Ысқақов әрбір етіс түріне сипаттама беріп, лексика-грамматикалық табиғатын анықтауға негіздеме береді.

1) Негізгі етістің арнаулы көрсеткіші болмайды. Оған әрбір түбір я туынды етістіктердің де, күрделі етістіктердің де негіздері жатады. Әдетте, етістік негіздерінің субъекті мен объектіге қатысы я субъекті мен объектінің етістік негізіне (амалға) қатысы сол негіздің бастапқы лексикалық семантикасына қарай анықталатындықтан, оның семантикалық ерекшелігі, грамматикалық (синтаксистік) қызметі туралы да арнайы сипаттама беру қажет болмайды, өйткені тілдегі әрбір етістік негізі өзіне лайықты формалары мен функцияларына жұмсала береді (*олар оқыды; біз келдік; тақтайды шегелеп қойдық т.б.*). Сөйтіп, негізгі етіс деп өзге етіст формаларына таяныш – негіз болатын, солардың түрлерін, мағыналарын, қызметтерін салыстырып айқындайтын форманы айтамыз (*бар, кел, сөйле, шөлде, қарайла, ән сал, түсініп ал, т.б.*).

2) Ортақ етіс-с, -ыс, -іс жұрнағы арқылы негізгі етіс формаларынан (етістік негізінен) жасалады. Бұл жұрнақ негізгі етістікке амалды (істі) кемі екі я онан да аса субъекті қатысып жүзеге асыратындықты білдіретін мән үстейді, демек бірнеше субъектінің қатысы арқылы жүзеге асатын амалды білдіреді. Мысалы: айтыс, әкеліс, апарыс, артыс, өкіріс, келіс, тарас., т.б.

3) Өзгелік етіс -т, -тыр, -тір, -дыр, -дір, -қыз, -кіз, -гіз, -ғыз жұрнақтары арқылы және сол жұрнақтардың қабаттаса жалғануы арқылы негізгі етіс (етістік негізі) формасынан жасалады. Бұл жұрнақтар етістік негізінің мағынасына амалды (істі) басқа бір бөгде адам (субъекті) арқылы істелуін білдіретіндей мән үстейді. Әр жұрнақтың жалғану нұсқалары мынадай:

а) –т жұрнағы көбінесе дауысты я сонор дыбысқа бітетін негіздерге жалғанады;

ә) –тыр (-тір, -дыр, -дір) жұрнағы көбінесе қатаң я сонор дыбысқа біткен етістік енгіздеріне жалғанады;

б) –қыз (-кіз, -ғыз, -гіз) жұрнағы дауыссыз дыбысқа біткен етістік негіздеріне жалғанады,

в) –т, -тыр, -ғыз жұрнақтарының бірінен соң бірі қабаттасып келеді де, әрқайсысы өзінше тиісті үстем мағына жасайды.

4) Ырықсыз етіс –ыл, -іл, -л жұрнағы арқылы және етістік негізінде л дыбысы болса, -ын, -ін, -н жұрнақтары арқылы жасалады. Бұл жұрнақ етістік негізінің мағынасына амал ырықсыз (өздігінен) істелгендей мән жамайды, үстейді, бірақ ол формада амалды кім істегені, яғни субъектісі көрінбейді де, көбінесе логикалық объект ретінде қызмет етеді. Мысал: *қой қамалды, үй жиналды, жіп үзілді, түйін шешілді, киім тазалағды, үй майланды, хабар алынды, т.б.*

Ескерту: Өнімсіз болса да, жалаң жұрнақтардан құралған күрделі –*лын, (-лін), -ныл (-ніл)* формалары ырықсыз қосымшалары есебінде қызмет етеді. Мысалы: *алма же-лін-ді, жоқ ізде-лін-ді, ат байла-ныл-ды(байланды) т.б.*

5) Өздік етіс–*ын (-ін, -н)* жұрнағы етістік негізіне жалғану арқылы жасалады. Бұл жұрнақ етістік негізіне амалдың (істің) шарпуы я нәтижесі оны жасаушы субъектінің өзіне тиетіні білдіретіндей мән жамайды. Мысалы: *тара-н, жу-ын, ора-н, ки-ін, сұра-н, ойла-н* т.б.

Қазіргі қазақ тілінде етіс жан-жақты зерттелген. Қазіргі қазақ тілін кеңінен қарастырған ғалымдар Н.Оралбаева, Ғ.Мадина, А.Әбілқаев етіске қатысты мынадай анықтама береді: «Қимылдың объекті мен субъектіге қатысын білдіретін етістіктің түрін етіс дейміз» [21, 9 б.].

Сонымен, қазіргі қазақ тілінде етістің төрт түрі анықталған:

1. өздік етіс;
2. ырықсыз етіс;
3. өзгелік етіс;
4. ортақ етіс.

Етістіктерге етістердің жалғану заңдылығы жоқ.

Кейбір сирек кездесетін етістіктер осы етістердің барлық бес түрін де қабылдайды:

1. *ол онан жөн сұрады;*
2. *олар бір-бірінен жөн сұрасты;*
3. *ол онан жөн сұратты;*
4. *онан жөн сұралды;*
5. *ол өзі сұраңды*

Ал кейбір етістіктер барлық бес етіс жұрнақтарымен қолданыла бермейді. Біршама етістіктер өздік етісті қабылдамайды. Оларға *бару, оқу, қыдыру, өзгерту* тағы басқа көптеген етістіктерді жатқызуға болады. Олардың нақты тізімі жоқ, зерттелмеген.

Мына етістіктер ортақ етісті қабылдамайды: *кебу, көлгірсу, өксу, өлу, ұмыту, кешігу* т.б.

Өзгелік етістің үш түрі бар:

- 1.–дыр/дір, -тыр/тір
- 2.–т
- 3.–ғыз/гіз, қыз/кіз

Өзгелік етістің осы үш түрі етістіктердің бәріне сөз талғамай жалғана бермейді. Кейбір етістіктерге тек «*дыр/дір, тыр/тір*» өзгелік етісі ғана жалғанатын болса (*ұмыттыр, кешіктір*), кейбір етістіктерге тек «*ғыз/гіз, қыз/кіз*» етістері ғана жалғанады (*жегіз, барғыз, кіргіз*), ал «*–т*» етісі кейде етістікке жалғыз өзі жалғанып қолданылса (*қарат, өртет*), кейде қалған екі өзгелік етіс жұрнақтарын дауысты дыбысқа аяқталатын етістікке жалғау үшін дәнекер ретінде қолданылады (*сөйлеттір, оқыттыр*).

Мына сөздерге өзгелік етіс жалғанған кезде, етіс жұрнағының алғашқы «*т*» әрпі түсіп қалады: *бітір, кетір*.

Ырықсыз етісті қабылдамайтын етістер де бар: *айналу, жазылу, ақсау, шаршау т.б.*

Кейбір етістіктер бір сәтте бірнеше етіс жұрнағын қатарынан қабылдайды. Бұл құбылыс барлық етістіктерге тән емес және осы етістіктерге етістердің жалғану реті туралы заңдылық жоқ. Бұған мысал ретінде мынадай етістіктерді атауға болады:

Байлау – байла+н+ыс+тыр+у

Жалғау – жалға+с+тыр+у

Сәулеттеу – сәулетте+н+дір+у

Қыру – қыр+ыл+ыс+у

Жоғарыда аталғандардан етіс категориясының қазақ тілінде әлі толықтай зерттелмегенін көріп отырмыз. Әр етістің етістіктерге жалғану заңдылықтарын, статистикасын, жиілігін зерттеу ұзақ уақыт пен қажырлы еңбекті қажет етеді.

Етіс аффикстерінің бірнешеуінің тізбектелін қатар қосылуы және олардың мағыналары төмендегідей көрініс табады: етіс аффикстерінің бір түбірге біреу ғана емес, әлде нешеу болып қосылуы түркі тілдердің етістіктеріне тән ерекшелік.

Бір түбірде етіс аффикстерінің бірнешеуінің күрделеніп, қатар тізбектеліп қолданылуын мысалдар арқылы саралап көрсек. Етіс аффикстерінің бұлай күрделенуі, біріншіден, сөйлемнің жалпы мазмұнымен байланысты пайда болса, екіншіден, етіс аффикстерінің алғашқыларының етіс мағынасында емес, лексемалық мән беріп кетуінің салдарынан ол түбірге етістің екінші бір аффиксін қосып айта беруге келетін сияқты. Сондықтан да тізбектеліп келген етіс аффикстерінің, негізінде, ең соңындағысы ғана толық етіс мағынасында жұмсалады, сөйлем құрылысы соған сәйкес құрылады. Ол аффикстен бұрыңғыларының сөйлем мүшелерімен тікелей байланысу қасиеті жойылып лексемалық мағыналарда қолданылғанмен кейбір жағдайларда етіс мағыналары сақталады. Бұл жағдай айқынырақ болуы үшін, тізбектеле қосылған етіс аффикстерінің жасалуы мен мағыналарын жеке өз алдына сөз етуге тура келеді.

I. Өзгелік етіс тек сабақты етістіктерден көрінеді. Өзгелік етіс аффиксі қосылу арқылы салт етістіктен сабақтыға айналған түбірлерге-ыл/іл аффиксі қосылып, ырықсыз етіс болып қолданылады. Сондықтан өздік етіс о бастағы мағынасы сабақты болған етістіктерді өздік етіс аффиксімен түрлендіріп, өздік етіс мағынасында бір-ақ рет жұмсалады. Осы өздік етіс мағынасындағы етістіктердің үстіне өзгелік етіс, ортақ етіс және ырықсыз етіс аффикстері қосыла алады. Тұрған орнына қаран реттеп көрсеткенде, түбірден соңғы бірінші орында өздік етіс, екінші орында не өзгелік етіс, не ортақ етіс аффикстері, ен соңында ырықсыз етіс аффиксі жалғанады.

Мысалы: жу + ын + дыр + т, ки + ін + дір + іл, бөл + ін + іс, т.б.

Өздік етіс аффиксінің үстіне өзгелік етістің -дыр. (-дір) аффиксі қосылып, ол түбір, негізінде, өзгелік етіс болып жұмсалады. Өздік етістің объекті-субъектілік мағынасын беретін бастауышы мұндай сөйлемдерде табыс септігіндегі тура толықтауыш арқылы беріліп, объектіге айналады. Мысалы:

Сапырылған көк теңіз,

Шомылдырып кемерін (Жамбыл).

Өздік етістен соң өзгелік етістің бір немесе екі affиксі қатар қосылып қолданылуы да мүмкін. Мұндай жағдайда ол сөйлемнің мағынасы мен құрылысы сабақты етістіктен жасалған өзгелік етіс сияқты болады. Былайша айтқанда, сөйлемде бастауыш пен тура толықтауыштан басқа барыс септіктегі жанама толықтауыш та беріледі, соңғысы қимыл иесі болады. Мысалы: Ол баласын маған киіндіртті.

Өздік етістен соң ортақ етістің affиксі қосылғанда, негізінде екі етістің де мағынасы сақталып, сөйлем құрылысы ортақ етіс мағынасына сай болады. Мысалы: *«Ас бере отырып, бойлары үйреніскен сайын шеше, жеңгелері баладан: -сағындың ба?... деп сұрады»* (М.Әуезов).

II. Етістік түбіріне қосылған өзгелік етіс affикстерінің үстіне ортақ етіс пен өзгелік етіс affикстері жалғана береді. Бір түбірде өзгелік етістің екі не одан да артық affикстерін қатар қосуға болады.

Олардың мағыналары:

1) Өзгелік етіс affикстерінің барлық түрінен соң ырықсыз етіс affиксі-ыл, (-іл) қосылып, өзгелік етістегі объекті бастауыш болып беріледі де, сөйлемнің құрылысы мен мазмұны ырықсыз етіс мағынасына сай жасалады. Мысалы: *«Бозжановтың қарамағына бір взвод және бес зеңбірек қалдырылды»*. (Мәлік).

2) Өзгелік етіс affикстерінен соң ортақ етіс affиксі-ыс (іс) қосылып, көбінесе, ортақ етіс немесе субъектінің көптігі көрсететін мағынада жұмсалады. Өзгелік етіс мағынасы мен ортақ етіс мағынасы үйлесіп, негізінде, ортақ етіс мағынасында жұмсалады. Мысалы:

Ортақ етіс мағынасында:

Қарлығаға қосылып,

Жібектей болып есіліп,

Қарлыға менен Қобланды Аударыспақ ойнайды (Қобланды б.).

Көптік мағынада:

«Мекен ердің осы», -деп,

Шошайтысты қолдарын (Жамбыл).

3) Өзгелік етісте тұрған түбірге өзгеліктің екінші кейде үшінші affикстері қалай болса, солай қосыла бермейді, олар ауысып орын талғап жалғанады.

Сөйлем құрылысы мен мағыналары тең болу үшін, сабақты етістіктерге қарағанда, салт етістіктерге өзгелік етістің бір affиксі артық жалғануы керек. Мысалы:

«Осының артынан екі жеңге ақырын күлісіп, Абай мен Ділдәнің алдына қарсы отырып, екеуінің де оң қолдарын алып, біріне-бірін ұстаттырды» (М.Әуезов).

Етістік түбіріне қосылған-ыс/іс/с affикстерінен соң өзгелік етіс пен ырықсыз етіс affикстері тізбектеліп қолданыла алады.

Етістік түбіріндегі-ыс/іс/с affикстерінің үстіне өзгелік етіс affиксі қосылып, -ыстыр, (-істір), -стыр, (-стір)күрделі affикстермен

қолданылған етістіктер сөйлемде тұрып бірнеше мағынада жұмсалады:

1) Ортақ етіс пен өзгелік етіс мағыналары бірдей сақталып, сөйлем құрылысы мен мағынасы жағынан негізінде өзгелік етіс болады. Мысалы: *«Ел мен елді ақылдастырамыз» (М. Әуезов).*

2) Соңғы дауысты дыбысқа біткен сабақты етістіктердің көбіне жалғанған күрделі аффикс -стыр/-стір/ көптік және өзгелік етіс мағынасында жұмсалады. Мұндай жағдайда, көбінесе, сөйлемнің толықтауышы болып тұрған сездер көптік мағынада жұмсалады.

Мысалы: *«Керуеншілердің аттарын қыс аязынан аман сақтау үшін, шал күз басынан жаңағы бастырманың жанынан жас аршадан қаластырып, үлкен қора істеген» .*

Осы стыр/стір/ аффиксі қосылған түбірлердің бірсыпыралары етіс мағынасында айтылмауы да мүмкін. Мұндай жағдайда бұл аффикстер ұзаққа созылып, тез біте қоймаған қимылдардың түрін көрсетеді. Мысалы: *«Сол кітапты қарастыра жүріңіз».*

Егер, етістік түбіріндегі -с етіс аффиксі болмай, жаңа сөз тұдыратын лексема болса, ондай түбір тек өзгелік етіс мағынасында жұмсалады. Мысалы: *«Қонақ асыға әрқашан мырза аталған Сүйіндік үйі бүгін де етті келістіре асқан екен» (М. Әуезов).*

Етістік түбіріндегі ырықсыз етістің -ыл/іл/л аффиксінен соң өзі иелік етіс, ортақ етіс және ырықсыз етістің сөз аффиксі -ын/ін/ қосылып, тізбектеліп қолданыла алады

Түбірге ырықсыз етістің екі аффиксі қатар жалғанғанмен, ырықсыз етіс мағынасында жұмсалады. «Же», «де» деген бір буынды етістіктер осы екі аффикстің қатар қосылуы арқылы ғана ырықсыз етісте қолданылады. Мысалы: *«Аздан соң ет желінді» (М. Әуезов).* Осы «же», «де» деген етістіктерге алдымен көсемше аффиксінің үстіне ырықсыз етістің - іл аффиксін қосып, ырықсыз етіс мағынасында қолдануға да болатын сияқты. Сонда, «ет желініп болды» деп айтуға да келетін сияқты.

Ырықсыз етіс аффиксінен соң өзгелік етістің -дыр, (-дір) және –та аффикстерінің бірі жалғанса, ырықсыз етістің де, өзгелік етістің де мағынасы сақталып, сөйлем құрылысымен мағынасы сабақты етістікке айналады. Мысалы: *«Ел сүйген, еніреп туған ерді мақтап, Тынысын дұшпанымның тарылтқанмын» (Жамбыл).*

Етіс категориясы етістік сөз табының морфологиялық ерекшеліктерінің негізгі бір келелі саласы болумен бірге, оның мағынасын және сөйлемдегі қызметін көрсететін қалыптасқан грамматикалық категориясы болып саналады.

Сонымен, қазақ тіліндегі етіс категориясының грамматикалық ерекшеліктерін айта отырып, төмендегідей қорытындыға келуге болады:

Қазақ тіліндегі етіс категориясы-етістіктің күрделі категорияларының бірі және түркі тілдерін зерттеу барысында етіс көне категориялардың бірі болып есептеледі.

Көптеген шетел тілдерінде етістің өзіндік көрсеткіштері бар: бір жағынан, етістің түрін білдіретін жұрнақтар болса, екінші жағынан, олардың

модальдік ерекшеліктерін көрсетеді. Қазақ мен орыс тілдеріндегі ырықсыз етісті салыстырғанда, бұл тілдерде ырықсыз етістің мағыналық ерекшеліктері бірдей, қимыл-әрекеттің иегері жоқ, әрекет тек қана объектіге бағытталған. Бірнеше еуропа тілдерін қарастыру нәтижесінде келесі тұжырымдамаларды айтуға болады: біріншіден, етіс категориясын сөз еткенде, бұл категория құрамына модальдік форма түрін ендіру керекті, себебі оларды есепке алмай, етісті сипаттау қиындыққа түседі; екінші жағынан, етістің типологиялық зерттеуі бұның басқа шетел құрылымдық тілдер жақтарынан әсер тигізуі оңайға түсетін морфологиялық категория екендігін дәлелдейді.

Етіс көне категориялардың бірі болғандықтан, оның түп бастауын көне түркі ескерткіштерден іздей келе, қазіргі заманның ағысына сай, лексика-грамматикалық табиғатын ашуды қажет етеді.

Етіс тілдің ажырамас бөлшегі бола тұра, бұл категорияның табиғаты да тілдік салалармен тығыз байланысып, көбінесе қимылдың белсенділік мағынасымен ұштаса отырып, тілдік заңдылықтармен де мәндес болады.

Сайып келгенде, қазіргі таңда етіс категориясын жаңаша тұрғыдан қарастырудың бір қыры-оның лексика-грамматикалық табиғатын толық, тілдік салалармен байланыстыра отырып, етіс теориясының жүйелі қалпын құрастыруында жатыр.

Мағыналық ерекшеліктері мен синтаксистік қызметіне және тұлғалық ерекшеліктеріне негізделіп, қазақ тіліндегі етістіктерді де: негізгі етіс, өздік етіс, ырықсыз етіс, ортақ етіс және өзгелік етіс деп беске бөліп жүр. Бірақ та, 1967 жылғы «Қазақ тілі грамматикасында» негізгі етіс деп аталатын етіс түрінің етістік түбірі деген ұғымынан ешбір айырмашылығы жоқ деп көрсете келе, негізгі етіс деген етіс категориясының түрі жоқ деп жазылған еді [13, 509 б.]. Тіліміздегі өздік пен ырықсыз етістерді салыстырғанда, олардың ұқсастықтарымен қатар, айырмашылықтары бұлардың білдіретін семантикасында жатыр дер едік, себебі өздік етісте логикалық (іс иесі) субъект-грамматикалық субъект (бастауыш) болады, ал ырықсыз етісте грамматикалық бастауыш логикалық объект болады. Өзгелік етісте қимылды, әрекетті іске асырушы субъекті бір емес, екеу болады. Өзгелік етіс тек сабақты етістіктен жасалады. Ал салт етістікке өзгелік етіс жұрнағы жалғанғанда, іс-әрекет иесі жаңадан пайда болады да, қимылды тікелей өзі орындайды; салт етістік сабақты етістікке айналады; салт етістіктегі грамматикалық бастауыш (субъекті) сабақты етістіктің тура объектісіне айналады; екінші субъект-агенси, іс-әрекетті тікелей орындаушы субъекті болмайды. Өзгелік етіс қосымшасы бір түбірге бірінің үстіне бірі жалғана береді, бұл тек өзгелік етіс қосымшаларының ерекшелігі болып табылады [14, 68 б.].

Ортақ етіс туралы айтар болсақ, ортақ етіс мағынасы мен қосымшасы етістің басқа түрлерінен сабақтылық-салттық сипатқа бейтарап болуы негізінде ерекшеленеді. Ортақ етістің тағы бір ерекшелігі-қимыл атауын білдіруге бейім тұрады да, кейбіреулері сол арқылы заттық ұғымның пайда болуымен зат есім болып кетеді, мысалы: *соғыс, айтыс, байланыс*. Ортақ етіс пен өзгелік етістің семантикасында ұқсастық бар: екеуі де қимылдың, іс-әрекеттің бір субъекті

емес, бірнеше субъекті арқылы орындалатынын білдіреді, бірақ өзгелік етіс тек сабақты етістіктен жасалып, онда екінші субъект-агент міндетті түрде болады, ол-қимыл, іс-әрекетті тікелей орындаушы, ал ортақ етісте бұлар жоқ.

1.2 Етіс жұрнақтарының сөзжасамдық қызметі

Ұлттық энциклопедияда етіске төмендегідей анықтама беріледі: «етіс-қимылдың объект пен субъектіге қатынасын білдіретін, етістіктің туынды түрі». Мысалы: «келіс», «келтір», «келтіріл(ді)», «жаздыр», «жазыл», «жаздырт», «жазыс».

Етіс жұрнағын қабылдаған етістіктің бәрі сөздіктерде реестр сөз ретінде беріледі, яғни олардың туынды сөз екені танылған. Етістің категория болып саналуы оның ортақ жалпы мағынасына және ол мағынаның ішкі ерекшелігі мен оны білдіретін көрсеткіштері барына байланысты.

Етістің мынадай түрлері бар: 1) негізгі етіс; 2) ортақ етіс; 3) өзгелік етіс; 4) ырықсыз етіс; 5) өздік етіс» [22, 443-444 б.].

Күні бүгінге дейінгі қазақ тілі жайында жазылған грамматикаларда етіс аффикстері қосылған туынды түбір етістіктер сөйлемнен тыс, тек түбір тұлғада алып қаралды. Бұлай қарау арқылы етістердің жасалу амалдарын ғана, болмаса, беретін мағыналары мен сөйлемдегі қызметін толық айқындау мүмкін емес еді. Өйткені, етіс категориясының сөйлем мүшелерінің грамматикалық тұлғаларын белгілеп, олардың ішкі мәндерін түрлендіріп, сөйлем құрылысына енгізетін өзгерістерінің бірде-бірі айқындалмай, етіс категориясының грамматикадағы орны толық ашылмай қалып отырады. Сондықтан, бұл тарауда әрбір етістің жасалу амалдары мен мағыналары сөйлем ішінде жеке-жеке беріледі.

Өздік етісте сабақты етістік субъекті қимылының объекті арқылы орындалуын көрсететін болса, өздік етісте субъектінің қимылы басқа объектіге емес, субъектінің өзіне қарай жұмсалады. Өздік етісті сөйлемде тура толықтауыш берілмейтін болған соң, етістік мағынасы жағынан салт етістікке айналады да, сөйлем құрылысы жағынан объектісіз болады.

Өздік етістің жасалу амалдарын қарастырсақ, бұл етіс етістік түбіріне -ын//-ін, -н және ыл//-іл, -л аффикстерінің қосылуы арқылы жасалады. -ын//-ін, -н аффикстері, негізінде, өздік етіске тән. Түбір соңы дауыссыз дыбысқа бітсе, сөздің жуан-жіңішкелігіне қарай -ын, -ін аффикстерінің бірі, -н дауысты дыбыстарға біткен түбірлерден соң қосылады.

Егер атау тұлғадағы бастауыш қимыл иесі болумен бірге объекті мағынасын да берсе, етістік өздік етіс мағынасында, егер бастауыш қимыл иесі болмай, тек объекті мағынасында айтылып, актив субъекті сөйлемде берілмесе, етістік ырықсыз етіс мағынасында жұмсалған.

Сонымен, өздік етіс мағынасы етістік түбіріне белгілі аффикс қосылу арқылы жасалады. Өздік етіс тұлғасындағы етістік етістіктің басқа грамматикалық категорияларының бәрінен түрленіп, негізінде, сөйлемде баяндауыш болып қызмет атқарады. Өздік етіс тұлғасындағы етістік қос сөздер

тұлғасында және көмекші сөздермен күрделеніп, сөйлемнің бір-ақ мүшесі болып қызмет атқара алады.

Сөйтіп, актив және пассив субъекті мағыналарының бастауыш арқылы берілетінін көрсететін етістің түрі өздік етіс делінеді десек, ырықсыз етістің бастауышында пассив субъектілік қана ұғым болады. Ырықсыз етісті сөйлемде қимыл иесі, актив субъекті (agens) сөйлемнің белгілі мүшесі болып берілу қазақ тілінде қалыптаспаған. Қимыл иесі бастауыш арқылы берілмесе де, іс істеуші басқа біреу екені сөйлемнің жалпы мазмұнынан айқындалады.

Қазіргі түркі тілдеріндегі, соның ішінде қазақ тіліндегі де етіс категориясының форманттары іс-әрекет пен субъект және объект арасындағы өзара қарым-қатынасты білдірумен қатар сөз тудыру қабілетінде де түбірмен біте қайнасып, лексика мен грамматикаға тең телініп кеткен.

Етіс аффикстері қосылған түбірлер тек туынды түбір етістік деп алынып, олардың сөйлемдегі қызметі мен мәні сөз етілмеді. Соның салдарынан етіс категориясының тілден алатын орны бүтіндей айқындалмады.

Етістің сөзжасамдық қызметі туралы ғалым А.Ысқақов еңбегінде толық мағлұмат келтірілгенін көреміз Ғалым: «Етістер етістік тудыратын, өздерінше морфологиялық және синтаксистік сипаттары басқашалау болып келетін, бір алуан жұрнақтардың жүйесі, әдетте, етістер я етіс категориясы деп аталады. Етіс формаларының басқа жұрнақтар сияқты, туынды етістік жасайтын қабілет барлығы (айырмасы тек етістіктен етістік тудыратыны) және сол етіс жұрнақтары арқылы туған формалар етістік негізінде есебінде қызмет ететіні айқындалады. Ендеше, бұл жағынан қарағанда, етіс жұрнақтары сөзден сөз тудыратын жұрнақтармен сипаттас келеді де, лексикалық категорияға жатады. Мысалы: *«ол онан жөн сұрады; олар бір-бірінен жөн сұрасты, ол оннан жөн сұратты; оннан жөн сұралды; ол өзі сұранды»* деген сөйлемдердегі етістік формаларының соңдарындағы өткен шақ қосымшасы (-ды, -ты) алып тастағаннан кейінгі *сұра, сұрас, сұрат, сұрал, сұран* етістіктері бір-бірімен салыстырғанда, олар бір түбірден өрбіген түбірлес негіздер екендігі айқындалады.

Екіншіден, етіс категориясының формаларында субъекті мен объектіні амалға қатысын, керісінше, амалдың (әрекеттің) субъектісі мен объектіге қатысын білдіретін грамматикалық сипаты күшті. Демек, етіс формалары сөйлемнің грамматикалық құрылысына өзгеріс енгізіп отырады», -деп анықтайды.

А. Ысқақов етіс жұрнақтарының сөзжасамдық сипатын анықтайды. Ғалым: «Етістіктен етістік тудыратын өздерінше морфологиялық және синтаксистік сипаттарын басқалаушы болып келетін, бір алуан жұрнақтардың жүйесі, әдетте етістер я етіс категориясы деп аталады».

Зерттеуші: етістерді етістіктің өзге категорияларынан ерекшелендіріп тұратын негізгі белгілері ретінде сөзжасамдық сипатын көрсетеді. Етістің формаларына қарай (түпкі лексикалық мағынасы бір болып тұрса да) олардың семантикалық мәндерінде бір-бірінен айырмашылық бар.

Ғалым А. Ысқақов: «Осы түбірлес етістіктердің қай-қайсысына болсын, болымсыздық категориясының «-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе», шартты рай категориясынан (-са, -се), өткен шақтың категориясының (-ды, -ді, -ты, -ті), есімшенің (-ган, -атын, -ар, -мақ), көсемшенің (ып, -іп, -п, -а, -е, -й, -галы)» және басқа солар сияқты етістік негіздеріне, етістікке тән, парадигмалық формалар тудыратын жұрнақтарды жалғай беруге болады».

Сөйтіп, автордың қорытындысы бойынша: «Етіс формаларының бұл ерекшелігінен, біріншіден, басқа жұрнақтар сияқты, туынды етістік жасайтын қабілеті бар».

Етіс категориясының формаларында субъекті мен объектінің амалға қатысын, керісінше амалдық субъекті мен объектіге қатысын білдіретін грамматикалық сипаты күшті. Демек, етіс формалары сөйлемнің грамматикалық құрылысына өзгеріс енгізіп отырады.

А. Қалыбаева еңбегінде де етіс категориясының сөзжасамдық сипаты қарастырылады. Ғалым: «Сабақты етістік пен салт етістік етіс категориясының пайда болуы мен қалыптасуына негіз болады», - дейді. Қазіргі қазақ тілінде етіс категориясының өзі мағынасы жағынан салт етістікті сабақтыға, немесе сабақты етістікті салт етістікке айналдыратынын көреміз. Бұл жағдай етіс аффикстерінің жаңа сөздер тудыруда лексикалық қызмет аткарып, жаңа етістіктер тудырып, тіліміздің негізгі сөздік құрамын байытуда аса маңызды орын алған грамматикалық категория екенін танытады. Етіс пен сабақты және салт етістіктердің арасындағы байланыстар мен ерекшеліктерді, оларды бір шенберде қарамай, өз алдарына бөліп, жеке мәселе етіп қарауды керек етеді. Етістіктің өз алдына дербес категория болып қалыптасуына бұл екі түрлі грамматикалық категориялардың өздеріне тән алатын орындары бар.

Етіс туралы А. Қалыбаева тізбектеле қосылған етіс аффикстерінің жасалуы мен мағыналарын қарастырады. Олар мынадай тізбектеме түрінде беріледі, мысалы: «өздік етіс тек сабақты етістіктерден жасалады. Өзгелік етіс аффиксі қосылу арқылы салт етістіктен сабақтыға айналған түбірлерге -ыл, -іл аффиксі қосылып, ырықсыз етіс болып қолданылады. Сондықтан өздік етіс бастапқысында мағынасы болған етістіктерді өздік етіс аффиксімен түрлендіріп, өздік етіс мағынасында бір-ақ жұмсалады. Сөйтіп, өздік етіс мағынасындағы етістіктердің үстіне өзгелік етіс, ортақ етіс және ырықсыз аффикстері қосылады. Түбірден соңғы бірінші орында, зерттеушінің көрсетуі бойынша. өздік етіс, екінші орында не өзгелік етіс, не ортақ етіс аффикстері, ең соңында ырықсыз етіс аффиксі жалғанады».

Етістік түбіріне қосылған өзгелік етіс аффикстерінің үстіне ортақ етіс пен өзгелік етіс аффикстері жалғана береді. Бір түбірде өзгелік етістің екі, одан да артық аффикстерін қатар қосуға болады. Бірақ екеуден артық қолдану тілдің нормалық қалпы емес.

Тілімізде орын тапқан үлгілері бойынша, бірнеше етіс аффикстерінің саны артуымен түбірге қосылған қимылға байланысты, қатысушылардың да саны артады. Сөйлем құрылысы мен мағыналары теңдік сақтап, мазмұны айқын ашылады.

Туынды түбір етістіктердің, сондай-ақ, негізгі түбір етістіктердің де, сабақты немесе салт болуы - жалпы етістіктер үшін қатып қалған сипат емес екенін көрсетеді. Олардың бірі екіншісіне ауысып отырады. Бұл үрдісті жүзеге асыратын етістіктің етіс категориясы болып саналады. Мысалы:

а) кір жу, қол жу, еденді жу дегенде жу сабақты етістік;

ә) кір жуылды, еден жуылды дегенде -ыл affиксі үстеліп, салт етістікке айналған;

б) «еденді сырла» сияқты туынды түбір етістіктер сабақты. Олар: еден сыр-ланды дегенде салт етістікке айналған;

в) үй-лен, пайда-лан тәрізді екеуі де зат есімнен, екеуі де бір-ақ түрлі -лан, -лен қосымшасынан жасалған туынды түбір етістігі. Соған қарамай, үй-лен деген туынды түбір салт та, пайда-лан деген (ақшаны пайдалан) етістік сабақты болып есептеледі;

г) төбеле мен төбелес, құшақта мен құшақтас дегендер жайлы кейініректе арнайы баяндап, грамматика мен логика тұрғысынан кеңірек талдау қажет болады;

д) жайға мен жай-ға-с/ ор(ы)н-а мен орн-а-лас да осылар тәрізді.

Салт етістіктердің ендігі бір тобы: абай бол, қонақ бол, көңілді бол т.с.с. негізгі түбір етістіктердің негізі қай мағынадағы сапа екеніне сәйкестендіру процесін білдіреді. Абай-ла, көктем-де. кол-де, сел-де т.с.с. қатар: көңілді көңілсіз, әлді - олсіз т.б. сын есімдердің -лан, -лен күрделі жұрнақты түрлерінде жиі қолданылады. Мысалы: көңіл-де-н - көңіл-сіз-ден, әл-де-н - әл-сіз-ден, жан-да-н - жан-сыз-дан.

«Қар жапалақ-тай бастады; айнала тұман-да-н-ып, көшелер тайғақта- н-ып кетті т.с.с. белгілі сын-сипатт, нақты көрініс түрлеріне субъекті әрекетінде сипат-пысықтауыштық, ішкі мағыналы етістіктер тобын құрайды. Мысалы: «Тоғыз тоңқылдақ, бір шіңкілдек» ертегісінің бұлай аталуы - тегін емес. Жылағанда: ан-ыра, е-н-іре, ақ көңілдікпен аңқ-ыл -да, жылау - еңк-іл-де, күлудегі қарқ-ыл-да, тарк-ыл-да, сөйлеудегі барқ-ыл-да, шапқ-ыл-да мен күнк-іл-де, сондай-ақ жалаң қосымшасы: ир-ен-де, бұл-ған-да, елп-ең-де т.т. мен қайталанған: ир-е-ле-ң-де, елп-е -ле-ң-де, ки(ы)р-а-ла-ң-да тағы басқалардың т.т. мағыналары мен тұлғаларының қапшалықты сәйкестенетіні - тіл байлығымыздың куәсі. Сонымен бірге, бұл жоғарыда келтірілгендер атам заманғы қазақ тілінде өте әріден бірге жасасып, сондықтан да олар түгелімен сөздікте реестр сөздер қатарынан өз орындарын алуы да - аналитикалық қандай көне болса, агглютинативті қазақ тілінде синтетикалық сөзжасам амалының да қалыптасқан тарихының көне текті екенін айғақтайды.

-лан, -лен: бұл жұрнақтың -дан, -ден, -тан, -тен баламалары бар. -ла, -ле мен өздік етістің -н affиксінен күрделеніп қалыптасқаны да дау тудырмайды. Соған қарамай: «шу-лан, на-мыс-тан, дол(ы)-дан, пайда-лан, құлақ-тан» етістіктері «ашу-ла, пайда-ла, дол-да» сияктанып қолданылмайды. Бұл етістіктер субъектінің басындағы, немесе өзі үшін сол атау мәніндегі сапаға түсу, қошу, не бөлу етістіктерін тудырады. «Ашуға булығып, долылықка салыну, өз пайдасына іске асыру, бетінен қайтпау» т.т. «өз, өзі, өзі» үшін деген қашан да

ойда болады. «Қамсыз-дан, әлсіз-ден, мақ-тан-шақ-тан, кұшыр-лан» т.б. көптеген туынды түбір етістіктері бар.

-лас, -лес ор(ы)н-а-лас, кез-дес, жүз-дес, сыр-лас (бояу, боя-с деген мағына емес), сұхбат-тас. бәс-тес, бәсеке-лес т.т. екі, одан кел субъектілерді топтастыратын себептер -лас, -лес жұрнақты етістіктер болып беріледі. Екі, үш субъекті екені ойда сақталып, «мен онымен уәделестім» - дегенде сөйлемде мен – бастауыш, ол (онымен) толықтауыш түрінде (логикалық: екеуі де - субъектілер) берілуі мүмкін.

«Біз уәделестік, олар уәделесті» т.т. субъектілер көптік түрде бір бастауышпен де грамматикалық көрініс табады.

«Ор(ы)н-а-лас, жай-ла, жай-ға-с» дегендерде - логикалық та ортақтық мән жоқ. с<Бүр-іс» (суықтан бүрісті) етістік, негізінде, жеке- дара субъектінің ғана қалпы.

Бірде етіс категориясының тұлғалары деп танылып, сөздікте реестр етіп берілгенімен (ал-дыр, ал-ғыз, оқы-т, оқы-т-тыр, кел-гір, жет-кіз, қолтық-ға-с) мән-мағыналары түсіндірілмей, «анау етіс», «мынау етіс» деген сілтемелер тәріздендіріліп, өте шығатындармен қатар, кел-ін (келін келді, кел-ін-шек), іш-ір-т-кі, ара-ла-с («ағашты ара-ла» дегеннен емес, көжені аралас-тыр, көпке кіріп, араласып кетті) дегендерде, сондай-ақ із-де-с-тір, жыр-т, сұра-с-тыр т.б. реестр сөздер ғана емес, әрқайсысы дербес лексема есепті түсіндіріліп, көркем тіл деректі, сөйлемдермен толықтырылып отырады.

«Көр-гіз» дегенді өзгелік етіс деумен ғана шектеліп көр-сет (күн көрсетпей, жаңа кино көрсет-іл-у-де) етістігін дербес реестр сөз (ет.) етіп, толығымен берілетін де жағдай бар.

Етістік негізгі туынды түбір етістіктер ұғымдарын білдіргенде, түбір етістік, яғни етістік түбірі деп танылатындардың мына төмендегідей бірнеше түрі бар:

- 3) туатүп (туа түбір деп те айтылады);
- 4) негізгі түбір;
- 5) туынды түбір.

Етістік түбірлеріне байланысты осы 3 түрлі түбір етістіктің соңғы екеуі, дәлірек айтқанда: негізгі түбір және туынды түбір етістіктер дегендері дағдылы дәстүрмен айтылып, қолданылып келеді.

Академик Ә.Т. Қайдаровтың қазақ тіліндегі бір буынды сөздерге жасаған ғылыми теориялық талдаулары бұрыннан айтылып келе жатқан: кө-з бен кө-р, сө-з бен сө-й (сөз сөйле), құ-й (төбесінен құй қазып), құйық-құдық, адақ (ада болды деп те айтылады) т.б. санын, сапалық құрамдыларды шегін кеңейтіп, жүйелеп, түбірлер туралы ғылым саласының іргесін жанартты. Тілімізде баяғыдан бері етістік негізгі түрлерге айналғандар деп санауға келетін туынды етістіктер бар. Мысалы: қоры, қорға, олардан жасалған қорған («Талдықорған» дегендердегі). Осылар және басқа да бұлар тәрізді етістік негізді туынды түбір етістіктерді мына төмендегі мәліметтерден байқауға болады

Туынды түбір етістік термин жасаулары бірдей деп айтуға келмейді. Ойткені соңғыларда етіс жұрнақтары жаппай қосылып та, қажетті бірді- екілі

түрде қосылып, мүлдем қосылмай да қолданыла береді. Сондықтан бұл соңғылары күні бүгінге дейін өздерінің еркін қосылып қолданыла беру мүмкіндігін сақтаған. Етіс жұрнақтылардан алдыңғы етістік, негізді туынды түбір етістіктер: жалаң және күрделі жұрнақты түрлерінде кездеседі.

а) Түбір етістік + жалаң жұрнақтылар. Бұл топтағы етістік түбірлері мен олардағы жұрнақтар тілдің көп ғасырлық тарихымен бірге келе жатқан тілдік көне құбылыстар қатарына жатады.

Омоформалы аффикстер тобын құрайтын *-қы, -кі, -ғы, -гі* жұрнақты туынды түбір етістіктер де бар. Олар: *ат-қы, ыт-қы, сыр-ғы, ыр-ғы* (*-ыр- шы*), *ор-ғы* (*~ор-шы*) т.т. *құй-ғы, ора-ғы* дегендер өзгелік етістіктің *-т* жұрнақты түрінде: *құй-ғы-т, ора-ғы-т* тәрізденіп қолданылады. Етіс аффикстерінің бірімен қосылған түрлерінде дербес етістік болатын, туатүптері қазақ тілінде дыбыстық өзгерістерге түсіп, көбінде қысқарып кеткен туынды түбір етістіктері де бар.

Бұлар: өздік етісте	өзгелік етісте
---------------------	----------------

Оя-н	Оя-т
Үйре-н	Үйре-т
Уа-н	Уа-т
Жұба-н	Жұба-т

ә) Түбір етістік + күрделі жұрнақтар. «Етіс жұрнақтары басқа жұрнақтардан соң қосылады», -деп тиянақтағанымен: *тұрт-ін-ек-те-н, қор-ға-н-шақ-та-н, тартын-шақ-тан* т.т. жұрнағы түбірде екі рет қосылып тұр. Мұндай: (*тұртін-ектен, қорған-шақ-та-н*) мысалдарды келтіре отырып, етістік түбірлеріне белгілі етіс жұрнағы, жұрнақтары да үстеліп, солардың мағыналық ерекшеліктері сөйлемнің өзіне тән жүйелі дайын құрылымдарымен айтылып берулерінде, етіс категориясының тиісті жұрнақтарының қосылғандығынан байқауға болады.

Етістіктер сөзжасамын жан-жақты қарастырудың нәтижесінде етіс категориясының анық сипаттамасы орын алып, бұл категорияның қазіргі қазақ тілінде нақтыланған сандық жағы көңіл аударарлықтай, себебі бұндай көзқарас бүгінгі таңда мектеп тәжірибесі болсын, жоғары оқу орнында бекітіліп, көптеген ғалымдардың қолдауында жүр. Мәселен, септік жалғауының атау септік деген тәрізді жалғаусыз сөздер тобын құрайтындар негізге алынса, сол сияқты осыған дейін баяндалған түбір етістіктер негізгі етіс деп аталады. Олардан туындағандар, яғни етіс жұрнағы жалғанғандарын төрт топқа бөлінетіндігін байқаймыз. Олар:

- 1) өздік етіс жұрнақтары: *-н, -ын, -ін*;
- 2) ырықсыз етіс: *-л, -ыл, -іл*;
- 3) ортақ етіс + оның, көмектес етіс түрі: *-с, -ыс, -іс*;
- 4) өзгелік етіс жұрнақтары - көп және әр қилы.

Жоғарыдағы айтылғандарды түйіндей келе, етістік түбірлерінде осы төртеуінің белгілі жұрнақтары болуының логикалық астары және грамматикалық көрініс табуы тұтаса байланысады. Етістіктердегі етіс аффикстері мағыналық та, тұлғалық сипаттамаға ие. Мысалы: айт-ыс, сөйле-с

т.б. -с, -ыс, -іс жұрнақтары, бұрын да сөз етілгендей, көп субъекті, ең азы екі адам арасындағы ортақ іс, амалды білдіреді. Өздік пен ырықсыз етістер әрқайсысы дара категория бола тұра, грамматикалық құрылымы, кейде жұрнақтары ауысып, немесе бірдей болып кететін тілдік деректері де бар.

Мынадай мысалдарда:

а) бала жуынды - өздік етіс;

ә) еден жуылды - ырықсыз етіс.

Жалпы, туынды түбір етістіктер осы екі етіспен қызметтерін атқарады, жұрнақты түрлері - бірдей. Өздік пен ырықсыз етістің айырмашылықтарын көрсететін болсақ, өздік етісте: бастауыш - әрі субъект, әрі объект.

Ырықсыз етісте: бастауыш - қимылдың объектісі. Іс-әрекеттің иесі (субъект) мұнда жоқ. Көбінесе негіз болып тұрған етістіктер, мысалы: жу, тазала сабақтылар. Жалпы, отілетін іс-әрекетте субъекті қимылы объекті арқылы жүзеге асады (кұжаттар жіберілді). Бұған қарағанда, өзгелік етістің ерекшелігі бөлек.

Өзгелік етістің қолданылу аясы кең, себебі сабақты, салт етістік те өзгелік етіс болып қолданыла алады, оның жұрнақ түрлері де басым. Бұл етісті синтаксис саласымен байланыстыра қарасақ, өзгелік етісте логикалық: субъект, объект, предикат дегендермен бірге грамматикалық осы етістегі баяндауыш, яғни сөйлемде: оның бастауышы, тура және жанама толықтауыш сияқты сөйлем мүшелері орын алады. Өзгелік етісті сөз еткенде, мұндағы ерекшелік салт етістіктердің сабақтыға айналуы. Сөйлемде көбінесе сабақты етістік баяндауыш қалпына түседі.

Етістің ерекшелігі етістік түбірлеріне белгілі етіс жұрнағы, жұрнақтары да үстеліп, солардың мағыналары сөйлемнің құрылымдық жағымен байланыса келе, нақты ашылып, үлкен роль атқарады.

Мысал ретінде, өзгелік етісті алсақ, өзгелік етісте бастысы - іс-әрекеттің жүзеге асырылуы - өзге субъектінің, мәселен: «әжесі немересіне шай іш-кіз-іп, нан же-гіз-ді», - деген жағдайдағы іс-әрекетке айналғанын білдіреді.

Өзгелік етісті сөйлемде ілкі субъектінің жанама толықтауыш түрінде грамматикалық көрініс тауып, (немересіне), бастауыш болып тұрған (әжесі) белсенді субъектінің ырқына түсуіне ауысатын мағыналық ерекшелік пайда болады. Сөйтіп, объектілі іс-әрекеттің жүзеге асырылуы - екі субъектіге тікелей қатысты. Тілімізде өзгелік етістің жұрнақтары сан-алуан, олардың өздері жалаң және күрделенген түрлерге бөлінеді. Жалпы өзгелік етіс жұрнақтар ішінде өнімділері:

-дыр, -ғыз, -т, олардың күрделенген түрлері; -дыр+т, -ғыз+дыр тағы басқалар, сонымен қоса: өнімсіздері, яғни белгілі түбірлермен ғана қосылып қолданылып жүргендерін, түбір мен жұрнақ тіркесімі тұтасып қалыптасқандарын атап кетуге болады (көр-сет, ау-дар, аз-ғыр, там-ыз).

Жоғарыдағы айтылғандарды меңгере отырып, өзгелік етіс туралы сөз етілгенде, біз түбірлер мен өзгелік етіс жұрнақтарының тұтаса қолданылып, олар тудырған туынды түбір етістіктердің тарихи көнелілігін көрсетуге тырысамыз. Осыған көптеген тілдік фактілер: *оян- оят, уан-уат, жұбан-*

жұбат - тәрізділері дәлел. Өзгелік етіске қатысты мынадай мысалдарды: «от жа-н-ды» дегенмен «от-ты жа-қ-ты» деген өлі түбірлестердің соңғы жақ түрі - өзгелік етіс мәнді, яғни «жа-н» салт етістігі «жақ-ты» дегенде сабақтыға айналады. Келтірілген мысалдар арқылы жалпы етістің синтаксиспен байланысын аңғаруға болады. Төмендегі сөйлемдердегі: «отты - шамды жағушы адам (субъект бастауыш), жа-н-атын от, шам (логикалық субъект) тура толықтауыш дей келе, күрделене қосылған етіс жұрнақты арқылы туынды түбір етістіктерді атауға болады. Қазақ тілі грамматикасында орнығыш, қазіргі кезде білім беру үрдесінде баяндалатын етіс жұрнақтарына ие етістіктің төрт етіс түрлеріндегі туынды түбір етістіктің іске асу-аспауындағы негізгі себепкер, яғни белсенді субъекті белгілі іс-әрекетке қатысса болды, ол туынды түбірлер, одан әрі тағы да тиісті етіс жұрнақтары үстеленіп сөйлем ішіндегі етістік тіркестері де сәйкестене тілге тиек болады. Мұндай дайын күрделенген етіс жұрнақты үлгілер негізінен мына төмендегілерді көрсетуге болады:

- 1) өздік + өзгелік: -індір (ки-ін-дір), -лт (бүг-іл-т-ті);
- 2) ырықсыз + өзгелік немесе өзгелік + ырықсыз: төг-іл-т (төгілтіп жыртолғайтын); жа-ғ-ыл (шамдар да жағылсын);
- 3) ортақ + өзгелік: тату-лас-тыр;
- 4) өздік + ортақ: түс-ін-іс;
- 5) өзгелік + өзгелік: көр-сет-кіз.

Тілімізде өзгелік етіс жұрнақтарының екі-үшке дейін болып үстелене қосылып қолданылуы мүмкін:

а) ауылдан көмек алдыртпаймын, - дегенде I жақтағы субъектінің өзінен басқа да қолдаушысы бары байқалады;

ә) бұл құжаты ол ешкімге бергіздіртпейді - дегенде өзгелік етісті сөйлем

Етіс жайлы жоғарыда айтылқандарды қорыта келе, түбір етістікке бірнеше етіс түрлерінің қосылуы қазақ тіліне тән құбылыс, бұл арқылы қимыл-әрекетті білдіретін етістіктің мағыналық жағынан байлығы мен жан-жақтылығы көрініс табады, іс жүзінде нақты қолданысқа ие болып есептелегенді.

Қазақ тіліндегі етіс аффикстері етістіктің негізгі және туынды түбірлеріне тікелей жалғанады. Етістіктің түбіріне тән грамматикалық болымсыздық «ма»-ның өзі етіс аффикстерінен соң келеді. Етіс аффикстерінің түбірімен кіріге айтылуы оның қолданыла келе лексикалық категорияға айналып, қалыптасып кетуіне мүмкіндік туғызады да, етіс аффиксі қосылған туынды түбірдің үстіне болымсыздық «ма» қосылып, не қосылмай, етістіктің болымды, немесе болымсыз түбірі есебінде етістіктің шақ, рай, жақ, кейде екінші, не үшінші дәрежелі етіс аффикстерімен түрленіп, сөйлемде баяндауыштық қызмет атқарады. Түбірден соң қосылған етіс аффиксінен кейін етістің екінші, не үшінші дәрежелі аффикстері бірінен соң бірі тіркеле жалғанады да, олардың үстіне етістіктің басқа грамматикалық категорияларының аффикстері қосылады.

Күні бүгінге дейінгі қазақ тілі жайында жазылған грамматикаларда етіс аффикстері қосылған туынды түбір етістіктер сөйлемнен тыс, тек түбір тұлғада алып қаралды. Бұлай қарау арқылы етістердің жасалу амалдарын ғана, болмаса,

беретін мағыналары мен сөйлемдегі қызметін толық айқындау мүмкін емес еді. Өйткені, етіс категориясының сөйлем мүшелерінің грамматикалық тұлғаларын белгілеп, олардың ішкі мәндерін түрлендіріп, сөйлем құрылысына енгізетін өзгерістерінің бірде-бірі айқындалмай, етіс категориясының грамматикадағы орны толық ашылмай қалып отырады. Сондықтан, бұл тарауда әрбір етістің жасалу амалдары мен мағыналары сөйлем ішінде жеке-жеке беріледі.

Өздік етісте сабақты етістік субъекті қимылының объекті арқылы орындалуын көрсететін болса, өздік етісте субъектінің қимылы басқа объектіге емес, субъектінің өзіне қарай жұмсалады. Өздік етісті сөйлемде тура толықтауыш берілмейтін болған соң, етістік мағынасы жағынан салт етістікке айналады да, сөйлем құрылысы жағынан объектісіз болады.

Өздік етістің жасалу амалдарын қарастырсақ, бұл етіс етістік түбіріне -ын//-ін, -н және ыл//-іл, -л аффикстерінің қосылуы арқылы жасалады. -Ын//-ін, -н аффикстері, негізінде, өздік етіске тән. Түбір соңы дауыссыз дыбысқа бітсе, сөздің жуан-жіңішкелігіне қарай -ын, -ін аффикстерінің бірі, -н дауысты дыбыстарға біткен түбірлерден соң қосылады.

Егер атау тұлғадағы бастауыш қимыл иесі болумен бірге объекті мағынасын да берсе, етістік өздік етіс мағынасында, егер бастауыш қимыл иесі болмай, тек объекті мағынасында айтылып, актив субъекті сөйлемде берілмесе, етістік ырықсыз етіс мағынасында жұмсалған.

Сонымен, өздік етіс мағынасы етістік түбіріне белгілі аффикс қосылу арқылы жасалады. Өздік етіс тұлғасындағы етістік етістіктің басқа грамматикалық категорияларының бәрінен түрленіп, негізінде, сөйлемде баяндауыш болып қызмет атқарады. Өздік етіс тұлғасындағы етістік қос сөздер тұлғасында және көмекші сөздермен күрделеніп, сөйлемнің бір-ақ мүшесі болып қызмет атқара алады.

Сөйтіп, актив және пассив субъекті мағыналарының бастауыш арқылы берілетінін көрсететін етістің түрі өздік етіс делінеді десек, ырықсыз етістің бастауышында пассив субъектілік қана ұғым болады. Ырықсыз етісті сөйлемде қимыл иесі, актив субъекті (agens) сөйлемнің белгілі мүшесі болып берілу қазақ тілінде қалыптаспаған. Қимыл иесі бастауыш арқылы берілмесе де, іс істеуші басқа біреу екені сөйлемнің жалпы мазмұнынан айқындалады.

Ортақ етіс табиғатын ашатын келесі жайт-мұндағы етістік мейлі қимыл, мейлі күй болсын, екі субъектінің арасында болған өзара қатынастан туады. Өзара қатынас жасайтын субъектілер жекеше де, көпше де келе беруі мүмкін. Етістік ортақ етіс мағынасында жұмсалған сөйлемде екі субъектінің біреуі, не екеуі де сөйлемнің белгілі мүшесі арқылы берілмей, түсіп қалуы мүмкін. Бірақ, одан сөйлемнің жалпы мазмұнына нұқсан келмейді. Өйткені, етістік түбіріне қосылып, ортақ етіс мағынасын беретін аффикстер ортақ субъектілердің мағыналарын беретін көрсеткіш бола алады. Ортақ етісті сөйлемде өзара қарым-қатынаста болған субъектілердің бастауыш болып берілуі шарт емес. Әдетте, етістіктің жіктік жалғауымен байланысып тұрған субъекті бастауыш болып беріледі де, екінші субъекті, көбінесе, көмектес, не барыс септіктердегі жанама толықтауыш болып беріледі.

Ортақ етістің жасалу амалдарын қарастырсақ, ортақ етіс етістік түбіріне -с, -ыс//-іс, - дас//-дес, -тас//-тес, -лас//-лес affикстерінің бірі қосылу арқылы жасалады.

Өзгелік етіс етістіктің мағыналық өзгешелігінен ғана емес, сөйлем мен айтушыға байланысты да пайда болатын сияқты. Сондықтан да өзгелік етіс affикстерін салт және сабақты етістіктерге жалғай беруге болады. Ондай жағдайда өзгелік етісте тұрған сабақты етістіктер мен салт етістіктердің тұлғалары да ұқсас болып шығады. Шынында, етістіктердің сабақты және салт болып бөлінуінде қандай мағыналық айырмашылықтар болса, өзгелік етістің тұлғалас affикстерінен жасалған сабақты етістік пен салт етістіктерде сондай мағыналық өзгешелік бар сияқты. Сондықтан жасалу амалдары бір түрлі болғанымен, сабақты етістік пен салт етістіктің өзгелік етіс мағынасында қолданылуын бөліп қарау керек.

Қазақ тілінде өзгелік етіс мағынасын беретін affикстердің бірнеше түрін кездестіруге болады. Олар: -т, -дыр (дір), -тыр (тір), -ғыз (гіз), -қыз (кіз), -ыз (із), -ар (ер), -ыр (ір), -қар (кер), -сет, -ғыр, -дар, т.б. Бұл affикстердің көптігіне және түрлілігіне қарамай, беретін мағыналары мен атқаратын қызметтері бір сияқты. Өзгелік етіс affикстерінің басқа түрлері етістіктің салт және сабақты болып бөлінуіндегі мағыналық өзгешеліктерін талғамай, түбірдің жуан-жіңішкелігіне, буын өзгешеліктеріне және соңғы дыбыстарына сай жалғанады. Ал өзгелік етістің: сет, ғыр, ыз (із), т.б. жұрнақтары белгілі түбірлермен ғана қолданыла алатын өлі жұрнаққа айналған.

Сонымен қорыта келгенде, қазақ тіліндегі етістіктердің қай-қайсысы болса да, түбіріне сай, өзгелік етіс мағынасында жұмсала алады. Өзгелік етіс тұлғасындағы етістіктердің мағыналық айырмашылығы етістіктің о бастағы мағыналарының салт не сабақты болуында.

Салт етістіктерге өзгелік етіс affикстері қосылу арқылы, салт етістіктің субъекті (көңіл-күй субъектісі) сөйлемде тұра толықтауыш болып беріліп, объектіге айналып кетеді. Ал, салт етістікке қосылған өзгелік етіс affиксі сөйлемде актив субъектінің атау тұлғадағы бастауыш болып берілуін анықтайды. Демек етістік мағынасы салттан сабақтыға айналады.

Сөйтіп, өзгелік етіс affиксі қосылған салт етістік толық мағынасындағы сабақтыға айналғанмен олар өздік етіс пен ортақ етіс мағыналарында қолданыла алмайды. Сабақты етістіктің бұл түріне ырықсыз етіс және өзгелік етіс affикстерін қосып, сол етістердің мағыналарында ғана жұмсауға болады.

Өзгелік етіс affикстері қосылу арқылы салт етістіктер сабақты етіске айналған етістіктерге өзгелік етістің екінші affиксін қатар қосқанда ғана сабақты етістіктерге өзгелік етістің бірінші affиксі қосылған өзгелік етістің мағынасы мен сөйлем құрылысына тең болады. Былайша айтқанда, беретін мағынасы мен сөйлем құрылысы жағынан толық мағынасындағы өзгелік етіс болу үшін, салт етістікке өзгелік етістің екі, сабақты етістікке бір-ақ affикс қосылады.

Өзгелік етістің беретін мағынасы мен атқаратын қызметін анықтау үшін, өзгелік етіс тұлғасындағы сабақты етістік баяндауыш болып тұрған сөйлемнің құбылысы мен мазмұнын негіз етіп аламыз.

Сонымен, өзгелік етісте екі субъектілік ұғым бар деуге болады. Бірақ, осы екі субъектінің атқаратын қызметі бір десек, онда етістік ортақ етіс болар еді. Ал, өзгелік етістегі қимылдың іске асу-аспауында екі субъектінің тікелей қатысы болғанмен, оның біреуі ғана (барыс септіктегі жанама толықтауыш) амалды іске асырады, екіншісі (сөйлемнің бастауышы) қимылдың іске асу-аспауына себепші болады. Негізінде, бір-ақ қызмет атқарып отырған сөйлемнің екі мүшесінің мағыналары өзгелік етіс баяндауыш болып тұрған етістікте толық беріледі. Сондықтан өзгелік етісті сөйлемде толық мағынасындағы қимыл иесінің қызметін екеуі бірігіп атқарып тұрған мүшелердің біреуі-ақ берілуі де мүмкін. Сөйлемнің құрылысы болмаса, одан сөйлемнің мағынасына кемшілік келмейді.

Өзгелік етіс мағынасын тудыратын аффикстердің көпшілігі етістік түбірлеріне қосылып, сөйлемдегі атқаратын қызметіне, басқа сөздермен байланысына қарай, басқа сөз таптарын жасайтын, сөздің лексикалық мағынасын өзгертетін лексемалардың орнына да жұмсалады.

Өзгелік етіс аффикстері қолданылуында етістіктің мағыналық өзгешелігін талғамайды делінген болатын. Сондықтан, өзгелік етістің жасалу амалдарын сөз еткенде, аффикстерінің түріне қарай реттеп беру дұрыс сияқты:

1. -Тыр, (-тір) аффиксі, көбінесе соңы к, п, т, қ дыбыстарына біткен етістік түбірлерінен соң, дыр (дір) ұяң және үнді дыбыстарға біткен түбірлерге жалғанады. Мысалы:

Базарбай. Ендеше мен **айналдырып** көрейін («Шернияз» 519 б.).

Базарбай. Мынаны мен бір **айналдырып** көрейін.

Сүріндіріп кетпесе («Шернияз» 520 б.).

Шернияз. Сөзің майда, жүзің жарқын

Дәтің берік, тастайсың

Ойын менен шынның парқын

Білдірмейсің, ашпайсың!.. («Шернияз» 532 б.).

Жәмилә. Мына соққан **бүлдірмесе** жарар ед.

Бұда мені өзімсініп жүруші ед.

Арамызда терең-терең сыр бр ед.

Мұны не деп жұбатармын, алдармын? («Шернияз» 536 б.).

Шернияз. **Күйдірмеші** (546 б.).

Шернияз. Өгей әке **ондырмайды** (547 б.).

Жәмилә. Қатыныңды **алдырып**,

Осы ма еді қылмағың? (548 б.).

Соны ауыз жолды үнді дауыссыз «л» дыбысына біткен түбірлердің кейбіреуіне өзгелік етістің -тыр (тір) аффиксі жалғанса, енді біреулеріне -дыр (дір) болып жалғанады.

Мысалы:

1) Толтыр, келтір, өлтір...

2) Қалдыр, шалдыр, желдір, сөйлідір...

«Аз» деген етістікті «аздыр» және «азғыр» ден те айтуға болады. Мысалы: *...Өздігінен азбас еді, аламын деп азғырып, аздырып отырған екінші атасы, анау шақантай жігіт* (Ж.Аймауытов), деген сөйлемдегі «азғырып» пен «аздырып» тың мағыналық айырмашылығы бар сияқты. Өйткені «аздырып» дегенде амалдан нәтиже шыққаны іс жүзіне асырылғаны көрініп тұр.

2. -Қыз, (-кіз) аффиксі к, п, т, ш, қ қатаң дауыссыз дыбыстардан соң, -ғыз, (-гіз) и, й, р, у, ң дыбыстардан соң қосылады.

Мысалы:

Мүсілім. Тағы мына жұмысты тапсырамын. Көрпебайдың қызы басына бостандық сұрап, нашалнікке арыз беріпті. Оны **бергізіп** жүрген болыс болу керек. Қызды нашалнік шақыртып отыр. Көрпебайға айт, арызды мен баса тұрамын, кейін мені ұмытып кетпесін («Мансапқорлар» 447 б.).

Кейбір етістік түбірлерінде -қыз, (-кіз) аффиксінің орнына -тыр, (-тір), сол сияқты -ғыз, (-гіз)-дің орнына -дыр, (-дір) аффикстері ауысып қолданыла береді.

Мүсілім. Мүсілім кісіге бағынбайды, **бағындырады** («Мансапқорлар» 446 бет).

Мүсілім. Байыңнан жауыздығы елді өзінен **бездірді**. Байында ел жоқ. Ел менікі. Елге мен сүйкімдімін, керек десе белетке де ақша алмаймын («Мансапқорлар» 446 бет).

Нәрестедей таза жанды
Ел бар ғой деп ойлаушы ем,
Дос та, жар да, махаббат та,
Елде ғой деп барлаушы ем,-
Жүрегім елді кездірді,-
Бұзылған елден бездірді, («Шернияз»

деген сөйлемдердегі «бездір» мен «безгіз» дегендердің пәлендей мағыналық өзгешеліктері жоқ сияқты болғанмен, -ғыз, (-гіз) аффикстері іске асырылып қимылды көрсететін сияқты.

Кейбір түбірлердің соңғы дыбыстарды ұқсас болғанмен, мағыналары әртүрлі болса, өзгелік етіс аффикстерінің бірі ғана жалғана алады.

Мысалы: «Ұнату» мағынасындағы «жақтыр» деген «жаққыз» деп айтылмайды. Сол сияқты, «құда түсу» мағынасындағы «айттыру ды» да, «айтқыз» деуге келмейді. Ал, «жақ» деген түбірге ұқсас «лақ» деген етістік өзгелік етісте «лақтыр» болып қана қолданылады. «Отыр», «жатыр» деген етістіктер нақтылы осы шақта ғана қолданылады. «Жатыр» деген етістік басқа шақтарда «жат» болып қолданылады, өйткені оның түбірінің өзі-«жат» сол сияқты «отыр» деген етістіктің де негізгі түбірі «от» болу керек. Өйткені, біріншіден, «жатыр» деген етістікті екі морфема деп қарауға болады: негізгі түбірі-«жат», ал «ыр» морфемада шақтық (нақтылы осы шақ) мағына бар. Осы мағынада қолданылатын «отыр» деген сөздің де түбіріндегі «ыр» морфемасының болуы.

-Т аффиксі түбірдің соңғы дыбысы а, е, ы, і дауыстыларға және й, р, л, н сонорларға біткен екі, не одан көп буынды етістерге және -тыр, (-дыр), -ар, (-ер),

-ыр, (-ір), т.б. аффикстері қосылған етістік түбірлеріне қосылып қолданыла береді. Мысалы:

Мүсілім. Қызды нашалнік **шақыртып** отыр. Көрпебайға айт, арызды мен баса тұрамын, менің жақсылығымды ұмытып кетпесін де! («Мансапқорлар» 447 б.).

Әубәкір. Айтайын, бірақ Көрпебайдан бірдеңе алу керек еді. Пабеске жазып берсеңіз, мен оны **өкіртер** едім («Мансапқорлар» 447 б.).

«Толтырт», «білдірт», «қайтарт», «ұшырт», «түсірт», «аударт», т.б.

«Үрік», «қорық» деген етістіктерге -т аффиксі -і, -іт, -ыт болып қосылады да, түбірдің соңғы буыны қысаң дауысты дыбыс түсіп қалып, өзгелік етісте «үрк + іт», «корқ + ыт» болып қолданылады. Мысалы:

Сен атты неге үркіттің?

-Ыр, (-ір) аффиксі түбір соңы *т, с, ш* қатаң дауыссыз дыбыстар мен *й, ң* үнді дауыссыз дыбыстарға біткен етістіктерден соң жалғанады. Сол сияқты *-ыз (із)* аффиксі «там», «ем» деген етістіктерден соң жалғанады. Өзгелік етістің бұл аффикстері *-тыр, (-тір), -дыр, (-дір)* және *-ғыз, (-гіз)* аффикстерінің қысқарып барып қолданылуының нәтижесі болу керек. Өйткені «еміз», «тамыз» деп айтудың орнына «емгіз» деп те айтуға да болады.

Сөйтіп, өзгелік етістің *-ыр, (-ір)* аффиксі біраз етістіктерге қосылып қолданылады.

«*Кейін бір адамды сізбен кездестірем, сонда естірсіз*» (Ә.Ә.), деген сөйлемдегі «естірсіз» деген келер шақта тұрған сөзбен қысқарып айтылып тұр. Сондықтан бұл түбірде етіс аффиксі жоқ. Осы сөйлемдегі «естірсіз» деген жоғарыдағы ереже бойынша, «*есіт+тір*» немесе «*естір+т+іңіз*» деп қана өзгелік етіс мағынасында жұмсауға болады.

«Қайт» деген етістік өзгелік етісте «қайтар» немесе «қайыр» болып қолданылса, «шық»-«шығар», «ау»-«аудар» болып, өзгелік етістің бір ғана көне аффиксімен қолданылады. Мысалы:

1) *Қайтарды Көпін, Көбік калың қолды* (И.Байзақов.).

2) *Сөз қайырмай,*

Жеңді айырмай,

Жұртқа шабар талпына (Абай).

3) *Бауыржан екі автоматчик пен Қарабаевты шығарып салды* (М.Ғабдуллин).

4) *Ол арпалысқан жауын ат үстінен аударып түсірді.*

Кейбір етістіктер өздік етіс, не өзгелік етіс аффиксісіз қолданылмайтын өлі түбірлерге айналған.

Өзгелік етіс аффикстері кейбір егістіктерге жалғанып қолданылғанмен, ол түбірлер етіс мағынасында жұмсалмайды. Себебі, ондай етістіктер сөйлемде баяндауыштан басқа мүшелердің қызметін атқара келе, етістіктің мағынасы жартылай, не бір жола жойылып, басқа сөз табының мағынасында жұмсалғандықтан, етіс мағынасы да толық сақталмайды. Мысалы:

«*Түнделетін, борандатып кеткен Ербол аз уақытта қырауланып, ызаға толып, қайтып келді*» (М. Әуезов).

Өзгелік етіс тұлғасындағы етістіктер де басқа етістіктер сияқты қос сөз тұлғасында келе береді. Мысалы:

«Сөзін бітірер-бітірместен Ержан тура жөнелді» (Ғ. Мұстафин). Өзгелік етіс аффикстерімен тұлғалас бірсыпыра жұрнақтар етістік түбірлеріне қосылып, кейде атау тұлғада ешбір өзгеріссіз тұрып-ақ есім мағынасында жұмсалады. Ал, көбінесе, өзгелік етіс аффиксі түбірлерге зат есім, сын есім, есімше, немесе косемше аффикстері қосылып барып, басқа сөз таптарының мағыналарында қолданылады. Мысалы:

- 1) Біздің өсуімізге ешбір бөгет жоқ (зат есім).
- 2) Бір сүйретпе қымызға сусыны әрең қанады (С. М).
- 3) Болмайтын себепін екі қайтара сұрады (М. Әуезов).
- 4) Бүлдірген терсеңдерші! (М. Әуезов).

Мұндай етіс тұлғалас сөздер тәуелденіп, көптеліп, септеліп барып, зат есім мағынасында қолданылады. Мысалы:

- 1) Шайнаған еттің түйірі кейде өңешіне тұрып қалады.
- 2) «Ерте барсам, жерімді жеп қоям» деп
Бқтырмамен күзеуде отырар бай (Абай).
- 3) Қызықты қызуды, қыздырманы ғана айтатын күлкіші, сауықшыл Дулат емес (М. Әуезов).

Өзгелік етіс аффикстерінен соң, есім аффикстері жалғанып, есім мағынасында жұмсалады. Мысалы:

Зат есім	Сын есім
Қайырым	Қыстырмалы
бүлдіргі	күлдіргі
үгітінді	бір қайнатым (шай)
қорытынды	ат шаптырым (өлке)
шақырту	бір сындырым (нан)
оқытушы	көз ілдірімдей
ауызбастырық	етпісірім, т.б.

Зат есім мен өзгелік етіс тұлғасындағы етістіктер бірігіп, зат есім болып жұмсалады. Мұнда біріккен түбірлердің бірсыпырасының бастапқы түбірлері танымастай өзгеріп кеткен.

- екі сыңарының да түбірлері сақтаулы біріккен сөздер: шашсипатар, қолұстатар, т.т;

- сыңары мәнді біріккен сөз: көзілдірік - көзге ілдіру деген мағынада;

- екеуі де мәнсіз, алғашқы тұлғалары сақталмаған біріккен сөздер: табалдырық-табан ілдіру, сағалдырық-сағаға ілдіру, тұмылдырық-тұмсыққа ілдіру, өмілдірік-омырауға ілдіру.

Сонымен етістер негізінен сөз түрлендіруші жұрнақ болғанымен, кей уақытта олар сөз тудырушы сипат алады. Оның заңдылығы жоқ.

Айналу етістігіне *ыс* – ортақ етіс жұрнағын тіркеп көрейік. Айналысу сөзі шықты. Бұл етістіктегі ортақ етіс жұрнағы *бірнеше адамның бірігіп айналуы* ұғымын емес, *белгілі бір шаруамен шұғылдану* деген әрекетті білдіреді.

Бітісу дегенде *барлық адамдар істі бірге бітірді* деген ұғым берілмейді, бұл сөзден *жанжалдасқан екі жақтың келісімге келуін* түсінеміз.

Ал жұрнақтардың сөз түрлендіруші немесе сөз тудырушы болуы морфологиялық сөздік құрастыруда өте маңызды мәселе. Себебі, сөз түрлендіруші жұрнақтар бір парадигманың астына бірігеді де, ал сөз тудырушы жұрнақ арқылы жасалған сөз жеке парадигма болады.

Асырау
асырату
асыратпау
асыратқызу
асыратқызбау
асыраттыру
асыраттырмау
асыратамысыз
асыратыпсыз
асыратыппысыз
асыратқалы
асыратқанша
асыратпақшысыз
асыратпақшымысыз
асыратайын
асыраттыңыз
асыратпайсыз
асыратпаймысыз
асыратпапсыз
асыратпаппысыз
асыратпадыңыз
асыратайық
асыратайықшы
асыратайын,-деп кете береді.

Ал *асыраушы* деген сөз бұл парадигмаға кірмейді. Ол зат есімдер сөздігінде жеке парадигма құрайды:

Бұдан шығатын қорытынды: етіс жұрнақтары жалғанған кезде лексикалық мағынасы өзгертін етістіктер тізімі жоқ. Яғни етіс жұрнақтарын зерттеп, аталған етістіктер тізімін жасау қажет.

Кейбір етістіктер бір сәтте бірнеше етіс жұрнағын қатарынан қабылдайды. Бұл құбылыс барлық етістіктерге тән емес және осы етістіктерге етістердің жалғану реті туралы заңдылық жоқ. Бұған мысал ретінде мынадай етістіктерді атауға болады:

Байлау–*байла*+*н*+*ыс*+*тыр*+*у*
Жалғау–*жалға*+*с*+*тыр*+*у*
Сәулеттеу–*сәулетте*+*н*+*дір*+*у*
Қыру–*қыр*+*ыл*+*ыс*+*у*

Жоғарыда аталғандардан етіс категориясының қазақ тілінде әлі толықтай зерттелмегенін көріп отырмыз. Әр етістің етістіктерге жалғану заңдылықтарын, статистикасын, жиілігін зерттеу ұзақ уақыт пен қажырлы еңбекті қажет етеді. Бұл мәселе тек тілді автоматтық тұрғыдан тану үшін ғана емес, аударма саласы үшін де, қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту үшін де өте маңызды. Сондықтан қазақ тілі лингвистерінің алдында атқарар жұмыс әлі өте көп.

**2ЕТІС КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ КӨРКЕМ МӘТІН ТІЛІНДЕГІ
ҚОЛДАНЫСЫ**

2.1 Ж.Аймауытов шығармаларының зерттелуі

Қазақ әдебиеті мен мәдениетінде ақын, прозаик, драматург, әнші, журналист-публицист, сазгер, ғалым, психолог ретінде танылған Жүсіпбек Аймауытовтың алар орны ерекше. Ол проза жанрының ғана емес, қазақ әдебиетінің сол замандағы жаңа қадам басып келе жатқан драмасына да өзіндік қолтаңбасын арнаған. Сонымен қатар қазақ ғылымының алғашқы қарлығаштарының бірі болған «Психология» атты еңбегін де жазған. Қаламгердің осы еңбектері әлденеше зерттеулерге нысан болып, ғылыми мақалалар, монографиялық зерттеулер жазылды. Атап айтқанда, Р.Тұрысбек, Қ.Әбдікова, А.Пірәлиева, Н.Қуантаев, А.Зейнуллина, Г.Шоқым, Р.Досжанова, Г.Кәріпжановалардың диссертациялық еңбектері бар.

Заманымыздың белгілі қайраткері Г.Бельгер: «Қазақтың түпсіз-тұңғыық сөз байлығын аямай емін-еркін қолданған Ж.Аймауытов творчасының озық үлгілерінен біз үйренетін тағылым-тәрбие де аз емес. Әсіресе, сөз деген шіркінді орайын келтіріп, орнын тауып қолданған жағдайды құдірет-күші керемет екенін Абайдан, М.Әуезовтен кейін мен енді, міне, Аймауытовтан көріп отырмын. Мен өзімді қазақ жазушыларының бар шығармаларын көз бен көңілден өткізген, анау-мынауда көңілі селт етпейтін кәркесте оқушы санаймын. Шынында да, қазір анау-мынаумен бізді таң қалдыру қиын да. Ал Ж.Аймауытовты оқығанда еріксіз таң қаласың. Ж.Аймауытовтың әсіресе сөз кестесі, айшықты әшекей тілі кәркесте оқушының өзін бірден баурап, үйіріп әкетеді. Шын мағынасында эстетикалық ләззат алып, сезімге бөленесіз»-деп жазушы шеберлігіне сүйсінеді [23, 6-7 б.]. Шебер жазушы Ж.Аймауытов адам жанының ішкі сезім иірімдерін қалтықсыз баяндап, оқырманын тебіренге отырып, таланттың құдіреттілігінің арқасында қазақ әдебиетінің драма жанрында да өнімді еңбек етті.

XX ғасыр басында қазақ әдебиетіне келелі үлес қосқан, қаламын кең жайған, алғашқы проза жанрының негізін қалаған, талантты да ұлтжанды жазушы Ж.Аймауытов шығармашылығы жарты ғасырдан астам халықтан алыстап, қайта қауышты. Жоғарыда айтып өткеніміздей, Жүсіпбек Аймауытов қазақ әдебиеті мен мәдениетінде ақын, прозаик, драматург, әнші, журналист-публицист, сазгер, ғалым, психолог ретінде танылады.

Жүсіпбек Аймауытов қазақтың біртуар перзенттері Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов секілді саңлақтармен бір қатар әлеуметтік өмірге де, әдебиет әлеміне де ерте араласқан. Жүсіпбек Аймауытов 1889 жылы қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданында туған. Әкесі Аймауыт өзіндік шағын күн көрісі бар момын шаруа адамы болған. Жүсіпбек алғашқы білімді ауыл молдаларынан алған. Сонан кейін Баянауылда, Павлодарда орыс-қазақ мектептерінде оқиды. Семейдің мұғалімдер семинариясын бітіреді. Сол кезде Алашордашылармен қарым-қатынаста болады. Біраз жылдар халық ағарту саласында қызмет істейді, кейін бүтіндей баспа, әдебиет әлеміне ауысады. «Қазақ тілі» газетінің редакторы болып,

«Ақжол» газетінің редакциясында қызмет атқарады. Сол кезде қазақ прозасын, романын профессионалдык деңгейге көтерген бірден-бір жазушы-Жүсіпбек Аймауытов.

Ж.Аймауытов проза жанрына ғана емес драмаға да өзіндік қолтаңбасын арнаған. Сонымен қатар қазақ ғылымының дамуына да үлесін қосып, «Психология» атты еңбегін жазды. Психология терминдерін қазақша сөйлетуге тырысты. Жүсіпбек Аймауытов еңбегі жайлы Қ.Мұхаметқанов, С.Қирабаев, С.Мұратбеков, Б.Байғалиев, Д.Ысқақов, т.б. ғалымдарымыздың еңбектері бар.

Жазушы шығармашылығы бойынша докторлық, кандидаттық диссертациялар қорғалды. Атап айтқанда, Р.Тұрысбек, Қ.Әбдікова, А.Пірәлиева, Н.Қуантаев, А.Зейнуллина, Г.Шоқым, Р.Досжанова, Г.Кәріпжановалардың диссертациялық еңбектері бар.

Жазушының публицистикалық шығармалары Н.Қуантаев зерттеуінде жан-жақты бағаланса, А.Зейнуллина зерттеуінде қаламгер прозаларының көркемдік әлемі, Г.Шоқым «Жүсіпбек Аймауытов романындағы қосүнді сөз» және Р.Досжанова «Жүсіпбек Аймауытов прозасындағы лексика-синтаксистік қайталамалар» деген ғылыми еңбектерінде Ж.Аймауытов шығармаларының тілдік қырларын әртүрлі бағытта қарастырды. Жазушының даралық стилі Г.Кәріпжанованың «Жүсіпбек Аймауытов прозасы тілінің көркемдік ерекшелігі» атты диссертациясында талданады.

Ж.Аймауытовтың еңбектері біраз жыл халқымен қауыша алмады. Қаламгер «халық жауы» деген жаладан ақталғаннан кейін, 1989 жылы алғашқы кітаптары баспадан шыға бастады. Шығармаларының жариялануында редакциясын басқара отырып, түсінік берген ғалым С.Қирабаев болды. С.Қирабаевтың «Жүсіпбек Аймауытов» атты еңбегі де халыққа жазушының шығармашылық өнері мен таланты, жазықсыз жала жабылған тағдыры, т.б. жайлы мағлұмат берген алғашқы еңбек болатын. Кейіннен талантты жазушының шығармашылығы, өнері, ғылым саласына қосқан еңбектері кеңінен талдауға түсе бастады. Ж.Аймауытовтың романдарын С.Қирабаев, Р.Нұрғали, Д.Ысқақов, Ш.Елукеновтер монографиялары мен мақалаларында зерттеген болса, А.Зейнуллина мен Қ.Әбдікова Жүсіпбек шығармашылығы туралы диссертациялар қорғағанын жоғарыда айтып өттік.

С.Қирабаев: «Жазушы шеберлігі оның тілінің образға байлығымен, ұйқасты тапқырлығымен, сөйлеу, жазу үлгісінің сонылығымен ерекше көзге түседі. Суреткерлік, өмірді сурет, образ арқылы тану, бейнелеу ретті жерінде оған өзінің ой-толғаныстарын қосу Жүсіпбек өнерінің басты белгілері. Жазушы стиліндегі осындай әр қылықтың түйіндесуі қат-қабат өмір шындығын, соған деген жаңа заман көзқарасын айқындау үшін әдейі алынғанға ұқсайды. Кейде өзіне ұнамсыз өмір фактыларын жазушы сатиралық үлгіде суреттесе, оқиғаның бірінен-біріне ауысу тұсында халық әдебиеттің әңгімелеу стилін пайдаланады»- дейді [29, 160 б.].

Ж.Аймауытовтың қоғамдық саяси қызметінен бастап, әр түрлі еңбектері бірнеше зерттеу еңбектеріне өзек болды. Т.Әбдіқадырова Ж.Аймауытұлының

психологиялық-педагогикалық еңбектерінің негізінде жеке тұлғаны қалыптастыру мәселесіне тоқталады.

Г.Шоқымның ғылыми жұмысының негізгі нысаны Ж.Аймауытов романдарындағы қосунді сөздер, олардың қолданылу ерекшеліктері мен көркемдік стилистикасының қызметі болса, Р.Досжанова жазушы прозасындағы қайталаманың ерекшеліктеріне лексика-синтаксистік тұрғыдан талдау жасап, оның шығарма тілінің көркемділігіне тигізер әсерін қарастырады. Ж.Аймауытұлы прозалары ырғаққа негізделіп құрылып, сазды әуенімен ерекшеленіп, басынан аяғына дейін тұтастай терме, жыр секілді желдірме, шешен сөзге бай болып келеді. Ж.Аймауытов шығармалары туралы Р.Досжанова: «Шығарманың ырғақты құрылысы міндетті түрде оның грамматикалық құрылысымен байланысты. Ырғақты ұйымдастыруда жеке дыбыс та, екпін де, интонация да, жеке сөз де, олардың тіркесі, шығарманың жалпы тоны белгілі бір роль атқарып тұрады. Дыбыстық қайталаулар лексикалық қайталаулармен ұштасып, соңғылары синтаксистік қайталауларға тиек болып, шығарманың өзіндік қайталанбас ырғағы, әуені құрылымын ұйымдастырады», - деп тұжырымдайды [27, 59 б.].

Ж.Аймауытов прозасы тілінің көркемдік ерекшеліктері лингвистикалық тұрғыдан қосунді сөз, қайталама құбылысына байланысты зерттелген. Бұл орайын келтіріп, сөз қолдану арқылы сөз құдіретін көрсету мен сөзден айшықты кесте өрудің қас шебері Ж.Аймауытов прозасы тілінің бір қырын танытады. Ал тұтастай алғанда, Ж.Аймауытов прозасы тіліндегі тілдік құралдар мен олардың семантика-стилистикалық жақтары бүтіндей лингвистикалық талдауға Г.Кәріпжанованың еңбегінде түскен.

Көркем әдебиет қоғамдық өмір қалыптастырған әлеуметтік топтардың қоғамдағы алатын орнын, өзара қарым-қатынастар мен өзіндік ерекшеліктерін көрсетуде бірінші кезекте сол топтардың тіліне тән тілдік элементтерге иек артады. Мұндай тілдік құралдар көркем шығармада ортақ кәсібі мен тұрған жері, өскен ортасы т.б. жағдайлар біріктірген адамдар тобының әлеуметтік ерекшелігінен хабар беретін стильдік көрсеткіштер болып табылады. Көркем образ жасауға апаратын жолдағы көптеген амал-тәсілдер қатарында адамға тән түрлі характер мен оның қалтарыстарын көрсетуде жазушы үшін үлкен маңызға ие нәрсе – кейіпкер тілін «өзгермеген» қалпында пайдалану. Қоғамдағы өзі кіретін әлеуметтік топ пен өз ортасы атынан сөйлейтін кейіпкер ешқандай әсірелеу, боямасыз-ақ өз келбеті мен бітім болмысынан, білімі мен қабілетінен хабар беріп, тіл арқылы өз орнын айқындайды. Бұдан кейіпкер бейнесін сомдауда тілдік құралдардың қаншалықты маңызды екендігін, сондай-ақ, тіл мен әдебиет арасындағы байланысты айқын аңғарамыз. «Көркем текстті өнер туындысы ретінде зерттегенде таза лингвистикалық әдіс – тәсілдермен шектеліп қалу жеткіліксіз. Себебі, көркем туынды (көркем текст), даралық көркем стиль жазушы шығармаларының көркем құрылысы ғана емес, әр жазушының шығармаларына тән мазмұн мен түр ерекшеліктері. Көркем әдебиет стилистикасында шығарманың тілін оның идеялық мазмұнынан бөліп алып қарауға болмайды. Бұдан талдаудың лингвистикалық принциптері мен

әдіс-тәсілдерін әдебиеттану тұрғысынан талдаумен, соның ұғымдары, категорияларымен, принциптері және әдіс-тәсілдермен ұштастыру қажеттілігі туады» [31, 17 б.]. Тілдік ерекшеліктерді туғызудағы негізгі факторлардың бірі шығарма кейіпкерінің қоршаған орта қалыптастырған дүние танымы мен өмірге деген өзіндік көзқарасы, көрген-білгені мен оқып-түйгенінен туған адами позициясы образ жасаудағы жазушы ескеретін бірден-бір жайт болып табылады.

Көркем туынды-қоғамның айнасы. Тіршілік иірімдеріндегі адамдар тағдырын бейнелеп, образдар галереясындағы олардың қайталанбас портреттерін жасау үшін жазушы кейіпкердің жеке басына тән барлық белгіні пайдалануға тырысады. Ол белгілердің қатарына тілдік ерекшеліктер де кіреді. Яғни ана сүті, әке өсиетімен дамитын ұлттық белгілерден бастап, мекен еткен жері мен кәсібіне байланысты тілдік ерекшеліктер, сондай-ақ, жас мөлшері мен әлеуметтік сипатын танытатын білім деңгейі, осы айтылғандарға қатысты сөз саптауындағы тілдік өзгешеліктер назардан тыс қалмайды. Оның сыртында әр адамның сөйлеу мәнеріндегі индивидуалдық даралық образ сомдаудағы ең қажетті құралдардың бірі болып табылады.

«Зер салатын болсақ, Ж.Аймауытов шығармаларының сюжеттік-композициялық құрылымы дәстүрлі классикалық стильде құрылған. Нақты айтсақ, ең алдымен оқиға болатын жер, одан кейін табиғат көрінісі, кейіпкерлер, олардың образы суреттеліп (кескін, мінезі т.б.) әңгіме желісі өрбиді. Ж.Аймауытовпен тұтас өмір сүрген жазушыларға тән бір тұтас стильді байқаймыз», - дейді Б.Шалабай [31, 41 б.].

Е.Жанпейісов: «Қазақ прозасының алғашқы үлгілері XX ғасырдың соңғы ширегінен былай көріне бастады. Олардың тілінен, стилінен ауыз әдебиетінің элементі біраз байқалады», - дейді [32, 27 б.].

Жүсіпбек Аймауытов оқырман қауымның назарын аударып, әрі оқиғаны әсерлі жеткізу үшін өлеңге тән ұйқасты құрылымдарды қолданады. Себебі оқырманға әсер ету тәсілдерінің бірі – сөйлемнің сыртқы көрінісі.

Автордың ұйқасқа негіздеп ырғақ жасаудағы мақсаты-оқырман назарын аударту, сондай-ақ қаһарманның сезім пернелерін тап басып көрсету.

Жазушы қолданған сөз тіркестері, бейнелеуіш сөздері сол кездегі қазақ халқының тұрмысына, ұғымына лайық қолданылған. Телегей теңіз сөз маржанын шеберлікпен таңдап алған психолог жазушы асқан суреткерлік танытқан. Қаламгер кейіпкерлер бейнесін өмір шындығымен жанастыра суреттейді. Ж.Аймауытов адамның ішкі сезімін, көңіл-күйін, сыртқы дене мүшелерімен аастыра бейнелейді. Сол арқылы кейіпкердің эмоциялық жан-күйін, мінезінің бір қырын айқындайды. Сырт кескін мен ішкі мән арасында сәйкессіздік орнауы кейіпкер іс-әрекетінде табиғилықтан гөрі жасандылық басым болуына әкеледі. Ал Ж.Аймауытовта ондай жасандылықты кездестіре алмаймыз. Себебі жазушы кейіпкерлерінің жүріс-тұрысы, қимыл-әрекеті мен сөйлеу мәнері бірін-бірі толықтырып отырады. Кейіпкердің қас-қабағын, өңін, жүзін, қалпын суреттеу арқылы мінез ерекшелігін танытады.

Жазушының төбелі шығармасы-«Ақбілек» романы. Ол XX ғасыр

басындағы қазақ прозасының-романының асқан биігі іспеттес. Бұл роман өзінің сюжеттік-композициялық құрылымымен де, бейнелі, кестелі сөз өрнегімен де қазақ әдебиетінің асыл мұраларының бірі.

«Ақбілек» романы-кезінде жеке кітап болып басылып үлгермеген шығарма. Романда азамат соғысы кезіндегі қазақ даласындағы аласапыран жағдай, әлеуметтік тартыстар, жеке адамдар тағдыры сөз болады. «Мұнда феодалдық-рушылдық ортада жікшілдік тартыстардан қорлық көрген қазақ қызының жаңа заман шындығын пайдаланып, өз бақытын табуы, тең құқылы азамат болуы бейнеленеді» [29, 14 б.],-дейді С.Қирабаев.

Ақтар қашып, қызылдар қуып, қазақ елі тыныштықтан айрылған заманда көптеген қиянат, зорлық-зомбылықтар болып жатты. Әсіресе қазақ қызының бұрын болмаған қорлыққа ұшырауы-ауыр сын. Оны жеңіп шығу үшін қайрат-жігер, төзім керек болады. Романдағы басты кейіпкер өмір ауыртпалығын осындай қасиеттері мен білім арқасында жеңіп шығады.

«Бұл-қазақ кедейінің өмірін, оның әлеуметтік арпалыстар кезіндегі күрделі тағдырын эпикалық үлгіде көркем бейнелеуге арналған қазақ әдебиетінің алғашқы көлемді шығармасы» [7, 9 б.] .

Мұнда ақ патша заманынан бастап 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, елді біресе ақтар, біресе қызылдар билеп, аласапыран болған кез, жұрттың малын тартып алу, байларға қысым секілді әлеуметтік ірі оқиғалар кең көлемде баяндалады. Осындай жағдайларды суреттеуде Жүсіпбек өзінің реалист жазушы екендігін дәлелдейді.

«Ақбілек» романы жанры жағынан-психологиялық шығарма. Оны кейіпкерлерді талдағанда көз жеткіземіз. «Өзіне дейін қазақ прозасында роман дәстүрі терең тамыр жаймағанына қарамастан, «Ақбілек» романы стильдік, композициялық тұрғыдан, сөз жүйесі бойынша іргелі көркемдік талаптарға қысылмай-қымтырылмай жауап береді» [33, 31 б.].

Арасында ақ өлең үлгісімен жазған. Сюжеттің басталуы, аяқталуында, композициясында артық боп тұрған кейіпкер де, оқиға да, сөз де жоқ. Юмор, сарказмды көп қолданады.

Ж.Аймауытовтың қоғамдық саяси қызметінен бастап, әр түрлі еңбектері бірнеше зерттеу жұмыстарына өзек болғандығы белгілі. Жазушының әдеби шығармашылығы жөнінде кезінде С.Садуақасұлы, М.Әуезов, Ғ.Тоғжанұлы, С.Мұқанов, және т.б. пікір білдірсе, кейінгі тұста, С.Қирабаев, Т.Қожакеев, Ш.Елеукенов, Б.Майтанов, Р.Тұрысбеков, Д.Досжанов, Р.Нұрғали, С.Мұратбеков, А.Сатаев, Б.Құндақбаев, Ә.Әбішев, Д.Әбілов, Б.Тәжібаев, Б.Кенжебаев, Т.Жұртбай, Б.Байғалиев т.б. ғалымдар тарапынан қарастырылған еңбектеріне талдау жасалып, әдеби құндылықтар мысалдармен көрсетілді.

Ж.Аймауытовтың бай әдеби мұрасы туралы зерттеушілер:«Жүсіпбектің әдеби мұрасы зерттелген емес, зерттелмек түгіл, сонау 20-жылдардан бастап Аймауытұлын арандату әрекеті, оған жазықсыз жабылған пәле-жала Жүсіпбектің көзі жойылғанша, жойылғаннан кейін де, толастаған емес. Ол өз алдына зерттелетін мәселе», -дейді [34, 391 б.] Себебі, жазушы ақталғанға дейін Ж.Аймауытовқа, оның шығармашылық мұрасына социалистік көзқараспен баға

беріліп, ескілікті уағыздайтын шығарма ретінде танылып, нәтижесінде халыққа қарсы идея ұсынған «ұлтшыл», «буржуазияшыл», «халық жауы» деген атақтар беріліп жазаға тартылды. Жүсіпбек Аймауытов шығармалары пән бағдарламасына енбей, оқушылар назарынан тыс қалды.

Рақымжан Тұрысбек өзінің Ж.Аймауытов өмірі мен шығармашылығы жайындағы еңбегінде: «...Міне, «елі үшін күйген» көрнекті қазақ қаламгері, акын, әрі аудармашы, драматург Ж.Аймауытұлының талант табиғаты мен тағдыры, сондай-ақ, өмірбаян беттері мен шығармашылық ғұмырнамасының кейбір қырлары, перзенттері мен шәкірттері ой-пікірлерінің үзік-үлгі сырлары осындай. Біз бір ғана Жүсіпбек Аймауытұлының өмірбаян беттері мен шығармашылық ғұмырнамасына үңілгеннің өзінде кезең кестелері әр қырынан көрініп, талант табиғатына, дарын дидагына парасат шуағынан гөрі-саясат салқыны көлеңкесін молынан түсірген, салмағын анық аңғарамыз»-деген [34, 90 б.].

Ж.Аймауытовтың драмалық шығармалары өз алдына үлкен тақырып. Бұл тақырып тілшілер тарапынан қарастырылмағанымен әдебиеттанушылар тарапынан біршама құнды пікірлерге арқау болған. Драматург шығармалары ұлттық драматургия мен театр өнерінің дүниеге келуінде маңызды орын алады. Төңкеріс қарсанында бірлі-жарым пьесаларымен алғашқы қадам жасаған қазақ драматургтері Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов, Мұхтар Әуезов, Сәкен Сейфуллин, Жұмат Шаниндердің еңбектері драматургия жанырының негізін қалады және алғашқы театр өнерінің тууын жеделдетті. Европалық үлгідегі театр тек қана европалық үлгідегі драматургия арқылы дүниеге келеді десек, оның қыры мен сырын меңгеруге қазақ топырағында ден қойған.

Жүсіпбек Аймауытов қаламынан туып, сол кезде сахнаға қойылған тұңғыш үш пьесасы «Рабиға» «Мансапқорлар» «Қанапия-Шарбану» 1916-1917 жылдары жазылған. Ал, «Ел қорғаны», «Шернияз», «Сылаң қыз» 1920-1925 жылдар ішінде жазылған. Жиырмасыншы жылдардағы тәуір пьесаларға алғашқы жарияланған бәйгенің нәтижесінде М.Әуезовтың «Қарагөз» трагедиясынан кейінгі екінші орынды Ж.Аймауытовтың «Шернияз» шығармасы иеленді. Ол сондай ақ А.С.Пушкиннің «Сараң сері», «Тас мейман» трагедиялары мен Н.В.Гогольдың «Ревизорын» қазақшаға «Бақылаушы» деген атпен аударған. Соңғысының жазбасынан әзірге ешқандай із жоқ. Ендігі бір аударған пьеса «Октябрь» әзірге қолжазбасы табылмағандықтан, кімнен аударылған, қандай драматургтың дүниесі екені белгісіз. Бәлкім, қазақшаға аударылғаннан кейін пьесаның түпнұсқасының аты өзгеріп кетуі де ықтимал.

Ж.Аймауытов жазған, аударған драматургиялық шығармалардың ұзын ырғасы, осы пьесаларының бәрі де Семейдегі губерниялық, кейін «Ес-Аймақ» деп аталған труппадан бастап, Қазақстанның көптеген қалаларында, Тәшкентте, қазақтың тұңғыш Мемлекеттік ұлт театрының сахнасында Қызылордада қойылған. Ж.Аймауытов қазақтың ауыз әдебиетін жетік біле отырып, көне дәуірді бейнелейтін бір пьеса жазбаған, пьесаларды тұтас алып қарағанда, барлығы да өз кезеңінің болмысын суреттейтін шығармалар. Және басқа драматургтердің дүниелеріне ұқсамайтын өзіндік ерекшеліктері де айқын

көрінеді. Оның барлық пьесалары шымылдығының ашылуы жеке кейіпкерлердің психологиялық толғанысынан бастау алады. «Рәбиғада» оқиға өзінен өзі іштей арпалысып отырған Рәбиғаның монологынан басталады. «Ел қорғаны» Оқығанның әңгімесінен, «Қанапия Шәрбануда» Шәрбанудың шешесі Ұмсынайдың уайымға толы үрейлі монологынан басталады. Ж.Аймауытовтың драматургиядағы мол еңбегіне кейінірек тоқталмақпыз. Қазан төңкерісінен кейін қазақ драматургисынан төңкеріс тақырыбын алғаш көрген С.Сейфуллин болды. Оның «Бақыт жолына» атты пьесасы 1918 жылы 1 Май мерекесі кезінде сахнаға қойылды. Бұл туралы автордың өзі мерекені көңілді өткізгенін, демонстрацияға қатысып, митинг құрғанын айта келіп: «Омбыда оқып жүрген Ақмоланың мұқтаж балалары мен «Жас қазақ» пайдасына кешке қазақша ең бірінші рет Ақмолада үлкен сауық жасалды. Сауыққа оның алдында ғана жазылып біткен «Бақыт жолына» деген менің пьесам қойылды. Менің ең алғашқы ірі деген шығармам осы еді, сонымен «жазушы» болып едім», деп жазды. Сауыққойларды қызықтырған пьесадағы жаңашыл бағыт, бірі бірі сүйген екі жастың ескіліктің бұғауын үзіп, бақытты өмірге ұмтылуы.

Жүсіпбектің сан салалы шығармашылық мұрасының салмақты жағының бірі-оның драматургиясы дедік. Ол қазақ әдебиетінде төңкеріс қарсаңында ғана туа бастаған осы жанрдың да негізін салушылардың қатарында аталады. Сонымен қатар Жүсіпбек–қазақтың ұлттық театр өнерінің де бастауында тұрған адам. Қазақ даласында алғашқы ойын-сауық үйірмелерін ұйымдастырып, оған өзі жазған пьесаларына өзі режиссерлық жасап, сахнаға қоюшылардың алдыңғы легінде де Жүсіпбектің аты бар. Бұл жөнінде профессор Б.Құндақбаев өзінің «Жүсіпбек Аймауытов және театр өнері» атты мақаласында кеңінен қамтып айтқан. Ол ұлттық сахна өнерінің алғашқы үлгілері жайлы материалдар жинау үстінде Семейде Аймауытовтың қатысуымен қойылған спектакльдер тарихымен танысқанда, оның «тәй-тәй басып дүниеге келуі Жүсіпбек Аймауытов есімімен тығыз байланысты болып шықты», -деп жазды.

1926 жылы тұңғыш қазақ театры ашылып, соған елге таныс халық таланттарын шақырғанда, солардың ішінде Ж.Аймауытовтың да есімі болған («Еңбекші қазақ», 16-қаңтар, 1926). Бірақ ол Шымкентте педагогикалық техникумға директор болуына байланысты келісім бермепті. Соған қарамастан Жүсіпбек театр ұйымдасқан тұста Қызылордада болып, театр жұмысын жандандыруға араласқан, жаңа спектакльдер жасаған. Кейін сол театр сахнасында өзінің «Шернияз» атты пьесасын қойған.

Жазушы өзі: «1916 жылғы қазақтан жұмысшы алудың артынан пьеса жаза бастадым. Алғаш жазған 5 перделі пьесам (Нұрғали Құлжанов ұнатпаған соң) жарыққа шықпады, оған жалғас «Рәбиға», «Жебір болыс» («Мансапқорлар»), «Қанапия-Шәрбану» 1916-1917 жылғы жазған пьесаларым, кейін түзетіп баспаға бердім»-дейді. Бұл-оның пьеса жазумен төңкерістен бұрын-ақ шұғылданғанын растайды. Ол кезде Жүсіпбек пьесалары қолжазба күйінде тарап, көркемөнер үйірмелерінде қойылған. «Қанапия-Шәрбану» пьесасының кітап болып шыққан нұсқасына (1926) жазған кіріспеде жазушы «Бұл драма 1917 жылы жазылған еді. Семейде және басқа қалаларда бірлі-жарымды ойналғаннан кейін жазған

дәптерім жоғалып кетіп еді. Биыл кітапты қолыма түсіріп, түзетіп жаздым. Ескі қолжазбасы қолында бар кісілерден ол күйінде ойналмауын тілеймін», - деп ескерту жасағаны – бұған дәлел. 1917 жылы 17 желтоқсанда Семей жастарының ойын-сауық кешінде Жүсіпбектің өзі режиссерлық етіп сахнаға дайындауымен оның «Рәбиға», «Ескі тәртіппен бала оқыту» атты пьесалары қойылған. Жиырмамыншы жылдар ішінде осы жанрдағы ізденісін жалғастырып, ол «Сылаң қыз» (1922), «Ел қорғаны» (1925), «Шернияз» (1926) сияқты пьесалар жазған. Бұрынғы пьесаларын жөндеп, бастырған («Мансапқорлар» (1922), «Рәбиға» (1926), «Қанапия-Шәрбану» (1925)).

Жүсіпбек пьесалары негізінен, өз дәуірінің ең маңызды әлеуметтік мәселелерін көтеруге, оларды сахна арқылы бейнелеп көрсетуге арналады. Ол феодалдық-патриархалдық салтты, мешеулікті шенейді, елді оқуға, өнер-білімге, қараңғылықтан шығуға үндейді. Әйелдің бас бостандығын, халықтың азаттығын, теңдігін қорғайды.

«Рәбиға» пьесасында ескі салт бойынша мал берген қойшы шалға тиген Рәбиға деген жас әйелдің тағдыры сөз болады. Әуелі бата бұзудан, ата-ана қарғысынан қорыққан Рәбиға тағдырына мойынсұнып бақса да, шалдың о жар мінезіне (әр нәрсені сылтау қылып әрі қызғанып, жас әйелді ұра береді) шыдай алмай, одан кетуге мәжбүр болады. Ескі салт қосақтаған шалдан өз басына бостандық алып кетіп бара жатып, ол: «Кел, қазақтың күң қыздары, қол ұстасып, бостандық тұрмысқа жетейік!» - деген ұран тастайды.

Осы тектес идеяның анықтығы Жүсіпбектің басқа пьесаларында да байқалады. «Қанапия-Шәрбануда» жаңа заманның теңдік алып қосылған екі жасы сахна соңында «Жасасын теңдік!» деп шығады. «Шерниязда» пьеса уақиғасы сахна сыртында мылтық атылып, революцияның болғанын хабарлаумен бітеді. Бұлардың бәрі көп жылдар үстем тап пен отаршылдықтың екі жақты қанауында болып келген халықтың: «Өзгеріс, бостандық, теңдік!» деген жаңа ұранмен басталған жаңа өмірін қуаттау идеясынан туады.

«Ел қорғаны» пьесасында сол кездегі қараңғы қазақ ауылына өкіл боп барып, саяси жағдайды, жаңа өкімет көзқарасын оқыған азамат түсіндіреді. Ол төңкерістің жайын, «ақтар» мен «қызылдардың» кім екенін, «ақтарға» қарсы елді қорғайтын жасақ ұйымдастыру қажеттігін айтады. Елді өзін-өзі қорғау ісіне жұмылдырады. Бұл да шығарманың ашық идеясы. Революция дәуіріндегі әр қилы пікір, ой таластарын саралай келе, жазушы оқығанның аузымен оларға баға береді.

Бұл шығармаларда идея көбінесе үгіттік үлгіде ашылатыны да байқалмай қалмайды. Жазушы оны дәуір талабы есебінде қояды. Қараңғы қауымға жаңалықты сахна арқылы жеткізуді көздейді.

Жүсіпбектің пьесалары идеялық мазмұнының байлығымен ғана емес, драмалық тартыстың өткірлігімен, характер жасаудағы ізденістердің әрқилылығымен ерекшеленеді. Ол тартысқа негіз етіп әлеуметтік қайшылықты алады. Сол қайшылықты күрестерде әр қилы топ өкілдерінің ұстанған бағытын анықтап, образдарды даралауға ұмтылады.

Б.Құндақбаев Жүсіпбек пьесаларының басқа драматургтердің еңбектеріне ұқсамайтын ерекшелігі есебінде психологиялық толғанысты ашудың өзгеше жолына назар аударады. «Оның барлық пьесалары шымалдығының ашылуы жеке кейіпкерлердің психологиялық толғанысынан бастау алады. «Рәбиғада» оқиға өзімен-өзі іштей арпалысып отырған Рәбиғаның монологінен басталса, «Ел қорғанында» «Оқығанның әңгімесінен», «Қанапия-Шәрбануда» Шәрбанудың шешесі Ұмсынайдың уайымға толы үрейлі монологінен, «Мансапқорларда» болыс сайлануды армандаған Мүсілімнің айла-тәсілінен, ішкі жоспарынан басталады. Осылай басты кейіпкердің сөзінен немесе монологтерінен басталған пьесаның әрекеті ширақ, кейіпкерлері барлық оқиғалардың түйінін шешіп, соның тізгінін пьесаның аяғына дейін [35, 21 б.] ұстап отырады».

Жүсіпбек пьесаларындағы адам сезімінің ішкі иіріміне, оның нәзік қылдарын баса білген шеберлігіне көңіл аудара қарасақ, Б.Құндақбаев байқаған жазушы ерекшелігі туралы ойлардың шындығына көзің жетеді. Әдет-салтқа мойынсұнып шалға барған жас келіншек Рәбиғаның ішкі ой-сезімін Ахметтің әні талқандап кетеді. Теңіне қосыла алмай қалған Рәбиға, ендігі жерде іске аспаған арманына ой жіберіп, шалының дөкір, тұйық мінезін міней бастайды. «Тым болмаса жарқылдап отырса, кедейлігі де, шалдығы да білінбес еді»,—деп ойлайды. Оны рухани үйлесе алмаушылық, жалғыздық қинайды. Осы жайлар жас әйелді өзіне тең емес адамнан кетуге итермелейді.

«Қанапия-Шәрбану» пьесасында сүйіскен екі жастың қосыла алмау шырғалаңы 1916 жылғы июнь жарлығы кезіндегі әлеуметтік тартыстар жағдайында өтеді. Шәрбанудың әкесі Исатай ер баласы Ынтықбайды солдаттан қалдыру мақсатымен қызы Шәрбануды Сазанбай байға тоқалдыққа береді. Мұның кедей адамның басындағы еріксіз болған трагедиялық оқиға екені, байдың уақытты пайдаланып жасаған зорлығы пьесада орынды ашылады. Елдің барлық ниеті—Қанапия мен Шәрбану жағында. Пьеса соңында солдаттан қайтқан Қанапия Шәрбануды алып қашып, жаңа өкіметті паналайды. Бірақ жазушы таптық қайшылықты өршіте, шиеленістіре бермейді. Сазанбай жастардан жасаған қателігі үшін кешірім сұрайды. Бұл —Жүсіпбектің үстем таптың кейбір зорлық мінездерін надандықтан көріп, оларды ағарту, түсіндіру жолымен жөндеуге болады деген ойларының, қазақтың жалпылама бөлмей қарауға тырысқанының көрінісі болса керек.

«Мансапқорлар» пьесасы атақ, дәрежеге құмар ел басшыларының арасындағы тартысқа құрылған. Тартыстың бір жағында Қасқырбай болыс болса, екінші жағында—оның туысқан інісі, тілмашы—Мүсілім. Ол кезінде әкесіне жасаған зорлығы мен оқытпағаны үшін ағасынан кек алмақ, оны өлтіріп, орнына болыс болмақ. Сол үшін болыстың жас әйелімен көңілдес болып, оны болысқа у беруге жұмсайды. Жазушы Мүсілімнің қылығын болыстан кек алумен ғана шектемей, оның адам есебінде жауыздығын, мансапқорлығын көрсетеді. Шығарма туыс адамдардың арасын айырып жатқан жіктелушіліктің, зорлықтың үлкен қоғамдық зұлымдыққа, жауыздыққа ұласып жатқандығын ашады.

Мұндағы психологиялық толғаныс шен-шекпенге құмартқан, паракор, мансапқор адамдар бейнесін ашу үшін пайдаланылады. Ол кейіпкер әрекетімен тікелей байланысты. Кейіпкерлер де кесек. Қасқырбай–көп қырлы, сыртқа айбарын жұмсап, сырын шеше бермейтін, құлқын, мансап үшін ештемеден тайынбайтын озбыр болыстың типі. Оның атын да жазушы тегін таңдамағанға ұқсайды. Қасқырбайдың өмір, дүние жөніндегі ұғымы да өзінің қоғамдағы орнына байланысты. «Бірақ ел жемей азулы болмайсың. Азулы болмай, дәулет табыла ма?... Ел жеген жалғаз мен бе? Қазақтың жақсыларында бұрынғы, соңғы да ел қанамағаны болды ма? Біз солардан артықпыз ба? Мен алмағанмен, біреуі алады... Құдай бізді алуға жаратты, дүние күштінікі».

Пьесада негізгі кейіпкерлерге қоса, олардың бейнесін толығырақ аша түсуге көмектесіп тұрған біраз қосалқы адамдар бар. Олардың көрнектілері–жастық, әйелдік осал сезіміне малтыққан Күләнда, Сүлеймен молда, эпизодтық болса да, болыс айналасының шындығын түсінуге көмектесіп тұрған халық өкілдері–Қожантай қажы, Көбекбай, Әубәкір шабарман, т.б.

«Мансапқорлар»-кезінде көркемүйірмелері сахналарында көп қойылған, көтерген мәселенің өткірлігімен, сатиралық уыттылығымен, көркемдік табыстарымен бағаланған пьеса. Оның әр кездегі қойылымдары жайлы 20-жылдары баспасөз бетінде талай хабарлар басылған.

Аймауытов пьсалары ішінде стилі жағынан бөлек бір туынды–«Сылаң қыз». Бұл–комедия үлгісінде жазылған. Онда жазушы бойын сылаған жеңіл мінезді бай қызының қылығын күлкі етеді. Оқымай қалған Бәтиманың оқыған жігіттерден күйеу таңдауы, оның өзіне келген үш жігітті біріне-бірін көрсетпей жасыруы, әкесінің чемодан іздеп жүріп олардың үстінен түсуі – шын мағынасындағы комедияға тән шешім. Оған қыз әкесі Жабағының саудагерлік психологиясын танытар көріністердің, оның түсімдерін, елден алашақ қарыздарын санап отыруын, жалғыз қызына (Бәтимаға) бәтеңке әпермеген сараңдығын қоссақ, жазушының комедия арқылы сылаң қызды ғана емес, оның өскен ортасын да күлкіге айналдырмақ ниетін танимыз.

Аймауытов драматургиясының ең озық үлгісі-«Шернияз» пьесасы. Ол 1925 жылы жазылып, 1926 жылы Қазақстан Халық ағарту Комиссариатының пьесаларға жарияланған конкурсында екінші бәйге алған, сол жылы кітап болып жарық көрген.

«Шернияз» пьесасын автор:

Шернияздың шері бар,
Шерлі қалған елі бар,
Көзінде қанды селі бар,
Аузында қалған желі бар,
Ел ниязы – Шернияз.

Қараңғы қазақ көгіне
Өрмелеп шығып, күн болам!
Қараңғылықтың кегіне
Күн болмағанда, кім болам?-

деп, өрттей лаулап келе жатқанда, ажал оғына тап болып, арманына жете алмай, жастай кеткен Арқаның арқар жанды, асқар жүректі, аяулы ақыны Сұлтанмахмұт Торайғырұлының аруағына арнаймын», - деген.

Шернияз бейнесінде жазушы өз дәуірінің оқыған, саналы азаматының заманның қат-қабат шытырман шындығын кешкен қиналысын суреттейді. Ол қаланың беймаза тіршілігінен қырға, ауылға кетеді. Жан тыныштығын, даланың дарқандығын, ағайындық сыйлы қарым-қатынасты ол қырдан іздейді. Бірақ ел ішінде алауыздық, рулық айтыс-тартыс, дау-дамай Шернияздың тыныштығын бұзады. Ол бәрінен түңіліп, азап шегеді.

Шернияз басынан кешкен бұл трагедия-сол дәуірдің ең бір өзекті, өткір проблемаларының бірі болатын. Қала мен даланың қарым-қатынасы, ол жайындағы қайшылықты ойлар Сұлтанмахмұт ақынның «Қала ақыны мен дала ақынында», Мағжанның «Айда атыңды, Сәрсенбай!» өлеңінде де кең суреттелген. Олардың бәрі де қаланың мәдениет, білім ошақтары болмаса, қалған тіршілігіне үрке қарады. Саудагершілік, сол арқылы тараған адам мінез-кұлқындағы өзгерістер (жеңілтек мінездер, есепке құрылған ұсақтық, эгоистік, пәлекорлық, т.б.) оларға қазақтың дарқан, кеңпейіл мінезін даладан іздетті. Қаланың у-шу, беймаза тіршілігінен панана да ауылдан, дала табиғатынан тапты. Ал ауылдың да өз қайшылығы аз емес-ті. Оны жайлаған рушылдық, ескішілдік салт, әдет-ғұрып заңдары да әділет, шындық іздеген адам жанына тиетін құбылыстар болатын. Шернияз бейнесі арқылы Жүсіпбек те осыны ашады. Шернияздың Базарбаймен қала мен дала тынысын салыстыра жырлаған лирикалы диалогтері арқылы жазушы екі өмірдің өзіндік ерекшеліктерін суреттеуге ұмтылады. Шернияз дала ақыны боп, Базарбай қала ақыны боп жырлайды. Алғашқысы жанға жайлы даланың сұлу табиғатын, қазақтың кең пейілдігін мадактаса, Базарбай қаланың ойын-сауығын, жастықтың желікпе мінезіне лайық өзгешеліктерін қызық тұтады. Дала ұлы Шернияз мінезінде сол даламен рухани тұтастық аңғарылады.

Мынау тұрған көк күмбездей көк шатыр,
Жымыңдаған меруерттей көп жұлдыз,
Сар табақтай жарқыраған Сұлу ай!
Анау жатқан ұлан байтақ кең дала,
Саңғыраған салауатты сандал тау,
Бұта сайын бұлбұл құсы сайраған,
Жұпар иіс жасыл гүлі жайнаған,
Осы отырған майда талды сай, бұлақ,
Осыларды қалай көрмей шыдарсың!-

дейді ол. Бірақ қазақ ауылының қайшылықтары ақынжанды Шерниязды тек торықтырады. Алшағыр, Қордабай бейнелері арқылы көрінетін ағайындық, көңілжықпастық ескішіл мінездер, Раушан арқылы бейнеленген ауылдың етекбасты, олпы-солпы тіршілігі, көңілінен шықпасаң, арызданатын пәлекорлық оны ауылдан бездіреді.

Нәрестедей таза жанды
Ел бар ғой деп ойлаушы ем,

Дос та, жар да, махаббат та,
Елде ғой деп барлаушы ем,-
Жүрегім елді кездірді,-
Бұзылған елден бездірді,-

деп күйзеледі ол.

Қалаға қайта оралған Шернияз өмірі де оңайға түспейді. Аласапыран қаланың тартысты тіршілігі ауырлатқан кейіпкер сезімін біз оның папкадағы қағаздарды қарап тұрып айтқан монологінен көреміз:

Мұғалімнің мұңы,
Боранбайдың ылаңы.
Сүзек кернеді.
Есеп бермеді.
Ақсақалдың бұйрығы.
Ұрылардың қимылы
Бақсының емі,
Молданың жемі.
Аштардың жайы,
Мұқтаж шәкірт.
Парақорлар,
Бұған не лаж?
Талан-тараж...

Азамат соғысы мен кеңестік дәуірдің ауыр шындығы тудырған осы уақиғалар халық басына түскен қайғы-қасіретті бейнелейді.

Шернияздың жан жарасын ұлғайтқан қоғамдық тартысқа оның отбасылық өмірінің сәтсіздігі де қосалады. Ауылды аңсап барып үйленген Раушан оған рухани сүйеу бола алмайды, ауылдың етек басты сауатсыз қызының жүріс-тұрысы, қылығы Шерниязды одан тез безіндіреді. Ал қаладан тапқан жары Жәмила жеңілтек мінезді, алдамшы болып шығады. Әуелде қазақы қыздың сыпайылығын, жұмсақтығын, әдептілігін бағалай алмаған Шернияз қала қызының сыртқы жылтырақтығына, сылдыраған сөзіне елігіп, қателеседі. Оның бойынан рухани жұтаңдық көрінеді. Ақыры Жәмила Базарбаймен қол ұстасып кетеді. Шернияз – заманның осындай ауыртпалығын арқалаған өз халқының адал, күрескер азаматы. Оның ақындығы да халықтық дарынның рухани биіктігін, заманынан жоғары тұрғанын бейнелейді.

Пьеса ақ өлең үлгісімен дәстүрлі өлең араласа жазылған. Оның негізгі кейіпкерлерінің ақын болуы да оған әсер еткен сияқты. Жалпы қазақ драматургиясындағы ақ өлең үлгісі, шешендік поэзияға тән биік пафос Жүсіпбектен басталады. Кейін оны Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Әбділда Тәжібаев әрі қарай, тереңдете, дамытып алып кетті. Осы салада «Шернияз» пьесасының алатын орны ерекше.

Ж.Аймауытов пьесалары идеялық бағыт-бағдары жағынан да, көркемдік ізденістері тұрғысынан да жиырмасыншы жылдар әдебиетіндегі жаңа құбылыс болып табылады. Ол жаңаның жеңісін, ескінің күйреуін суреттей отырып, өз дәуірінің жаңа адамдарын ашты, қазақ ауылындағы әлеуметтік тартыстың

сырын шынайы бейнелейді. Драма жанрының жастығы, тәжірибесіздігінен туған кейбір шұбалаңқылық, оқиға алмасуының жүйесіздігі кездесе тұрса да, Жүсіпбек пьесалары өз дәуірінің сұранысына толық жауап берді, алғашқы қазақ театрының репертуарын құрады.

Ұлттық драматургия мен сахна өнерінің қалыптасуы, оның алғашқы белестері Ж.Аймауытовтың есімімен тікелей байланысты. «Өзге жұрттың мысалына қарағанда, театр өнерінің ұрығы елдің әдет-салтанат, ойын-сауығынан, ән-күй, өлең-жырынан басталған...» деген М.Әуезов ойының растығын Ж.Аймауытов шығармашылығынан байқауға болады.

Сонау көне заманнан келе жатқан халық өнерін ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып, қоғамның әр даму сатысында оған өзіндік үлгі-сипат, тың мазмұн беріп түлетіп отырған тамаша орындаушылары, қайталанбас шеберлері болғаны мәлім. Солардың қатарында Жүсіппек Аймауытов та бар. Бұл қасиет оның бойына сонау өзі туып-өскен туған жерінің топырағында дарыған. «Ақат ағамыз екеуіміз де әрі молда, әрі етікші, ағашшы, әрі шимайшы, әрі домбырашы, әрі әнші болып өстік... Менің 7-8-дегі жалаңбұт жүгіріп жүретін кезімде ойын-сауық болғанда, келіншектер бізді (Ағамыз екеуімізді) көтеріп, етегімізге құрт, бауырсақ салып қойып, қосылдырып ән салғылар еді», - деген автобиография жолдарынан бала Жүсіпбектің өнерге деген құштарлығы айқын сезіледі. Қазақ топырағында тұңғыш спектакль қойған режисер, актер, көркем сөз оқудың шебері, әнші – домбырашы, композитор Ж.Аймауытов әдебиеттің барлық жанырында мол мұра қалдырған. Ол ұлттық драматургияның негізін салып, соның дамуына ерекше еңбек сіңірген аса дарынды қайраткер, 20-жылдардағы театр мен драматургияны дамытуға жетекші шығармашы адам болған. «Рабиға»-Ж.Аймауытовтың шағын драматургиялық дүниесі. Пьесаның атына лайық бостандық пен еркіндікке қолы жете қоймаған қазақ әйелдерінің ауыр жағдайы—сол кезеңнің талабына қарай нанымды суреттеген. Жайбарақат құбылыстан бастаған оқиға желісі жіті дамып, жанр заңдылығына бағындырылып, пьесаның аяғына дейін бәсеңдемейді. Тартыс та пьесаның орталық кейіпкері 19 жастағы Рабиғаның қойшы шалға күштеп қосылған әрекетімен астасып жатыр. Пьесаның аяғында күндіктеп, қорлықтан құтылуға ұмтылып, құрым лашыққа лағнет айтып бара жатқан Рабиғаның әрекеті романтикалық серпінге толы. Пьеса сутертеліп отырған дәуірдің аса бір кезек күттірмейтін маңызды мәселесі—әйел теңдігі тақырыбына-үгіттік үлгіде жазылған. Және бұл ерекшелік дүниеге енді келген ұлттық драматургиямыздың балаң шағына ғана емес, сол дәуірдегі кеңес драматургиясына да ортақ құбылыс еді. Драматургиялық шығарма өз дәуірінің айнасы десек, Ж.Аймауытов пьесалары сол өмір кешкен кезеңнің әлеуметтік мазмұнын, саяси келбетін терең барлаған. Оның таңдап алған оқиғасы, көтерген мәселесінің маңыздылығы, көлем жағынан қомақты, әрі ертерек жазылған пьесаларының бірі-«Қанапия-Шәрбану». Мұнда 1916 жылғы маусым жарлығы бойынша патша үкіметінің соғыс майданына қазақтан қара жұмысқа адам алуына байланысты оқиға драмалық желі болып тартылған, қазақ еліне алапат болып тиген бұл бұл құбылыстын трагедиясын жазушы бір отбасының басына түскен қайғылы

касірет арқылы суреттейді.

Драматург үш бөлімнен тұратын драманың 1-бөлімінде тығырыққа тірелген жандардың жан күйзелісі мен дәрменсіз әрекетін психологиялық толғаныс арқылы ашады. Исатай мен Ұмсынай жалғыз ұлдың жолына азын аулақ малмен бірге, өздерін де құрбандыққа қиып жіберуге дайын. Ал, қара жұмысқа айдалып бара жатқан Ынтықбай мен Қанапия хат танымаса да, елдің саяси өмірін өздерінше берлайтын, еті тірі, тәуекелге бел байлап, алдағы тірлігіне үмітпен қарайтын естияр жігіттер. Бұлардың тізімге ілінгеніне мойынтұсынбай, патша жарлығына қарсы шығып, тау –тастың арасында қарсылық көрсеткендердің арасынан табылуын – нанымды, сол уақыттағы саяси күрестің мазмұнына сай келетін реалистік шешім. Бірлігі жоқ ереушілердің босқа құрбан болуын, маңыздысы–саяси жетекшісі жоқ қозғалыстың сәтсіз аяқталуын автор Ынтықбайдың сөзімен келте қайруы–тарихи шындыққа сүйенуден туған драматургиялық тұжырым. Оның үстіне жазушы 1916 жылғы оқиғаны тұтас қамтуды мақсат тұтпаған. Сол арқылы төңкеріс қарсанындағы қазақ даласындағы әлеуметтік жағдайды қоғам өміріндегі әр түрлі талас тартысты айқынырақ ашуға ден қойған. Төңкерістен кейінгі кезеңге келгенге пьесада оқиғаның дамуынан гөрі, өмір болмысын тұтас қамту, ел тірлігінде елеулі құбылыстардың барлығын бір шғаымаға сиғызы ниеті басым. Пьеса оқиғасында кездесетін шұбалаңқылықты, олардың алмасуындағы кейбір қисынсыздықты драматургия балаңдығымен, тәжірибенің жетіспеуімен түсіндіруге болады. Дегенімен, пьесаның бірінші бөліміндегі қара жұмысқа ілінгендер мен олардың қоршаған ортаның қимыл әрекеті барынша жинақы, әрі нанымды суреттелген. Балаларының тағдырын ойлаған Исатай мен Ұмсынай бейнелері пьесада өзіндік даралықтарымен ашылған. Ал, шығарманың басты кейіпкері–Қанапия мен Шәрбанудың қарым-қатынастары нақты әрекетке, екі жастың жарасымды да үйлесімді диалогтары ішкі драматизмге, астарлы ойға құрылған. Шешенің көзңнше сүйгенімен еркін сөйлесе алмай тұрған Шәрбанудың іштей толқып, қысылып қымтырылуы, оны–мұны сұрастырып тағат таппай, артпаласқа түсуі–бәрі де психологиялық толғаныста суреттелген.

Ал, Қанапия болса, бұл үймен бұрыннан таныс, сүйгенімен сырласып тұрудың ретін табатын еті тірі, көзі ашық, өмірден тигені бар, қиындыққа мойымайтын жігерлі, жалын атқан жас жігіт. Пьесаның 1-бөлімінің оқиға желісі де, кейіпкерлер әрекеті де жіті дамып, оқиға барған сайын ширығып, қызықтырып, еліктіріп әкетеді.

Пьесаның 2-бөлімінен бастап автор трагедиялық бояуды жұқартып, күлкілі сәттерді молырақ пайдаланып, трагикомедиялық бейнелеу тәсілдерін кейіпкерлердің ендігі әрекетін ашуға ұтымды қолданған. Сахна шарттылығын жақсы білген драматург майданның қара жұмысынан оралған Қанапия енді Диуана кейпінде шығарады. Зорлықпен байлап әкетелген Шәрбануды байдың қанды шеңгелінен босатудың жолын Диуана әрекеті арқылы жүзеге асыру–сахналық шарттылықтың ұтымды тәсілі. Басқа жолмен бай ауылына келу, Шәрбануға жолығу мүмкін емес. Автор таңдап алған жол-драманың логикалық

жолы.

Диуана-сол уақыттардағы пьесаларда кездесетін және халықтың әлдеуметтік тірлігіне көп араласатын кейіпкер. Мына пьесада автор оны оқиға желісіне қисынын ауып араластырып, әділетті қолдаушы, сол жолдағы күрескер деңгейіне дейін көтерген. Шынында да оның бай мен бәйбішенің Шәрбануды шырылдатып, жазықсыз зәбір көрсетіп жатқан кезінің үстінен түсуі-оқиға шиеленістіретін жай. Ол Шрбануды қорғап, байдың май басқан кебеже қарның түртіп отырып, әжуа–мысқылмен айтатын өткір диалогтарында, күлдіргі әрекеттерінде жұрттың санасында көне замандардан қалыптасқан халық өкілдерінің бейнесін елестетеді.

Пьесаның 3-бөлімі-Қазан төңкерісінің тұсында жарық көріп, сахнаға қойылған үгіттік пьесалардың шешімдерімен сабақтас. Зорлықшыларды айыптау, бір-бірін сүйген жастарға бостандық әперу, тағы басқа әділет жолындағы күрес. Қанапия мен Шәрбану да бостандыққа осындай жолмен жетеді.

«Маңсапқорлар»-Ж.Аймауытов драматургиясындағы көркемдік шоқтығы биік, әрі аса ділгер мәселені көтерген шығарма. Пьесаның атынанан көрініп тұрғанындай, әкімшіл-әміршіл жүйе үстемдік құрыып тұрған тұстары маңсапқорлық, паракорлық, жуандар мен әльділердің халықты сілектей сорған зорлық зомбылықтары шынайы суреттелген. Шен шекпен мен әкімшілікке таласуда адам өлтіруге дейін барған қара ниет оқығансымақтардың залымдықтары әшкереленеді. Пьесаның оқиғасы мен тартысы бас аяғы сегіз адамның төңірегінде өрби келе, үлкен әлеуметтік құбылысқа ұласады.

Ж.Аймауытов драматургиясының бір ерекше сипаты–қай пьесасын алсаң да, оқиғаның басталуы шымылдық ашылмай тұрып, бұрыннан өтіп жатқан өмір тірлігінің жалғасы сияқты әсер қалдырады. 20 жылдардағы қазақ драматургиясы үшін бұл-аса үлкен айырма белгі. Және бұл өзінен өзі туа салатын әдіс емес, мол тәжірибеден ең алдымен классикалық драматургия ерекшелігі мен көркемдік дәстүрін сахналық өнер заңдылығы мен өзіндік сипатын меңгеруден туатын әрі іс жүзінде бейнеті мол, шеберлікті тілейтін әдіс. Қазіргі драматургиямыздың әлі толық меңгере алмай келе жатқан шарттарының бірі осы.

«Мансапқорлар» шымылдығынаң алғаш ашылуының өзі жаңаша драматургиялық байламға құрылған. Пьесаның орталық кейіпкері Мүсілімнің әрекетін автор: «Кеңседе, екі қолы қалтада, ауызында шылымы, аяндап, сөйлеп жүр» деген ремаркамен ашқанымен, оқиғаның әлде қайда бұрын басталғаны сезіліп тұр. «Қайтсемде болыс сайланып кегімді қайтарсам, дегеніме жетсем» деген Мүсілім ойы пьеса шымылдығы ашылмастан бұрын пісіп жетілгені сезіледі.

Ж.Аймауытовтың айтулы драмалық шығармаларының бірі-«Шернияз» пьесасы.

«Шерниязды шері бар,
Шерлі қылған елі бар.
Көзінде қанды селі бар,

Аузында зарлы желі бар,
Ел ниязы-Шернияз.

«Қараңғы қазақ көзіне
Өрмелеп шығып күн болам,
Қараңғылықтың кегіне
Күн болмағанда кім болам?!»

деп өрттей лаулап келе жатқанда, ажал оғына тап болып, арманына жете алмай, жастай кеткен Арқаның арқар жанды, асқар жүректі, аяулы ақыны С.Торайғырұлының әруағына арнаймын», - деген жолдардан авторлық концепцияны, шығармада ақынға қатысты оқиғалар қамтылғанын аңғаруға болады. Тақырыптық жағынан сол кезеңнің әлеуметтік тірлігін көздеген бұл пьесаның негізгі идеясы-төңкеріс қарсаңындағы қазақ жастарының қоғам өміріне араласуын көрсету. Және бұрын бірең – сараң жазылған шағын пьесалардың ескі ауыл өмірі емес, негізінен, сол кезеңнің болмысынан туған әлеуметтік жағдайлар суреттелген. Пьесада бас аяғы 8 кейіпкер болғанымен, негізгі оқиға екі кейіпкер арасында дамып отырады. Қаладан келе жатқан екі дос -Шернияз бен Базарбай бірін бірі өлеңмен қағытып, қала мен қыр өмірін салыстырып:

Шіркін, қырдың ән-күй, сауық сайраны
Еркіндікті, ерлікті еске салғаны.
Күрес, жарыс, алтыбақан, ақ сүйек,
Соқыр теке, қара құлақ, әйгөлек.
Айт пен тойда қыз қуатын қызығы,
Шілде хана, қынамен бір бөлек.
Неше түрлі ойындарды ойнаушы едік,
Қыз-бозбала отырысып дөңгелек, -

деп, ақана Шернияз шерін тоғіп, шабытқа мінсе, базарбай қаладағы театр мен биді мадақтап жөнелді. Қос бойдақтың жәутендеген қара көз қыз-қырқындар жайындағы әзіл-оспақтар екеуара алма-кезек лирикалық диалогтар туғызып отырады.

Қалада білім алып, қызмет істеп жүрген Шернияз ақын қаймағы бұзылмаған дала тірлігін аңсап, оның мол қызығы мен жанға жайлы сұлулығын барынша әсерлі суреттейді. Ал, қала тірлігінен түнілген сыңайын:

Қаланың театр, музыкасы,
Әйелдің көргісіген қылмыңдасы-
Көңіліме кейде мұң салады,
Бәрі де, алдақ бәрі сауда, қадам басы, -

деп, өзі көрген келенсіз жағдайды ашынып айтады. Сондықтан жарасымдық пен әсемдіктің қазақтың дархан даласынан, саралық пен парасаттылықты қыр адамның бойынан іздейді. Бірақ көп ұзамай ағайын арасындағы алауздық, баяғы жер, су дауы, ұрлық, қарлық Шерниязды мезі қылады. Бұл келенсіз көріністі Ж.Аймауытов Шернияздың аузымен айтылатын монологпен былай суреттейді:

Күнде сөз, күнде мұның шыққан қазақ
Бірін бірі аунатып, жеп жатқан қазақ.
Залымға, күштілерге күші жетпей,
Сот іздеп, тендік іздеп жатқан қазақ.
Сөзіне көріспесең, керегің жоқ,
Кіріссең өзіңе өсек жапқан қазақ.
Елге келіп, тыныштық алам десем,
Басымнан артып кетті-ау, тартқан азап! –

Бұл жерде Шернияз басынана кешкен оқиғаның нәтижесін беріп отыр. Әрекеттің немесе оқиғаның драматургиялық даму желісі сезіле бермейді. Бұл енді, сол кездегі драматургияға тән ортақ кемшілік. Пьесаның тартысы Шернияз бен Базарбай арасында өрбейді. Ел арасындағы жайсыз құбылыстар бұл екеуінің арасына араздық туғызып, базарбай «Аталасыңды жақтадың» деп Шерниязды орынсыз жазғырады. Міне, осы талас тартыс пьесаның аяғына дейін бәсеңдемейді.

Пьесада махабатта жолы болмаған Шернияз ой-өрісі білім шеңбері кем, оқумен бірге зердесіне тоқығаны мол, елдің әлеуметтік қал-жағдайына жеттік, теңсіздік, зорлық-зомбылыққа, парақорлық пен мансапқорына жан-тәнімен қарсы, олармен аяусыз күресетін, әділет туын жоғары ұстаған өз халқының адал азаматы болып суреттеледі. Сонымен, бірге автордың Шерниязды өнердің, қайталанбас ақындық шабытын адамы етіп бейнелеуі де пьесаның өн бойына сезіліп тұр. Ақындықпен шығарманың ішінде қазақ топырағына енді ене бастаған театр өміріне жиі сөз болуы да-Ж.Аймауытовтың бұл өнерге етене жақындаған, соған деген сүйіспеншілігін танытатын құбылыс.

Бүгінгі күні, қазақ әдебиетінде тұлғатану біршама қалыптасқан сала болғандықтан Ж.Аймауытовтың есімі, шығармашылық қайраткерлік еңбегі зерттеу нысанына айналып, қазіргі заман көзқарасымен жаңаша бағамдалуда.

Жүсіпбек Аймауытовтың шығармашылық өмірбаянының тарихын саралаған ғылыми еңбектерді талдай отырып, олардың көбі жазушы ақталған уақыттан кейін жазылғанын байқауға болады. Жүсіпбек Аймауытов егемендігіміздің арқасында әдебиетіміздің ақтаңгері болып әдебиет алыптарының қатарына қайта қосылды. Қаламгердің жазушылық мол мұрасы, адамгершілік, мінез-құлқы туралы ашық айтуға, зерттеуге, насихаттап жазуға мүмкіндік туып отыр. Демек, кемел де кемеңгер суреткердің шығармашылық еңбектерін көркем әдеби сын тұрғысынан қарастыру, тиянақтап жинақтау, суреткер турасында естеліктер жазу, оның шығармаларын ұлтымыздың ұлттық байлығына, халқымыздың рухани игілігіне айналдыру бүгінгі таңда кезек күттірмейтін маңызды іс деп айтсақ қателеспейміз.

«Жүсіпбектің сан салалы шығармашылық қызметі дәуірдің талап етуінен туды. Бұл-бір Жүсіпбек басындағы ғана емес, қазақ интеллегенциясының алғашқы буынына түгелдей ортақ сипат. Әр саланың өз мамандары жоқ кезде олар заман, өзгеріс дәуірін күн тәртібіне қойып отырған қажеттікті өтеуге бар мүмкіндіктерін жұмсады. Ақын да, жазушы да, драматург та, ғалым да болып еңбектер жазды. Аударма да жасады. Бүгін біз Жүсіпбектің көркем

туындыларының әдебиет тарихындағы орнын, жазушы шеберлігін, ізденістерінің байсалдылығын айта отырып, оның барлық шығармашылығының тарихи маңызын айрықша атаймыз» [36, 24 б.].

Зерттеуші пікірінің растығына жазушының артында қалған мол мұрасы дәлел.

Ж.Аймауытов шығармаларының зерттелуі туралы сөз қозғағанда ғалым-ұстазымыз Ғайша Ертайқызы Имамбаеваның еңбегін айтамыз. Зерттеуші лингвистикадағы етіс категориясының теориялық негіздерін зерттеуде Ж.Аймауытовтың прозалық шығармаларын нысан етіп алады. Қаламгер шығармалары негізінде етіс категориясына байланысты теориялық тұжырымдар жасайды. Біз сол зерттеудің негізінде қаламгердің драмалық шығармаларындағы етіс категориясына лингвистикалық талдау жасадық.

2.2 Етіс категориясының антропоэектілігі

Бүгінгі таңда тіл білімінде антропоэектік бағыт үстемдік алып, адам факторына ерекше мән беріліп отыр. Зерттеу парадигмасының антропоэектік ұстанымы тілдің диалектикалық бірліктегі ең маңызды екі қызметін, атап айтқанда, танымдық (когнитивтік) және коммуникативтік қызметін терең ашуға бағытталады. Антропоэекті зерттеулерде ұлттық сананың тілдегі көрінісі бейнеленеді.

Тілден тыс болмыс сөйлеушілердің тілінде бейнеленумен қатар, бір тілде сөйлесушілердің ойлау жүйесі де ортақ болады. Ғаламның тілдік бейнесін түзуде грамматикалық категориялардың өзіндік орны бар. Қоғам дамуына байланысты грамматикада да өзгерістер болып тұрады. Алайда ол лексикамен салыстырғанда, өте баяу жүреді.

Қазіргі тіл біліміндегі антропоэектік бағытқа сәйкес тілдің адамның ойлау жүйесі мен іс-әрекетіне ықпалы, сонымен қатар адамның тілге әсері, тілдегі адам факторына ерекше мән берілуде. Осы тұрғыдан қарағанда, грамматикалық категориялардың қалыптасуында адам болмысы, мінезі, көзқарасы, коммуникативті актіге қатысушылардың т.б. антропоэекті сипатының объективті жағдаятқа қатысы байқалады. Соның нәтижесі ретінде грамматикалық категориялар түрлі формада тілдік бірліктер арқылы тұрпатталады. Оған негіз болатын грамматикалық қатынастар санада мазмұнданып, осымен байланысты морфологиялық категорияларды таным әрекетімен, концептуалдау және категориялау үдерістерімен тығыз байланыста қарастыру қажеттігі туындайды. Соған сәйкес жүргізілетін талдау тілдік құбылыстарды антропоэектік тұрғыдан айқындайды. Мұнда адам екі түрлі бағытта сипатталады: 1) адамның тілдегі көрінісі; 2) адамның тілді тұтынуы. Бірінші бағытқа сәйкес адамның дүниетанымы байқалады. Мысалы, адамның соматикалық бейнесінің концептуализациясы нәтижесінде адамның физикалық қабілеті, зияткерлік (интеллектуалдық) қабілеті, эмоциясы, әлеуметтік «мен»-і көрінеді, адам сөйлеу-ойлау әрекетіне қатысушы тұлға ретінде көрінеді. Адамның тілдегі көрінісі негізінен лексика мен фразеологияда айқын көрініс

тапқан, сондай-ақ грамматикалық категориялардан да оның өзіндік ерекшеліктерін байқауға болады. Ол үшін грамматикалық категорияларды жеке-дара, оқшау қарастырмай, коммуникация мен когниция талаптарын ескере отырып, тілді когнитивті жүйе ретінде тұтас қарастыру қажеттігі байқалады.

Екіншіден, зерттеу жұмысында *тіл мен адам* өзара байланыста қарастырылып, адамның грамматикалық категорияларды танушы және атаушы субъект ретіндегі және концептуалдаушы, коммуникативті діттеміне (*интенция* сөзінің баламасы, Н.Уәли термині) байланысты коммуникация әрекетіне енгізуші, тілді тұтынушы тұлға ретіндегі қызметіне ерекше назар аударылады. Бұл орайда тіл қарым-қатынас құралы, әлемді тану құралы, білімнің шоғырлану құралы, білімді жеткізуші құрал болып табылады. Осымен байланысты қазақ тіліндегі морфологиялық категорияларды тілде концептуалды мазмұнды репрезентациялайтын құрал ретінде алғаш рет кешенді түрде қарастыру зерттеу жұмысының өзектілігін көрсетеді. Грамматикалық жүйедегі тілдік репрезентацияның антропоөзектік тұрғыдан сипатталуы қазақ тілін үйренушілер үшін де ерекше маңызды болып табылады. Сайып келгенде, белгілі бір ұлттық ұжымда қалыптасқан тіл тұтынушының тілдік санасындағы грамматикалық құрылымнан әр тілдің өзіндік ерекшелігі, ұлттық дүниетанымы көрінеді.

Қазақ тіл білімінің қалыптасып, дамуына елеулі үлес қосқан ғалымдарды *элитарлық тұлға* ретінде сипаттай отырып, тіл білімінің қалыптасқан кезеңінен бүгінгі таңдағы еңбектерге дейін хронологиялық тұрғыдан сипаттау, бір жағынан, жекелеген категориялардың танылу үрдісінен хабар беріп, ұлттық тіл білімінің қалыптасу, даму ерекшелігін көрсетсе, екінші жағынан, әр кезеңде тіл білімі саласында еңбек еткен ғалымдардың бүгінгі таңдағы ғылым жетістіктерімен, жаңа бағыттармен сабақтастығын сипаттай келіп, тіл деректері мен қазақ тіл білімінің дамуындағы түрлі бағыттарды анықтау қалыптасқан тұжырымдарға жаңа қырынан қарастыруға жол ашады.

Бүгінгі таңда адам факторы мен тілдік бірлік қызметі лингвистика ғылымында бірінші кезекке шығып, өзекті болуына байланысты тілді когнитивтік тұрғыдан зерттеуге ерекше көңіл бөлінді.

Ғылыми зерттеулер сипаттама лингвистикадан функционалды бағыттағы зерттеулерге ойысып, тілді динамикалы, үнемі өзгеріп, дамып отыратын құбылыс ретінде қарастыра бастады. Соңғы жылдары **тілдегі адам мәселесі** ерекше маңызға ие болып келеді. Адамды тілінен тыс сипаттау мүмкін емес, тілдің мәні мен өзіндік ерекшеліктерін адам және оның әлемге қатынасы арқылы толық сипаттауға болады. Тіл адамға таным құралы, қарым-қатынас құралы ретінде қызмет етеді. Антропоөзектік бағыттағы зерттеулерде адам сөйлермен, өзіндік әлемі, өзіндік дүниетанымы бар саналы жан ретінде сипатталады. Әсіресе адамның ойлау және сөйлеу қабілеттерінің терең үдерістерін зерттеуде когнитивтік лингвистиканың орны ерекше. Тіл ақиқат болмысты тану барысында жинақталған әлем туралы білімді жеткізудің негізгі құралы болып табылады. Когнитивтік бағыт тілдің ақиқат болмыс туралы

білімді сақтап, жеткізуші ретіндегі қызметін ескере отырып, тілдік категориялар мен олардың құрылымдарын жаңаша сипаттауға мүмкіндік береді.

Тіл таным нәтижесінде түзілген әлем туралы біліммен, оның адам санасындағы көрінісімен тығыз байланысты. Сана тіл арқылы көрініс табумен қатар, тіл арқылы қалыптасады. Сол себепті А.Байтұрсынұлы былай деп жазады: «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1) ақылға, 2) қиялға, 3) көңілге. Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – түю, талғау. Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама-қадарынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын. Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек» [39, 343 б.].

Тарихи даму барысында танымның екі түрі – *сезімдік* және *логикалық* таным қалыптасқан. *Сезімдік таным* адамның сезім мүшелері арқылы қабылдау, түйсіну қызметімен байланысты болса, *логикалық таным* ойлау нәтижесінде қандай да бір құбылыстардың мәнін, өзіндік ерекшеліктерін, заңдылықтарын айқындауға бағыттаған. Адам бейнесі тіл семантикасында көрініс табады. Бұл орайда адамның өзі емес, адамның тілдегі бейнесі ерекше маңызды болады. Тілді зерттеу арқылы адамзат өзін өзі танып, түйсінеді. Тіл арқылы адам өзі де ескере бермейтін құпиялар ашылады. Адам алған әсерін өзі арқылы сипаттайды. Бұл орайда Қ.Жұбанов тұжырымдары назар аударарлық: «Адам баласының табиғатында әуелі басқаны біліп алып, өзін кейіннен білу қасиеті бар. Мысалы: адам фотографияны танып білгеннен кейін ғана өзінің басқа заттарға ат қоятыны өзін сол басқаларға ұқсата атайтыны – өз басын кіші дүние деп біліп, оны ана үлкен дүниеге ұқсатуынан болған. Осы таным тілге де әсер еткен. Мысалы, орысша *небо* – *аспан*, *небо* – *таңдай*; қазақ тіліндегі *таң*=*адам* әлемінің аты, яғни жоғары жаққа тән қасиеттің иесі; *таңдай*=*адам* денесінің жоғары жағы... Адамның жекелеген бөлшектердің белгілерін түйсіну арқылы атрибутивті портрет қалыптастыра отырып, ғаламды таниды»... «*Таңырқады* – *таңқалды*; *таңыр*=*таң*+*ыр*=*тәңір*; *Таң*=*аспан бөлегі*; *ір* – *аспан*. Бұрын адам өзін кішкене дүние деп есептеген. Бет-ауызды аспанға ұқсатқан бет – *таң атып келе жатыр*. «*Таң қалу*» деген тіркесі кейде қысқартып *таңырқау* дейміз. *Ұятсыз* деуді *бетсіз* деуіміз де осы конкреттік бар. Бұл қолданыстың да ым тілінен шыққандығы байқалады (бетін сызу – ым тілінен қалған қалдық; заттық көрсеткіші (материальное выражение)» [40, 94-120 б.]. Ғалым тілдік құбылыстарды адамның (сөйлерменнің) категориялау және концептуалдау үрдістерімен байланыста сипаттағанын көреміз, яғни затқа берілген атауларды адамға қатысты түсіндіре отырып, адамды негізгі меже ретінде алған.

Ғаламның тілдік бейнесі негізінен субъективті сипатта, себебі онда нақты бір адамның көзқарасы, дүниетанымы көрінеді. Ол атадан балаға берілетін категориялар жүйесі арқылы белгілі бір код құрап, дайын күйінде қабылданылып отырады. Адам өзіне дейінгі жинақталған білім қорын қабылдау арқылы этномәдени қауымдастықтың өмір тәжірибелерін де қабылдайды. Жастардың үлкендердің сөзін түсіне алмауы немесе ақын-жазушылардың шығармаларын түсіне алмауы этномәдени кодты игере алмау салдарынан туындайды. Осыған байланысты З.Қ.Ахметжанова: «Қазақ тілінің концептуалды жүйесін білмегендіктен, жастар қазақ халқының салт-дәстүрін ескіліктің сарқыншағы ретінде қабылдап, теріс бағалайды. Жалпыадамзаттық, әлемдік мәдениеттің бөлшегі болып табылатын ұлттық мәдениеттің терең, философиялық мәнін жас буын өкілдері түсіне алмай жүр», - деп жазады [41, 175 б.].

Адамның танымдық әрекеті – ақиқат болмысты тануға, қоршаған ортаны түйсініп, жинақталған білімдер негізінде әлемдегі орнын түсінуіне бағытталады. Адам қашанда әлемді танып, ондағы өз орнын айқындауға талаптанады. Тіл – сөйлермендердің дүниетаным ерекшеліктерін бейнелейтін құрал, ерекше ұлттық ділдің көрсеткіші, мәдениеттің негізі. Адамның когнитивті қызметінің нәтижесінде тіл қоршаған орта туралы әсерді ғана жинақтап қоймай, сонымен қатар халықтың зерттеушілік ойларын да жеткізіп, халықтың ұжымдық, этномәдени санасында қалыптасқан ғалам бейнесін сақтайды. Осыған байланысты С.Исаев: «Тіл-қоғамдағы адамдар арасындағы аса маңызды қатынас құралы. Осы себептен де, ол бір жағынан, ойлаумен, екінші жағынан, сол арқылы санамен тікелей байланысты және қоғамдық өмірде белгілі бір қызметтер (коммуникативтік, эстетикалық-экспрессивтік т.б.) атқарады. Тіл, ең алдымен, ойды жарыққа шығарып, жетілдірудің құралы болу арқылы ойлаумен тікелей байланысты. Сондықтан тілдің негізгі единицалары ойлаудың басты категорияларымен сәйкес келіп жатады. Мысалы, сөз ұғымды білдіріп, соның тілдік көрсеткіші болса, ойды білдірудің бірден-бір тілдік көрінісі сөйлем болып табылады. Сондай-ақ тілдік единицалардың бұдан басқа да өзіндік мәндері, атқаратын қызметтері бар. Міне, осы қасиеттері арқылы тіл айналадағы дүние, объективтік шындық туралы адамның санасын қалыптастырады, оларды есте сақтауға негіз болады», – деп жазады [42, 4 б.].

Ғалам бейнесі – адам дүниетанымының басты элементі. Онда адамның дүниені тануының негізгі көріністері жинақталған. Тілдік семантика **халықтың ғаламды танып-түйсіну тәсілі және болмыс туралы білімнің кодталу жолы** болып табылады, сол арқылы **ғаламның тілдік бейнесі түзіледі**. Осыған байланысты А.Ислам былай дейді: «Адам қоршаған ортаны ойлау арқылы танып біледі және ол адам санасында көрініс табады. Адамның шындықты танып білуі, ой арқылы жүзеге асса, тіл – ойдың бейнелеу қызметінің нәтижесін бекітудің құралы ретінде қызмет етеді. Бұл – жалпыға ортақ таным, өйткені табиғаты жағынан адамзат бірдей болса, таным қызметі де, оның механизмдері де ортақ құбылыс екені де мәлім. Қандай да тіл өзіндік тілдік құрылымы және тілдік үлгілері жағынан әртүрлі болғанымен, тілдік болмысты түсінуге келген

ортақ танымдық дүниелерден тұрады» [43, 13 б.]. Яғни коммуникация сәтті болуы үшін сөйленім әрекетінің субъектілері – сөйлеуші мен тыңдаушы, қабылдаушы атадан балаға беріліп отыратын кодтарды меңгеріп қана қоймай, дұрыс қолдана білуі қажет.

Қазіргі кезде зерттеулерде **ғалам бейнесі** түрліше сипатталады. В.И.Постовалова ғалам бейнесі адам дүниетанымының көрінісі екенін айта келіп, адам баласы қай қырынан сипаттаса, ғалам бейнесі де соншалық құбылып, өзгеріп тұратынын ескертеді [44, 32-33 б.]. Бұл орайда ғалам бейнесінің екі түрін – *тікелей және жанама* – ажыратып алу керек. **Тікелей ғалам бейнесі** – адамның болмысты тікелей танып, қабылдауының нәтижесінде түзілген ғалам бейнесі. Мұнда адам сезім мүшелері абстрактілі ойлау арқылы айналасын таниды. Ол дүниетаныммен тікелей байланысты. Алайда екеуін теңестіруге болмайды. Тікелей ғалам бейнесі мазмұнға ие білім болса, дүниетаным – әлемді тану әдістердің жүйесі болып табылады.

Тікелей ғалам бейнесі болмыс туралы мазмұнды, концептуалды біліммен қатар, болмыстан танытатын ментальді стереотиптер жиынтығын да қамтиды. Ғалам бейнесінің бұл түрі *когнитивті* деп аталады. Ол когниция (таным) нәтижесі болып табылады. Тікелей ғалам бейнесі когнитивті сана қызметінің нәтижесі болып табылады және белгілі бір жүйеге келтірілген білімдер жиынтығына – *концептосфераға* негізделеді. Адам болмысты, өзін тіл арқылы таниды. Тілде жалпыадамзаттық және ұлттық құндылық ретінде қоғамдық-тарихи тәжірибе көрініс табады. Тілдің ерекшелігіне байланысты сөйлермен санасында белгілі бір ғалам бейнесі қалыптасады, адам сол арқылы әлемді таниды, бұл **ғаламның жанама бейнесі** деп аталады. *Ғаламның жанама бейнесі* – концептосфераның екінші таңбалар жүйесі арқылы көрінуі. Олар санадағы ғаламның тікелей бейнесін жарыққа шығарады. Яғни тілдік формада көрініс тапқан білімдер жиынтығы ғаламның тілдік бейнесін түзеді.

Бүгінгі таңда ғалам туралы білімдер кешені лексикалық және грамматикалық семантикада, сондай-ақ этномәдениеттің ментальді әлемінде қалай көрініс табатыны ерекше маңызды болып отыр. Сонда қазіргі кезде адамның әлемді концептуалдау, категориялау ерекшеліктері, тілдегі концептуалды мазмұн, адамның әлем туралы білімінің көрсеткіші ретінде көрінеді. Ғалам туралы адамның барлық білімі шартты түрде **тілдік және тілдік емес** болып жіктеледі, яғни болмыстың құрылымдары туралы жалпы энциклопедиялық білім олардың сипаты туралы және тілдік бірліктер мен ойларының мәндері (нақты тілдік мағына) туралы білім болып табылады. Ғалам туралы білім сияқты тілдік бірліктер туралы білім де жадымызда категориалды формада сақталады. Соған байланысты тіл – категориалды түзілім болып табылады. Тіл адамның болмыстың нақты жағдаяттарын концептуалдау үдерісін бейнелейді. Яғни концептуалды жүйеде алынған ақпараттарды өңдеу, сөйлеу-ойлау әрекеттерінде адам тұтынған көптеген концептілер мен білімнің басқа да құрылымдарын қамтиды. Сол себепті оған *табиғи нысан концептілері* де, *нақты тілдік концептілер* де енеді. Б.Момынова тілдің когнитивті қызметі туралы айта келіп: «Когнитивтік

лингвистикада тіл адамның когнитивтік іс-әрекетінің бір түрі, когницияның құралы саналады. Адам тілдің көмегімен тілдік бірліктер арқылы жинақталған информацияларды кодтайды немесе бейкодтайды (декодирует). Өйткені ойлау құрылымдары өзімен өзі томаға тұйық өмір сүрмейді, белгілі бір формасы бар таңбалар ретінде болмысқа айналады, болмыстанады (материализацияланады). Тілдің осындай екі жақтылығы оны адамның өзге когнитивтік іс-әрекетінен айрықшаландырып тұрады», – дейді [45, 125-126 б.].

Тілдегі концептуалдау үдерісінің әрбір тілдік деңгейдегі өзіндік ерекшеліктері болады. **Лексика** санада көрініс тапқан заттар мен құбылыстардың ерекшелігін зерделеп, белгілі бір тілде сөйлейтін, нақты тілдік ұжым танып, игерген ғалам бейнесін репрезентациялайды. Ғалам бейнесін тану оны жекелеген құрауыштарын (заттар мен құбылыстарды) ғана емес, сонымен қатар олардың арасындағы байланысты да түйсінуді қажет етеді. **Синтаксис** ғаламның бөлшектенетін құрауыштарының байланыстарын тексереді.

Когнитивті тұрғыдан алғанда, морфологияның негізгі бірлігі-морфологиялық категория болып табылады, ол сөз тұлғаларында көрініс тауып, парадигмаға бірігеді. Морфологияны морфема деңгейіне қатысты ғана емес, сөздердің түрлі топтарын репрезентациялайтын тұтас морфологиялық құрылымдар деңгейінде қарастыру қажет. Морфологиялық категориялар мен тұлғалар концептуалды деңгейде, негізгі танымдық үдерістер қатарында сипатталады. Морфологияның ғалам туралы білімді тіркеп, жіктеуі, категорияларға бөлуі осыған байланысты болады. Морфологияның категориялау үдерістерімен байланысы морфологияның ғалам туралы білімді қалай объективтендіріп, топтастыратынын да көрсете алады. Морфологиялық бірліктердің когнитивті қызметі ойлау үдерісімен, адамның интеллектуалды және ментальді қызметімен, ақпаратты өңдеу, сақтау, жіктеуімен байланысты болады.

Морфологиялық концепт термині екі түрлі мәнде қолданылады: *біріншіден*, ол-тілдің морфологиялық құрылымы білдіретін ментальді сананың бірлігі болса, *екінші жағынан*, морфологиялық концептілер сипатталатын ғылымның ұғымдары. Морфологиялық концепт сөйлеушілердің дайындықсыз сезімінде жүзеге асады, ол тіл жүйесінде морфологиялық көрсеткіштер арқылы көрініс табады.

Морфологиялық концептілер сөйлесім әрекетін реттеп, тілде көрініс табады, ал **метатілдік** концептілер лингвистикалық зерттеулерде тілдік құрылымындағы морфологиялық концепт ретінде сипатталады. Метатілдік морфологиялық концептілер грамматикалық теориялар дамуы барысында қалыптасып, терминологияда бекіп, ғылыми зерттеулерде, грамматикаларда қолданылды. Ф.де Соссюр сөйлесім әрекетіне қатысушылардың «дайындықсыз әрекеті» мен тілші ғалымдардың «дайындалған әрекеттерінің» арақатынасын сөз еткен болатын [46, 54 б.]. Сөйлесім әрекетіне қатысушылардың «дайындықсыз әрекеттері» морфологиялық концептосферамен байланысты, онда морфологиялық концептілер қолданады, ал тілші ғалымдардың «саналы

әрекеттері» нәтижесінде морфологиялық метаконцептілер айқындалып, тілдік фактілерді сипаттау үшін қолданады.

Н.Уәли тілдік ортада мәдени-тілдік дәстүрдің, оның нормаларының қалыптасуына тілдік тұлға әсер ететінін айта келіп, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов сынды жұртшылық идеал тұтатын біртуар жазушы-ғалымдарды *элитарлық топтың* өкілдеріне жатқызады. Ғалым тілдік тұлғалардың әдеби тілді игеру, пайдалану деңгейі бірдей емес екенін ескерте келіп, тілдік тұлғаларды төрт типке бөледі:

- 1) әдеби тілді шығармашылық деңгейде тұтынатын тип. Бұлар – элитарлық тілдік тұлғалар;
- 2) әдеби тілдің ауызша, жазбаша нормаларын сақтай білетін, ара-тұра кодификацияланған нормадан қате жіберетін, сөйлеу тілі мен кітаби тіл элементтерін кей тұста айқын аңғара алмайтын мәдени-тілдік орташа тип. Сан жағынан басымы да осы орташа әдеби тип;
- 3) негізінен әдеби сөйлеу тілін қолданатын, арасында қарапайым сөйлеу тіліне тән элементтерді қосып сөйлейтін тілдік-мәдени тип. Сан жағынан, шамамен, орташа типтен кейінгі орында;
- 4) қарапайым сөйлеу тілімен сөйлейтін, бейәдеби элементтер мен диалектизмдерді қолдана беретін коммуниканттар [47, 94 б.].

Жұмысымызда ғалымның тілдік тұлғаларды жіктеуін басшылыққа ала отырып, тіл білімінің дамуына өзіндік үлес қосқан, қазақ тіліндегі грамматикалық категорияларды танып-танытуда өзіндік орны бар ғалымдарды *элитарлық тілдік тұлға* ретінде сипаттаймыз. *Элитарлық тілдік тұлға* – ұлттық тілдің жанрлық-стилистикалық ерекшеліктерін толық меңгерген, оларды орынды қолданатын, лексикалық, фразеологиялық, паремиологиялық бірліктердің семантикасын жан-жақты түсініп, орнымен қолдана алатын, коммуникативті стратегиялар мен тактикаларды, вербалды және бейвербалды қатынас талаптарын толыққанды меңгерген, ұлттық тіл мен мәдениет концептосферасын құрайтын концептілердің ұғымдық, бейнелі-ассоциативтік, құндылық сипатын білетін тілдік тұлға. Зерттеуші-ғалымдар ұстанымы өз кезеңінің, белгілі бір дәуірдің, тілтанымдық білімнің деңгейімен айқындалады.

2.2.1 Етіс концептісінің морфологиялық репрезентациясы

Қатынас бір заттың екінші бір затқа қандай да бір қатысын, тәуелділігін білдіреді. Яғни қатынас мазмұнының негізгі белгілерінің бірі байланыс, тәуелділік болып табылады.

Логика-гносеологиялық тұрғыдан алғанда, қатынас екі немесе одан да көп затты қандай да бір белгісі бойынша өзара салыстыру нәтижесінде пайда болады. Бұл орайда қатынастың бірнеше түрі түзіледі: заттардың арасындағы қатынас, ұғымдар мен пайымдаулар арасындағы қатынас, кеңістіктегі, уақыт, көлемі бойынша қатынас, туыстық қатынас, себеп-салдарлық қатынас, салыстыру, қайшылықты қатынас, тәуелділік қатынас т.с.с. қатынас сан алуан

түрлі болғанмен, логиктер мен математиктердің есептеуі бойынша, қатынастың ортақ сипаттары бар: олар симметриялы, рефлексивті, өзара байланысты, қолданыс ұқсастығы, біркелкі, әркелкі т.с.с. болып келеді. Ішкі қатынастармен қатар, сыртқы қатынастар болуы мүмкін. Сыртқы қатынас түрлі заттардың арасында бола береді. Олар алуан түрлі болуы мүмкін, сол себепті адам оны түрліше концептуалдайды: уақыт, кеңістік, себеп-салдарлы қатынас, бүтін мен бөлшектің қатынасы, мазмұн мен форманың қатынасы, сыртқы және ішкі қатынас т.с.с.

Әмбебап сипаттағы қатынас негізгі (ядролық) концепті морфология деңгейінде етіс пен септік категориялары арқылы көрінеді. Етіс – субъектілі-объектілі қатынасты білдіретін етістіктің морфологиялық категориясы болып табылады. Сол себепті етіс концепті қалыптасуы үшін қатынас концепті негізгі концепт ретінде сипатталады. Бұл концепт жалпылау (дерексіздену) когнитивті механизмінің әсерімен түзіледі. Жалпылау арқылы қатынас негізгі концептінің мазмұнында субъектілі-объектілі қатынас үшін маңызды болып табылатын «іс-әрекеттің субъекті мен объектіге қатынасы» сипаты ерекшеленеді. Бұл сипат етіс концептіне негіз болады.

Етіс-тілде қатынас идеясын репрезентациялайтын, субъектілі-объектілі қатынасты білдіретін етістіктің морфологиялық категориясы. Сондықтан қатынас концепті етіс концепті қалыптасуының басты шарты болып табылады. Қатынас концепті жалпылану (дерексіздену) арқылы негізгі концептінің мазмұнында субъектілі-объектілі қатынас үшін маңызды болып табылатын «іс-әрекеттің субъекті мен объектіге қатынасы» сипаты түзіледі. Етіс концептінің мазмұнын құрайтын мәндер мен морфологиялық көрсеткіштер арасында «фон-фигура» ұстанымына негізделген репрезентация орнайды. Морфологиялық репрезентация арқылы етіс тұлғалары концептіні активтендіріп, оның мазмұнындағы белсенділік және белсенсіздік сипаттарын актуалдандырады, ол сөйлем-сөйлесімде қосымша лингвистикалық факторлардың (синтаксистік және семантикалық) көмегімен әрі қарай нақтылана түседі. Қосымша факторлардың әсерімен қатынас негізгі концептінің мазмұнында етіс концептімен қатар қосымша сипаттар да пайда болады. Олар концептімен бірге концептуалды мазмұн құрап, соның негізінде нақты грамматикалық және лексика-грамматикалық мәндер түзіледі.

Етіс категориясы белгілі бір жағдаятқа қатысушылардың субъектілі-объектілі қатынастарының сипаты туралы тілдік білімдерге негізделеді. Жіктеуші сипатта болумен қатар ол тіл жүйесі мен сөйлеушіге бағытталады. Сөйлеуші түрлі етіс тұлғаларын қолдана отырып, жағдаятты қалай қабылдағанын білдіре алады, зат не адамды бастауыш мәнінде не белсенді субъекті ретінде көрсетеді. Яғни іс-әрекеттің бағытын (бастауышқа бағытталған немесе бастауыштан бағытталған) білдіре алады. Бір ғана жағдаят түрліше сипатталуы мүмкін: *үйді тазалады-үй тазаланды*. Мұнда бір нәрсе баяндалғанмен, олардың берілуі екі түрлі. Бірінші сөйлемде белсенді субъектінің үйді тазалағаны туралы сөз болса, екінші сөйлемде субъект мүлде көрінбейді, істің нәтижесі ғана белгілі. *Үйді тазалады* деген сөйлемде сабақты

етіс (*etіs атауын мақсатты түрде қолданып отырмыз.-О.Ж.*) тұлғасы бастауыш тұлғалы субъектіден бағытталған қимылды білдіреді.

Үй тазаланды деген сөйлемде ырықсыз етіс тұлғасы жағдаятты басқаша сипаттайды. Мұнда нысан ғана, істің нәтижесі ғана көрінген. Яғни екінші субъектіге, іс-әрекетке қатысы жоқ, белсенсіз субъектіге ақпарат беріледі. Ол әрекетке бірінші субъектінің қатысы байқалмайды. Іс өзінен өзі орындалғандай болады. Бұдан сабақты етіс пен ырықсыз етіс тұлғалары арқылы концептуалдау түрлі сипатта болатынын аңғаруға болады. Ырықсыз етіс тұлғасы етіс концептінің мазмұнындағы белсенсіздік сипатын актив қолданысқа түсіріп, морфологиялық мән қалыптастырады. Сол арқылы «сөйлемде бастауыш қызметінде жұмсалатын затқа бағытталған қимыл» мәні түзіледі.

Етіс мәндеріндегі белсенділік және белсенсіздік сияқты жалпыланған морфологиялық мәндер сабақты және ырықсыз етіс тұлғалары арқылы актив қолданысқа түседі. Әрі қарай қосымша лингвистикалық факторлардың көмегімен мәндері нақтыланып, қатынас негізгі концептінің сипаты түзіледі. Яғни етіс концепті етіс морфологиялық категориясы мен оның көрсеткіштері арқылы көрініс табатын концептуалды деңгей бірлігі болып табылады. Сонымен қатар ол осы категорияға негіз болып, белсенділік және белсенсіздік мәндері ретінде көрінеді.

Сабақты етісті қалыптасқан тұжырымдарға сәйкес етістік деп атамай, **етіс** деп атауымыздың өзіндік себебі бар. Себебі сабақты етістің етіске тән мағынасы бар. Сабақты етіс те, басқа етістер сияқты, қатынас концептін репрезентациялап, субъектілі-объектілі қатынасты білдіреді. Сабақты етіс тұлғалары етіс концептінің мазмұнында белсенділік сипатын активтендіреді. Сол арқылы белсенділік морфологиялық мәні түзіліп, бастауыш қызметіндегі субъект қимылдың иесі екенін білдіреді. Бұл мән жалпылық сипат алып, субъектінің бастауыш қызметінде, объектінің толықтауыш қызметінде жұмсалатынын білдіреді. Ол семантикалық, синтаксистік және мәнмәтін факторлары сияқты қосымша лингвистикалық факторлардың көмегімен нақтылана түседі. Екіншіден, оның өзіндік көрсеткіштері (**-т, -қыз, -тыр, –р**) бар. Бүгінгі таңда өзгелік етіс қосымшалары ретінде танылып жүрген бұл қосымшалар сабақты етіске жалғанған жағдайда ғана өзгелік етіс тудыра алады. Ал салт етіске жалғанса, ол өзгелік етіс емес, сабақты етіс тудырады. Мысалы, *үйді ағарт, көлікті жүргіз, ағашты сындыр, жерді қаздыр, хабарын сұрат* т.с.с. Келтірілген етістіктер өзгелік етіс қосымшаларын қабылдағанмен, өзгелік етіс бола алмайды. Себебі өзгелік етіс болу үшін іс-әрекетті субъектінің өзі орындамай, басқа біреуге істетуі керек. Яғни сөйлемде тура толықтауышпен қатар барыс септік тұлғалы жанама толықтауыштың да болуы шарт. Ал бұл етістіктерде субъект іс-әрекетті өзі орындап тұр. Бұл етістіктер өзгелік етіс болуы үшін оларға өзгелік етіс қосымшалары үстемелене жалғануы керек: *ағарттыр немесе ағартқыз, жүргіздір, сындыртқыз, қаздырт, сұраттыр* т.с.с. Ендеше, сабақты етіс етіске тән өзіндік мағынасы мен арнаулы көрсеткіштері болуына байланысты етіс категориясынан өз орнын алуы керек сияқты. Ал сабақты етіс етіс ретінде танылатын болса, онымен оппозиция

құрайтын, яғни тура толықтауышты (объектіні) керек етпейтін салт етіс те осы категория шеңберінде қарастырылуы қажет. Салт етісте белсенді субъектінің әрекеті нысанға бағытталмайды. Ол қалып-күйді өзі қабылдайды. Олай болса, түркітануда көп жылдар бойы талас тудырып жүрген негізгі етістің орнына салт, сабақты етістерді етіс қатарында тануға әбден болады.

Салт-сабақты етістіктердің бұл ерекшелігін ұлттық тіл білімі қалыптаса бастаған кезеңде А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Қ.Жұбанұлы еңбектерінде айқын көрініс тапқан. Ғалымдар етіс категориясының табиғатын терең түсінгендіктен, салт, сабақты етістікті етіс категориясына қатысты сөз етеді. Алайда ғалымдардың репрессиялануына байланысты еңбектеріне тыйым салынған кезеңнен, яғни 1939 бастап салт, сабақты етістер оқулықтар мен грамматикаларда етіс қатарынан ығыстырылды.

«Мансапқорлар» драмасындағы кездесетін етістер.

Негізгі етіс: жанталасып еді, ой болмады, жүріп оқыдым, білім алдым, қылып еді, бір алсам, мінсем, болмас еді, тұрғанда, өсірмейді, жоғалтамын, құтыламын, жатсам, тұрсам, сүйеді, қызығады; айтасың, ойласам, батылым бармайды, жақсы көремін, қорқамын, нанбаймын, көресің, қимаймын, жүрсек, білдің, алмаймын, кетпейсің, дейсің, байқасаң, байқа; тұрамын, ұмытып кетпесін, керек еді, көреді; Жаны ашымайды, ұмытып кетесіңдер, жетеді; Айтасыз, өлдік, шығарсам, берме, шықса, шыдайсыз, шыдаймын, әкел, кетпесең, сынайық, отырмын; сұрайды, болатын, соққан, тұрсын, көреді; шығамын, ақылдасу, тастаса, қалды, жаз, үндемейді (450б.), кеңесу (451б.), кетеді (451б.), ойлаймын (451б.), біледі, шықты, айтқаным, ойлайтын, боламын, жіберсең, істейді, болады, алмаймыз (451б.), сөйлеген, кетемін, мініңіз (452б.), қыласың, ұшсын дейсіз, алыңыз (452б.), болады, бергенше, десеңіз, қалды, дейсің, бересің, айтам, қылайын, көтермес (453б.), қайтарыңыз (453б.), кетейін (454б.), жөтеледі (454б.), жұлайын (454б.), келші (454б.), сатып (454б.), қалыпты (454б.), ұстау керек (454б.), жоғалып кеттің (454б.), бітті (454б.), бітуге таяды (454б.), қалды (454б.), болса (454б.), біледі (454б.), алмасақ (454б.), бітірген (454б.), көрерміз (455б.), жата алмаймын (455б.), кет (455б.), кетпейді (455б.), шыдамайды (455б.), тұра алмайсың (455б.), жаратты (455б.), тарт (455б.), отырасыз (456б.), қояды (456б.), келесің (456б.), берейін (456б.), жолығайын (456б.), айтайын (456б.), білейін (456б.), алдым (456б.), жараймын (456б.), жарайсыз (456б.), нетпеймін (456б.), десеңіз, аласыз, қылатын, өсе берсін, қайырыңыз, аласыз ба, қайтпайды, тұр, қарашы (456б.), жүрген (456б.), сүртіп, қарап, отырады, қайтесіз (456б.), алыңыз (457б.), болмайды (457б.), байқамайсың, болсын (457б.), кетеді (457б.), болмайсың (457б.), шығады (457б.), көтере сөйлейді (457б.), көріппін (457б.), мініп, киіп, біледі, білмейді, болсын, салып, алайын, жүрді-ау, тістейді, жегіп барсам, қайыртып, құтыртып (457б.), жүрсем, кетеді, біледі, ойлап, алып отыр (457б.), едіңдер, болдыңдар, болдым, білесіздер, білеміз, білмейік, келеді, салады (457б.), таяндық, білесіздер, шығармайсыздар, ұқтыңыздар, ұқтық, үйіп-төгіп, беріндер, дегенде, саласыңдар, болмас, болсын, ұстасалық, ұстайды, тапсырдық, шығады (458б.),

корықпа, шімірікпе, ойлама, салады, барады, шыдамайды, өледі (458б.), көреміз (459б.), боламыз (459б.).

Өздік етісте қимыл іс-әрекет орындаушысына (иесіне), субъектіге қарай бағыттталып, сабақты етістікке **-ын/-ін** қосымшасы қосылып жасалады: *ки — ки-ін-ді, көр (дәрігерге) — көр-ін-ді, шеш — шеш-ін-ді, тара — тара-н-ды, сұра -сұра-н-ды, сұрт — сұрт-ін-ді* т.б. Осы мысалдан көрінетіндей, біріншіден, қимыл, іс-әрекет іс иесі субъектіге қарай бағытталады, сөйтіп, субъекті әрі тура объекті мәнінде қызмет атқарады. Ол өзіне өзі субъекті әрі тура объекті мәнінде қызмет атқарады [14, 509 б.].

Мүсілім кісіге **бағынбайды**, бағындырады («Мансапқорлар» 446 б.).

Қожантай. Жарасатын емеспіз, шырағым. Аузые үлкен ашатын **көрінеді** («Мансапқорлар» 448б.).

Шәрбану. Менің қимайтын кісім — жалғыз бауырым. Сізді алдасам, жалғыз бауырымның өлігін **көрмейін** («Қанапия — Шәрбану» 447б.).

Қанапия. Ауылға барып әжемді **қуантайын** («Қанапия — Шәрбану» 476 б.).

Ырықсыз етіс деп қимыл, іс-әрекеттің өздігінен орындалатын мән үстеп, қимыл, іс-әрекеттің тура объектісі оның грамматикалық бастауышы болу қызметін атқарып, тек сабақты етістіктерден **-ыл/ -іл** қосымшасы, түбір құрамында л дыбысы болса, **-ын/-ін** қосымшасы арқылы жасалатын етістің түрін атаймыз [14, 509 б.].

Мүсілім. Газет тағы **табылады** ғой. Менің айтқанымға не қылдың («Мансапқорлар» 446 б.).

Шәрбану. Шымшуырым **табылды** ғой («Қанапия — Шәрбану» 472б.).

Сүлеймен. Қадидшаның шайы **таусылған** екен. Күләндә келіннің шайы бар шығар қаладан жуықта алдырды деп естіп ек («Қанапия — Шәрбану» 452б.).

Жарыса. - Анық хабар ма?

- Мүлде **қалдырып** па?

Қазақты алмайтын болыпты, мүлде **қалдырыпты** («Қанапия — Шәрбану» 452б.).

Жарыса. — Ақ түйенің қарыны **жарылды** десеңші («Қанапия — Шәрбану» 475б.).

Қанапия. Жоқ, шеше аллла разы болсын. Жүрегім көтеріліп кетті, отыра алатын емеспін («Қанапия — Шәрбану» 476 б.).

Ырықсыз етіс баяндауыш қызметінде жұмсалған сөйлемде қимыл иесі айтылмайды, яғни ол сөйлемде қимыл иесінің кім екені белгісіз болады. Бастауыш қызметінде жұмсалған қимыл иесі өзі қимыл-әрекет істемейді, керісінше, ол басқа біреудің қимыл-әрекетінің объектісі болады.

Өзгелік етіс қимыл, іс-әрекеттің тікелей субъектінің өзі арқылы емес, екінші бір субъекті арқылы істелінетінін, іске асатынын білдіріп, сабақты етістіктен (кез келген етістіктен емес) белгілі бір қосымшалар арқылы жасалатын етіс категориясының түрі болып табылады. Демек, өзгелік етісте қимылды, әрекетті іске асырушы субъекті бір емес, екеу болады: бірі-іс-әрекетті, қимылды орындатушы, сөйлемде ол грамматикалық бастауыш қызметінде болады, яғни бұл логикалық субъекті әрі грамматикалық субъекті

болады, екіншісі, іс-әрекетті, қимылды тікелей орындаушы субъекті (агенс). Ол сөйлемде берілмеуі де мүмкін, берілсе, барыс септік тұлғасында тұрып, ол сөз сөйлемде жанама толықтауыш қызметін атқарады. Бұл-бір. Екіншіден, өзгелік етіс тек сабақты етістікпен жасалады, сабақты етістікке өзгелік етіс қосымшасы үстелгенде, ол баяндауыш болып тұрған сөйлемде тек іс-әрекет, қимылды тікелей атқарушы барыс септіктегі екінші субъект (агенс) қана пайда болады [14, 510 б.]. Мысалы:

Мүсілім. Сендерді болыс тағы **айналдырар**. Дүние мүлкін үйіп-төгіп. Болысқа уәдені бере беріңдер, бергенін ала беріңдер («Мансапқорлар»).

Өзгелік етісте іс-әрекетке екі субъект те қатысады: оның бірі-тура толықтауыш тұлғалы субъект, екіншісі-барыс септіктегі жанама толықтауыш тұлғалы субъект. Бірінші субъект (S₁) екінші субъектінің (S₂) істі орындауына түрткі болады, қозғау салады. Мысалы:

Б а з а р б а й. Мынаны мен бір айналдырып көрейін.

Сүріндіріп кетпесе («Шернияз» 520 б.).

А л ш а ғ ы р. Аман сақтап жүрміз ғой жыл-жыл сайын.

«Малын алып бере ғой» демесең де,

«Тезірек тексерсең» деген тәрізді

«Бірдеңе сүйкеп бермесең» демесең де,

Мәз боп кетед мал **өндірген** тәрізді («Шернияз» 523б.).

Ш е р н и я з. Батпаққа мені **батырмай**,

Тыныш болмайсыздар ғой («Шернияз» 523б.).

А л ш а ғ ы р. Сонда бізге **келтірген** пайдаң қайда? («Шернияз» 523 б.).

Ш е р н и я з. Күнде сөз, күнде мұңын шаққан қазақ

Бір-бірін **аунатып** жеп жатқан қазақ («Шернияз»).

Р а у ш а н. Әлде онда менен өзге жары бар ма,

Әлде қырдың қызығы **тойдырды ма?** («Шернияз» 525 б.)

Қ о р д а б а й. Тым болмаса, көзімнің тірісінде,

Бір жұлқысып, **састырсам** маған мұрат! («Шернияз» 527 б.).

Қ о р д а б а й. Екі бірдей баласын азынатып,

Бір үйді кетті құртып қаңыратып... («Шернияз» 528 б.)

Ш е р н и я з. Одан да зорын **естірсің!**

Ш е р н и я з. Жүрегім елді **кездірді**,

Бұзылған елден **бездірді** («Шернияз» 531 б.).

Ш е р н и я з. Жарты сағат **күттірдіңіз**.

Ж ә м и л я. Күн ұзын **босатпағаны**.

Әрең деп қана құтылдым.

Ш е р н и я з. Сөзің майда, жүзің жарқын

Дәтің берік, тастайсың

Ойын менен шынның парқын

Білдірмейсің, ашпайсың!.. («Шернияз» 532 б.).

Ж ә м и л ә. Мына соққан **бүлдірмесе** жарар ед.

Бұ да мені өзімсініп жүруші ед.

Арамызда терең-терең сыр бр ед.

Мұны не деп **жұбатармын**, алдармын? («Шернияз» 536 б.).
Базарбай. Бірақ сен Шернияздан артық көріп,
Тимексің мені сорға **малтықтырып** («Шернияз» 537 б.).
Шернияз. **Күйдірмеші** (546 бет).
Шернияз. Өгей әке **ондырмайды** (547 б.).
Жәmilә. Қатыныңды **алдырып**,
Осы ма еді қылмағың? (548 бет).
Жәmilә. Сен **былықтырасың** ғой («Шернияз» 550 б.).
Рәзия. Шекенді жер **соқтырып** жүрсің ғой («Шернияз» 551 б.).

Мұнда қимыл-әрекетке қатысушылар өзара тәуелді, бағынышты деңгейде болады. Ол бағыныштылық әлеуметтік немесе жас ерекшелігіне байланысты болуы да мүмкін. Бұған жоғарыда келтірілген мысалдар арқылы көз жеткізуге болады.

Ж.Аймауытовтың «Қанапия-Шәрбану» драмасындағы өзгелік етістердің жұмсалуды:

Ұмсынай. Қанашқа самауыр **қайнат** деймін (471 б.).

Шәрбану.(Қанапияға есімді **аударып** әкеттің ғой» деген кісіше тамсанып)
Тегінде менің көзіме бірдеңе болған шығар (472 б.).

Ұмсынай.Өрсе барайын, қарағым. Шайыңды дұрыстап **қайната** бер (473б.).

Шәрбану.Ондай күн болса, қайдан білейін. Ағамды ренжітуге қиын. Тым болмаса сізбен **атастырып** та қойған жоқ (473б.).

Ортақ етіс қимыл, іс-әрекеттің бір емес, бірнеше субъекті арқылы іске асатынын білдіріп, **-ыс/-іс** қосымшасы арқылы жасалады. Біріншіден, ортақ етісті қимыл, іс-әрекеттің субъектілері қимылға ортақтығы бірдей де, бірдей емес те болуы мүмкін (субъект көптік тұлғадағы бір зат атауы, немесе бірыңғай бастауыштар немесе біреуі грамматикалық субъект те, екіншісі грамматикалық жанама объекті болуы мүмкін т.б., екіншіден, ортақ етіс қосымшалары салт етістікке де, сабақты етістікке де жалғанып, ортақ етіс жасай береді: *олар хат жаз-ыс-ып тұрады* [14, 511 б.].

Ортақ етісте іс-әрекетке қатысушы субъектілер өзара тең дәрежеде (қызметі, лауазымы, жасы т.с.с.) болуы мүмкін немесе жасы үлкен адам іш тарту, жақын тарту мақсатымен ортақ етіс қосымшаларын мақсатты түрде қолдануы мүмкін. «Шернияз» драмасындағы ортақ етістің қолданылуына мысал келтірсек:

Шернияз. Ертеден қара кешке іс тіге ме,
Қыз-қатынмен **сөйлесіп** бос жүре ме («Шернияз» 525 б.).
Қордабай. Тым болмаса көзімнің тірісінде
Бір **жұлқысып**, састырсам маған мұрат! («Шернияз» 527 б.).
Жәmilә. Сондықтан ол кез келгенде **сөйлесіп**,
Тек әншейін шығарып салып жүреді («Шернияз» 535 б.).
Шернияз.Міне, жаңа жарасты.
«Оңбағанның саяғы
Түзде жүріп **тебісер**»

Деген мәтел рас сөз.
Бір қалада бір жүріп,
Араз болу жараспайд,
Араз болу келіспейд,
Әсіресе тап бүгін («Шернияз» 536б.)
Алшағыр. Жібереіін, қайта өзді-өзің **кінәлас**,
Зарлатуға дәтіміз біздің шыдамас.
О басында сүйіп алған да өзіңсің,
Өзің жылат, бізге, жаным, ұнамас («Шернияз» 545 б.).

Етіс тұлғаларының мағынасы мен қызметін айқындау, сөйлеушілердің қабылдау ерекшелігін, етіс семантикасының тілдік санадағы көрінісін, түсінік деңгейін анықтау мақсатында арнайы дайындалған кестені толтырту арқылы оқушылар, студенттер, аудармашылар, оқытушылар және маман емес адамдар арасында эксперимент жүргізілді.

Информанттардың жалпы саны -20, олардың 15-і қазақ тілін еркін меңгерген, ана тілім деп есептейді. Ал бесеуі қазақ тілін үйреніп жүр.

Информанттардың жас мөлшері - 13 жас пен 40 жас аралығы.

Эксперимент жүргізілген уақыт: 2013 - 2014 жылдар аралығы.

Эксперимент материалдары - қазақ тіліндегі етіс тұлғалары.

Эксперимент мақсаты - етіс тұлғаларының қызметі мен мағынасын ажырату арқылы осы тұлғаларды информанттардың тілдік санасындағы қызметін анықтау. Сол арқылы сөйлерменнің тілдік санасына көңіл бөлу, қазақ тілін ана тілім деп есептейтін, еркін меңгергендер мен қазақ тілін жаңадан үйреніп жүрген сөйлеушілердің тілдік санасындағы, сондай-ақ қазақ тілін үйретіп, қазақ тілі бойынша дәріс беріп жүрген мұғалімдер мен орыс тілінен қазақ тіліне аударма жасап жүрген аудармашылардың тілдік санасындағы етіс тұлғаларының қызметін айқындау.

Эксперимент тапсырмалары бірнеше бағытта жүргізілді:

- 1) етіс тұлғаларын ажырату үшін формаларын беріп, информанттарға ол тұлғалардың қай етіске тиесілі екенін ажырату, сонан соң мысал келтіру;
- 2) етіс тұлғаларын қатыстырып, сөйлем құрату, сонан соң оның қай етіс тұлғасы екенін анықтау;
- 3) етіс тұлғаларын қатыстырып, сөйлем құрату, ол сөйлемдерді орыс тіліне аударту, сонан соң етіс тұлғасының қай етіске тиесілі екенін анықтау;
- 4) етіс тұлғаларының қай етіске тиесілі екенін көрсетіп, сонан соң мысал келтіру.

Эксперимент қорытындысы бойынша, ортақ етіс пен өздік етіс қосымшаларының мағынасы мен қызметі 100% дұрыс көрсетілді. Ырықсыз етіс тұлғаларының мағынасы мен қызметін анықтауда информанттардың 10% жауап беруге қиналған. Бұл орайда экспериментке мамандарды ғана тартуды мақсат етпедік. Сол себепті қарапайым сөйлерменнің тілдік санасындағы көрінісін айқындау мақсатымен тілді меңгергенмен, мүлде басқа салада жұмыс істеп жүрген информанттар қамтылды. Информанттар арасында едәуір қиыншылық тудырған етіс тұлғалары–өзгелік етіске қатысты болды. Мұнда мектеп

оқушылары мен мұғалімдер бірауыздан **-т, -қыз, -тыр, -р** жұрнақтарын өзгелік етіс көрсеткіші ретінде таныған. Бір қызығы—алдымен тұлғаның қай етіске тән екенін анықтап, кейін мысал келтіру тапсырылған информанттардың барлығы да аталған жұрнақтарды (**-т, -қыз, -тыр, -р**) өзгелік етіс қосымшасы ретінде көрсеткен. Ал алдымен мысалын келтіріп, кейін тұлғаның қай етіске қатысты екенін анықтау тапсырылған информанттар, аудармашылар мысалды дұрыс келтіргенмен, бұл жұрнақтардың қай етіске қатысты екенін анықтауда жауап бермеген. 2 аудармашы аталған қосымшаларды «басқа етіске» жатқызған. Сол сияқты орыс тілді, қазақ тілін еркін меңгермеген 3 информант та мысалды дұрыс келтіргенмен, жұрнақтардың қай етіске қатысты екенін көрсете алмаған. Сонымен, эксперимент нәтижелерін зерделей келе мынадай қорытындыға келдік:

- 1) информанттар үшін ортақ, өздік етіс тұлғалары ешқандай қиындық тудырмаған, барлық информант бұл етіс тұлғаларын дұрыс көрсеткен;
- 2) қосымшалары ұқсас (**-ыл/-іл; -ын/-ін**) болғанмен, информанттардың 90% өздік етіс пен ырықсыз етіс тұлғаларын ажыратқан;
- 3) өзгелік етіс қосымшаларының қызметі мен мағынасын талдауда информанттар біраз қиналғаны байқалады. Мұнда қазақ тілі пәнінің мұғалімдері (2) мен мектеп оқушылары **-т, -қыз, -тыр, -р** жұрнақтарын өзгелік етіс көрсеткіші ретінде көрсеткен. Бұл жұрнақтардың өзіндік ерекшеліктерін аудармашылар байқаған. Сондай-ақ қазақ тілін толық меңгере қоймаған информанттардың «жауап беруге қиналғанын» да аталған қосымшалардың мағыналық ерекшеліктерін байқағаны деп бағамдауға болады. Сондай-ақ 15 информант **-т, -қыз, -тыр, -р** жұрнақтарын өзгелік етіс көрсеткіші ретінде көрсетіп, мысалдары да соған сәйкес келді.

Эксперимент нәтижелерін талдай отырып, қазақ тілін ана тілім деп санайтын, тілді еркін меңгерген, тіпті қазақ тілі пәні бойынша сабақ беріп жүрген мұғалімдердің тілдік санасында **-т, -қыз, -тыр, -р** жұрнақтары өзгелік етіс көрсеткіштері ретінде әбден қалыптасып, сіңіп қалғанын, ал аудармашылардың екі тілді салыстыру негізінде ол жұрнақтардың өзіндік ерекшеліктері бар екенін байқағанын аңғарамыз. Сондай-ақ алдымен тұлғаның қай етіске тән екенін көрсетіп, кейін мысалдар келтірген информанттардың дені бұл жұрнақтарды өзгелік етіс қосымшасы ретінде көрсеткен, ал алдымен мысалдар келтіріп, кейін ол тұлғаның қай етіс көрсеткіші екенін анықтаған информанттар бұл жұрнақтың қай етіске тән екенін ажыратуда қиналған. Яғни информанттардың тілдік санасында олар өзгелік етіс көрсеткіші ретінде толық қалыптаса қоймаған, нақты тілдік деректер оған мүмкіндік бермеген.

Сонымен, қатынас тілде түрліше көрініс тауып, түрліше концептуалданады. Морфология деңгейінде ол етіс категориясы арқылы көрінеді. Бұл концепт, басқа концептілер сияқты, жіктеуші сипатта болады. Ол адам санасында тіл арқылы түзіліп, белгілі бір жағдаятқа қатысушылардың субъектілі-объектілі қатынастары туралы тілдік білімдерге негізделеді. Жіктеуші сипатта болумен қатар ол тіл жүйесі мен сөйлеушіге бағытталады.

Яғни етіс концепті етіс морфологиялық категориясы мен оның көрсеткіштері арқылы көрініс табатын концептуалды деңгей бірлігі болып табылады.

2.2.2 Драмалық шығармалардағы етіс категориясының коммуникативтік қызметі

Қарым-қатынастың түрлері көп. Тілдік қатынасы-тіл арқылы байланыс, сөйлеу тілі арқылы адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауы; қоғамдық, ұлттық тіл арқылы ұғынысу, түсінісу, яғни адамзаттың тіл арқылы қатынасқа түсуі тілдік қатынас дегенді білдіреді.

Бұл жерде сөйлеу тілі деген тіркесі ерекше бөліп айтуға тура келеді. Өйткені ол ауыз екі сөйлеу деген мағынаны емес, жалпы адамзаттың сөйлесу құралы, сөйлеу құралдарының қызметі, адамның тілі, адамның тілдік қатынас құралы деген қоғамдық-әлеуметтік мәні бар ұғымды жеткізуі тиіс. Сондықтан осындай нақтылы ұғымды білдіру үшін, біз сөйлесім тілі деген тіркесті қолданамыз. Себебі «сөйлесім», «сөйлеу», түбірі арқылы жасала келіп, сөйлеу процесінің тек адамның ойын жарыққа шығару қасиетін білдіретіндіктен, көбінесе біржақты әрекет ретінде қабылданады. Ал «сөйлесім» «сөйлеу» түбіріне ортақ етістің «с» жұрнағы қосылу арқылы жасала келіп, бір-бірімен тілдік қарым-қатынас нәтижесінде іске асатын ортақ құбылысты көрсетеді. Тілдік қатынас жүзеге асу үшін, айтылған не жазылған хабардың қабылданып, оған жауап қайтарылуы, яғни істің ортақ атқарылуы — басты шарт. «Сөйлесім» - осы басты шартты және ортақ тілдік әрекетті аңғартатын сөз.

Сөйлесім тілі-тек адамзатқа ғана тән әрекет, тек адамдар ғана тіл арқылы сөйлей алады, ұғыныса алады. Ал басқа тірі жануарлар т.б. бәрінде дененің бір мүшесі ретінде, анатомиялық-физиологиялық жағынан тіл болғанымен, олар сөйлеу мүшелеріне тән қызметпен қамтамасыз етілмеген, яғни олар тірлігі бар құбылыс болғанымен сөйлей алмайды.

Сөйлесім әрекеті тек сөйлеу мүшелерінің қызметіне ғана емес, ойлау мен пайымдаудың, сана мен мидың да ерекшелігіне қатысты. Бұл-өз алдына бөлек, жеке мәселе.

Тілдік қатынас /ТҚ/-сөйлеу тілі арқылы ұғынысу, түсінісу дегенді нақтылай келіп, жай ғана қарым-қатынас дегеннен гөрі тамыры тереңге кеткен, өмірде өзіндік орны бар, қоғамның дамуы үшін ең қажетті қоғамдық-әлеуметтік ақпараттардың жиынтығы арқылы адамдардың бір-бірімен пікір алмасуы, адамдар қатынасының түп қазығы дегенді білдіреді.

Өмірде адамдар тек тілмен сөйлесу арқылы ғана бір-бірімен түсініспейді, кейде әр түрлі жағдайларға байланысты олар бір-бірін тілсіз-ақ ұғып, соған қарай іс-әрекет жасайды. Мәселен, көшеде келе жатқанда, адамдар түрлі жарық көздеріне, естілген дыбыстарға назар аударып, соған өздерінше жауап қатады, соған сай әрекет жасайды. Сол сияқты жол белгілерінің әр түрлі үлгілері немесе таңбалары адамға белгілі бір жайдан хабар береді де, адам оны қабылдап, түсініп, осыған байланысты қозғалады.

Кейде адамдар белгілі бір шартты келісімдер немесе белгілер арқылы тілсіз-ақ ұғынысады. Бұл да-адамдар арасындағы қарым-қатынастың бір түрі. Осы басқа да адамдардың бірін-бірі түсінудің көптеген жолдары бар.

Мұндай семиотикалық таңба-белгілерден өзгеше адамдардың ымымен түсінісуі және көздің, ауыздың, қабақтың қимыл-қозғалыстары мен жалпы бет-әлпеттің өзгеруі арқылы ұғынысуы сияқты қаншама көп белгілер бар. Тіптен дене мүшелерінің /қолдың, аяқтың, иықтың т.б./ әр түрлі қимыл-әрекеттерінің өзін неше саққа жүгіртуге болады.

Ауладан естілген қатты айқай немесе есікке берілген қоңырау, соны ести сала екінші адамның оған қарсы әрекет жасауы /далаға жүгіріп шығуы, не есікті ашуға ұмтылуы/ бұл да өзара түсініскендік.

Қарым-қатынастың жоғарыда айтылған үлгілерінің барлығы өмірден, қоғамнан тыс бола алмайды. Мұндай қарым-қатынастар адам үшін қызмет етеді, адамдардың өзара түсіністігіне жол ашады. Сондықтан олар да адамдардың қарым-қатынасына, байланысына /коммуникацияға/ жатады. Өмірдегі мұндай ұғынысу, түсінісу тілсіз қарым-қатынас деп аталады.

Тілсіз қарым-қатынаста түсінудің бәрі тілдік тұлғалардың /сөз, сөйлем т.б./ қатынасынсыз жүреді. Мұнда тіл қатынас құралы ретінде қызмет атқармайды.

Дегенмен, тілсіз қатынас пен оның түрлері қоғамда да, өмірде де белгілі орын алады. Бұлар адамдардың қарым-қатынасына қызмет ете келіп, түсінудің қарапайым жолы болып табылады.

Жалпы адамдардың қарым-қатынасына қатысты әрекеттер екі үлкен тармақтан тұрады. Оның бірі-тілдік қатынас, екіншісі-тілсіз қатынас.

Тілдік қатынас пен тілсіз қатынастың ұқсастықтары да, айырмашылықтары да бар. Бұл қатынастардың сәйкес жақтары: олардың екеуі де, біріншіден, адамдардың бір-бірімен байланысын қамтамасыз етеді, яғни адамдар арасындағы қатынасқа қызмет етеді.

Екіншіден, тілдік қатынаста да, тілсіз қатынаста да белгілі бір нәрсе хабарланады, бірақ тілсіз қатынаста хабар шартты түрде болуы мүмкін.

Үшіншіден, тілдік, тілсіз қатынас та адамдардың өзара түсінісуіне жол ашады. Ұғынысу тікелей жолмен емес, сырттай болуы да мүмкін, бәрібір адамның белгілі бір хабарды ұғып, соған қатысты іс-әрекет жасауына мүмкіндік болады. Алайда тілдік қатынас адамдардың бір бірімен ұғынысуын, ойын еркін, толық жеткізуінде ерекше қызмет атқарады. Оның осы ерекшелігіне ғалымдар баса көңіл аударады. Тілдік қатынас-тілсіз қатынастан әлдеқайда күрделі және бөлек. Сондықтан да тіл білімі - адамдардың қарым-қатынас құралы тіл туралы және сол қарым-қатынасқа негіз болатын тілдік қатынас туралы ғылым.

Қазақ тіл білімінде тілдік қатынас теориясы профессор Ф.Ш.Оразбаеваның есімімен байланысты. Ғалымның зерттеуі бойынша тілдік қарым-қатынасты жүзеге асырушы хабарға қатысты барлық құрамды бөліктер жеке-жеке жіктеле келіп, олардың әрқайсысының өзіндік қызметі анықталуы тиіс.

Ең алдымен, ерекше орын алатын тілдік қатынастың негізгі мазмұны, мәні, мағынасы болып табылатын - хабарды іс жүзіне асырушылар, хабарға тікелей қатысушылар. Олар мынадай құрамнан тұрады:

1. Белгілі бір ақпаратты, деректі хабарлайтын-**Баяншы**.
2. Ақпаратты жеткізетін-**Тұлғалар**
3. Ақпаратты не деректі-**Қабылдаушы**.

Баяншы -сыртқы объективтік әсерді, өмірді сезінуден, пайымдаудан туған санадағы ойды түрлі тілдік амал-құралдардың, тұлғалардың көмегімен екінші біреуге баяндауды, хабарлауды жүзеге асыру үшін тілдік байланысқа қатысушы, тілдік қарым-қатынасқа түсуші.

Тұлғалар -хабарлаушыдан шыққан дерек туралы басқа адамның санасындағы ұғым тудыратын, оған ақпараттың түсінікті болуын қамтамасыз ететін, адамдар арасындағы қарым-қатынасқа байланысшы ретінде қызмет атқаратын қатысымдық бірліктер.

Қабылдаушы -белгілі бір хабарды қабылдап, алып, оның мәнін тілдік тұлғалар арқылы түсініп, ой мен пайымдау арқылы өз санасынан өткізіп ұғынудың нәтижесінде тілдік қатынасты ары қарай іске асырушы.

Баяншыға да, қабылдаушыға да - бәріне ортақ әрекет-байланыс, қатынас. Ал байланыс, тілдік қатынас тіл арқылы жүзеге асады. Адамдар арасындағы өзара байланыс болмаса, сөйлесім әрекеті де жүзеге аспайды. Байланыс-тілдік қатынастың негізін жасайтын, оны іске асырушы өзек, адамдар арасындағы тілдік қарым-қатынастың қажетті шарты.

Баяндау мен қабылдау үрдістері тілдік қатынастың барлығына тән. Бірақ лингвист-ғалымдар оларды қарапайым күнделікті сөздермен атаудан гөрі, лингвистикалық терминдермен атауды жөн көреді. Дегенмен, бұл терминдердің өзі тіл ғылымына біркелкі емес.

Мәселен, Э.П.Шубин тілдік қарым-қатынастағы хабарлауды, яғни хабар беруді-трансмиссия, ал қабылдауды -рецепция деп атайды. Осыған орай хабар берушіні трансмиссор, хабар қабылданушыны реципиент дейді. Сонымен қоса, алғашқы -хабарлауға қатысты құбылыстарды –трансмиссивті /трансмиссивные/ немесе Продуктивті /продуктивные/; ал қабылдауға қатысты құбылыстарды-рецептивті /рецептивные/ деп көрсетеді. Э.П.Шубиннің айтуынша, хабар /P/ трансмиссордан /T/ шығады да, реципиентке /R/ жетеді.

Қазақ тіл білімінде тілдік қатынасқа қатысты терминдер қалыптаспағанын ескеріп, бұл ұғымдарды беру үшін төмендегі терминдерді қолданған дұрыс деп таптық. Олар: баяншы, хабар, тұлға, қабылдаушы. Сонда тілдік қатынас жүзеге асу үшін Баяншыдан /Б/ шыққан Хабар /Х/ Тұлғалар /Т/ арқылы Қабылдаушыға /Қ/ келіп, одан ары қарай қайтадан байланысқа түсіп, тілдік айналымда жұмсалады.

Шынтуайтқа келгенде, басты мәселе мынада: баяншыдан /Б/ шыққан хабар /Х/ қатысымдық тұлғалар /Т/ арқылы қабылдаушыға /Қ/ дұрыс жету керек. Ал ол ауызша болсын, жазбаша болсын бәрібір жүзеге аса береді: тек жазбаша түрде болса, онда арада көп уақыт өтуі мүмкін. Өйткені әр түрлі жағдайларға

байланысты хабардың бірден жеткізілмеуі, немесе тоқтап тұруы, немесе бірнеше үздікпен берілуі мүмкін т.б.

Тілді зерттеуші ғалымдар тілдік қатынас құбылысына байланысты үш кезеңді атап өтеді, олар мыналар:

1. Хабардың дұрыс айтылуы, шығуы. Мұнда синтаксистік заңдылықтар, яғни грамматикалық единицалардың айтылуы, дыбысталуы ерекше көзге түседі.

2. Айтылуға тиісті мағынаның дұрыс жеткізілуі, айтылар ой мен айтылған тілдік құралдың тепе-теңдігі. Мұнда семантикалық заңдылықтар басым роль атқарады.

3. Әңгімелесуші екінші адамның хабарды дұрыс қабылдауы.

Тілдік қатынас жалпы адамзат арасындағы ойға, санаға қатысты болса, ол, ең алдымен, сыртқы объективтік шындықты қабылдаудан, жеткізейін деген хабарды пайымдаудан туады.

Тілдік қатынастың дыбыс арқылы айтылуы және әріп арқылы таңбалануы лингвистикада ауызша және жазбаша тілдік қатынастар деп те айтылады. Осы тұрғыдан келгенде, тілдік қатынасты дыбыстық және графикалық таңбалардың әмбебап жүйесі деп танысақ, онда тілдің таңбалар жүйесі тілдік қатынастың ауызша түрі, болып табылады. Тілдік таңбалар жазылу арқылы көзге көрінеді, ал дыбысталуы /немесе айтылуы/ арқылы естіледі. Бұл екеуі де тілдік қатынастың жүзеге асуы үшін қызмет етеді.

Ауызша қатынас адамдардың бір-бірімен тікелей қарым-қатынасы нәтижесінде іске аса келіп, белгілі бір хабардың дыбысталуы /естілуі/ арқылы сыртқа шығады. Адамдардың арасындағы ауызша тілдік қатынас-өте ертеден пайда болып, қоғаммен бірге өмір сүріп келе жатқан құбылыс.

Ауызша қатынас-ойдың тіл арқылы сыртқа шығуы, ол тілдік тұлғалардың сөзге, сөйлемге айналып, дыбысталуы арқасында жүзеге асады.

Ауызша тілдік қатынаста басты роль атқаратын-адамның сөйлеу мүшелері. Дыбыстау мүшелері /ерін, тіл, тіс, мұрын, дауыс шымылдығы т.б./ жиі қозғалып, еркін жұмыс істеу арқылы қатысымдық тұлғалардың айтылып, естілуіне мүмкіндік жасайды.

Бұл-сөйлесім әрекетінің іске асуының алғашқы кезеңі болып табылады.

Ауызша ТҚ адамның сөйлеу қабілетіне қарай өзгеріп отырады және тілдік қатынастың әр түрлі қызметін /эмоциялық, экспрессивтік, байланыстырушылық т.б./ іске асырады. Бұл ретте дауыс ырғағының мәні ерекше. Жазбаша қатынас тілдік тұлғалардың таңбалық қасиетімен байланысты бола келіп, адамдардың бір-бірімен тікелей қатынаста болуын аса қажет етпейді. Жазбаша қатынаста тілдік тұлғалардың естілу қасиетінен гөрі, көзге көріну ерекшелігі басым болады. Мұндай қарым-қатынас таңбаларының тұрақты жүйесі арқылы іске асады, оны адам өз бетінше өзгерте алмайды.

Жазбаша тілдік қатынаста басты роль атқаратын-тілдік тұлғалардың таңбалық көрінісі. Жазбаша тілдік қатынас /ТҚ/-ауызша тілдік қарым-қатынастан /ТҚ/ кейін пайда болған құбылыс.

Ауызша ТҚ пен жазбаша ТҚ айырмашылықтарын қадағалай отырып, оларды дыбыстық ТҚ /дыбысталу нәтижесінде болатын/ және таңбалық ТҚ /әріптермен таңбаланудан болатын/ деп те атауға болады.

Дыбыстық ТҚ естілуімен ерекшеленеді, ал таңбалық ТҚ жазылады және әріптер арқылы көзге көрінеді.

Сонымен, ауызша қатынас дыбыстала келіп, сөйлеу арқылы іске асады және тыңдалады. Жазбаша қатынас таңбалана келіп, жазу арқылы жүзеге асады және оқылады.

Ауызша тілдік қатынас пен жазбаша тілдік қатынастардың әрқайсысы жеке құбылыс ретінде өмір сүрмейді. Олар өзара тығыз байланысты бола келіп, біреуі екіншісіне ұласады.

Тілдік қатынасқа негіз болатын адамның ойлау қабілеті, осы ерекшелігімен ол тілсіз қатынастан ажыратылады. Оны ғалымдар айтып та жүр. Ойлаусыз тілдік қатынас жоқ. Ойлау тілдік қатынастың тірегі ғана емес, ол-бүкіл сөйлеу әрекетімен өмір сүретін адамзаттың болмысы. Ойлау мен сана, тіл мен сөйлеу-бір-бірінен ажырамас жүйелі құбылыстар.

Тілдік қатынас сөз жоқ ойлау мен сөйлеудің бірлігінен тұрады. Өйткені тіл-ойдың көрінісі, адам ойын тіл арқылы, яғни сөйлеу арқылы жеткізеді. Ал тілдік қатынастың негізі -тіл.

Сондықтан олардың бірлігі өте берік, олар бірінсіз бірі өз қызметтерін атқара алмайды. Яғни, ойлау мен сөйлеу тіл арқылы қарым-қатынаста маңызды роль атқарады. Рас, белгілі бір тілді оқытуда бұл бірлік табиғаттың болмысымен бірге қалыптасып дамыса, уақыт өткен сайын ол күрделене түседі және ана тілінен бөтен генеалогиялық жағынан туыстас емес тілдерді үйренудің өзіндік қиындықтары мен кедергілері болуы мүмкін.

Сондықтан да шет тілін, екінші тілді оқыту әдістемесін зерттеуші ғалымдар қатыстым /коммуникативтік/ әдісіне қазір ерекше назар аударып жүр. Тілді оқыту қазір тілдің түрлі заңдылықтарының теориясын үйретуге емес, тілдің адамдар арасындағы қатынастық қызметін меңгертуге, екінші тіл арқылы адамдар бір-бірімен қатынас жасай алатын болуына бағытталып отыр.

Екінші тілді оқытуда қатысым әдісінің қолданылуы кешірек басталғандықтан, әлі оның теориялық негізі толық қалыптасып үлгерген жоқ.

Ғалым-тілшілердің қатысымдық /коммуникативтік/ теорияны әлі бір жүйеге келтірмеуі оның анықталуына уақытты сарапшы санауға әкеліп отыр. Бұл мәселенің шешілуінің қиын да, күрделі екенін аңғартса керек.

Бүгінгі күн талабына сай барлық жерлерде екінші тілді, шет тілдерін үйрету, оқыту кеңінен іске асырылып жатқан кезде, қазақ тіл білімінде де тілдік қарым-қатынастың аясы кеңіп, тілдік қатынас өз-өзінен жүріп жатыр. Оны тілшілер ғана емес, барша қауым болып жүзеге асырып отыр. Сондықтан қазақ тілінің қатысымдық жүйесін бір ізге салып, оның теориялық негізін жасауға ат салысу-бүгінгі зерттеушілердің алдында тұрған міндет.

Рас, қандай болсын ереже бірден сәтті болмауы мүмкін, өйткені ол ұзақ тәжірибелердің жиынтығынан, бірнеше коллективтік еңбектің нәтижесінен тұжырымдалады. Дегенмен, бүгінгі күн талабын қазірден бастап қолға алып, тіл

заңдылықтарын зерттеуді тереңдете түссек, сол азды-көпті айтылған пікірлерден дұрыс тұжырым жасауға мүмкіндік туады.

Сонымен, тілдік қатынас—адамдарға тән ойлау мен сөйлесім үрдісінің белгілі бір қоғамдық қатынаста тіл арқылы жарыққа шыққан көрінісі.

Тілдік қатынастың басты ерекшелігі: ол үздіксіз қозғалыста болатын қатынас құралы тілдің санамен бірлігі арқасында жүзеге асады және тек адамзатқа ғана тән болып табылады.

Қандай болсын тілдік қатынасқа кем дегенде екі байланысшы қатысады. Олардың біреуі хабарлайды, екіншісі қабылдайды, немесе біреуі хабарды айтып, не жазып, жібереді, екіншісі хабарды алады. Бұл екі процестің екеуі де сөйлесім әрекеті арқылы болады есту мүшесінің акти қызметі арқылы жүзеге асады, көзбен көру арқылы қабылданады.

Екіншіден, ол адамдардың қарым-қатынас құралы тіл арқылы жүзеге аса келіп, бір адамға ғана емес, жалпы адамзатқа, қоғамға қызмет етеді. Яғни, ол - қоғамның өзі туғызған, оның әлеуметтік қажеттігін өтейтін күрделі құбылыс.

Үшіншіден, тілдік қатынас жеке адамның тікелей өз басына емес, жалпы оның қоғамдағы орнына байланысты болады. Ол қоғамдық қарым-қатынастың негізін сала келіп, адамның әлеуметтік пікірлсеудің, ұғынысудың дамуына жол ашады. Сөйтіп, адамдар арасындағы қоғамдық қарым-қатынастың қалыптасуының шарты болып табылады. Адам мен адам тілдік қарым-қатынасқа түсу арқылы дербес, жеке өмір сүруден қалады, олар табиғатпен, жаратылыспен біріге отырып, күрделі әлеуметтік, қоғамдық ортаға түседі.

Төртіншіден, тілдік қарым-қатынас адамды қоғамдық күрделі үрдістермен қатар қойып, оны жаратылысқа, қоғамға тәуелді етеді. Себебі, адам тілді тікелей өзі өзгерте алмайды, өзі қолдан жасай алмайды, адам тек тілдік заңдылықтарды зерттей алады.

Бесіншіден, тіл-бүкіл қоғамдық-әлеуметтік құбылыстардың ең күрделісі, ол-кішіден бастап үлкенге дейінгі, ұсақтан бастап іріге дейінгі әрекеттердің жүзеге асуын қамтамасыз ететін жетекші құрал. Осы қоғамдық қатынастарды тіл жүзеге асырып қана қоймайды, оған бағыт сілтейді, жол ашады. Сондықтан да ол барлық қоғамдық үрдістердің іске асу көзі болып табылады.

Алтыншыдан, тілдік қатынас әлеуметтік идеялардың жүзеге асуына әсер ете келіп, бүтіндей қоғамның қалыптасуына қызмет етеді. Ол барлық саяси топтардың байланыстырушы құралы бола отырып, өзі де қоғамдық-әлеуметтік құбылысқа жатады.

Қорыта келгенде, тілдік қатынас /ТҚ/-ойлау мен сөйлеудің қатысы арқылы тілдік тұлғалардың таңбалық жүйесі мен дыбысталу қасиеті нәтижесінде жүзеге асатын, қатысымдық тұлғалардың семантикалық бірлігі мен байланысу заңдылықтар арқылы берілетін, адамдардың өзара түсінісуін қамтамасыз ететін, тек адамзатқа ғана тән күрделі тілдік қоғамдық-әлеуметтік процесс.

Тілдік қатынас ең кем дегенде екі адамның қатысы арқылы жүзеге асады деген пікір жоғарыда айтылды. Оны тілдік қатынасты зерттеуші ғалымдардың көпшілігі атап өтеді. Ол-тілдік қатынастың жеңіл түрі.

Бірақ бір ескеретін мәселе тілдік қарым-қатынас, пікірлесу екі адамның арасында ғана емес, екі топтың арасында да немесе бір адам мен ұжымның, яғни көпшіліктің арасында да бола береді. Бұл-тілдік қатынастың жеке хабаршы мен жеке қабылдаушымен ғана атқарылмайтынын, хабаршы мен қабылдаушының сан жағынан түрліше болып келетінін көрсетеді.

Қатысатын адамдар санына қарай тілдік қатынас қарапайым ТҚ не күрделі ТҚ болып келуі мүмкін. Егер тілдік қарым-қатынас екі адамның арасында жүргізілсе, ол қарапайым /не жеңіл/ ТҚ болады. Ал бірнеше топтың, не үлкен ұжымдардың бір-бірімен қарым-қатынасын іске асыратын тілдік қатынас күрделі ТҚ жатады.

Тілдік қатынастың барлығы жоғарыда айтылған ауызша және жазбаша түрде іске асады.

Тілдік қатынастың басты белгілері мен түрлерін ажыратып алған соң, оның құрамдық бөліктерін саралаған жөн.

Тілдік қатынасқа түсушілердің ең басты қызметі - қатысымдық, байланыстырушылық, экспрессивтік.

Қатысымдық қызмет бойынша баяндаушы мен қабылдаушылар тілдік қарым-қатынастың барлық түрлерін іс жүзіне асыра келіп, хабар арқылы бір-бірімен қарым-қатынастық қызмет атқарады.

Байланыстырушылық қызмет тілдік қатынаста жүзеге асырушылардың бір-бірімен тығыз байланысынан көрінеді. Мұнда негізгі қызмет атқаратын - хабарды жеткізетін тұлғалар. Ол баяншы мен қабылдаушыны өзара байланыстырады және тілдік қатынастың түсінікті болуын қамтамасыз етеді.

Экспрессивтік қызмет тілдік қарым-қатынасқа түсушілердің берілген хабарды түсініп қана қоймай, оның айырықша мәнін, күшейту реңкін толық білуінің нәтижесінде орындалады. Баяншы хабарды жай айтып қана қоймайды, ондағы қандай ойға ерекше көңіл бөлу керектігін де, өзінің көңіл-күй, сезімдерін, көзқарастарын да жеткізуге тырысады. Ал қабылдаушы осыны дәл танып, жете түсінуі қажет болады.

Сөйлеу мүшелерінің бірлігі олардың әрқайсысының өзіне тән қимыл-қозғалысынан және сол қимыл-әрекеттің тілдік тұлғаларды айтуға қатысты бүтіндігінен байқалады. Әр дыбыстау мүшесі әр бөлек қимылдаса, онда дыбыс та анық айтылмайды, сөз де түсінікті болмайды, айтылар ой да жеткізілмейді. Сондықтан тілдік қатынас үшін, сөйлеу мүшелерінің бірлескен, дұрыс қимыл-қозғалысы аса маңызды орын алады.

Сөйлеу мүшелерінің қимыл-әрекетімен тілдік қатынасқа қажет тұлғалардың мән-мағынасы пайда болады. Жалпы тілдік қатынастың негізгі құрамын көрсететін ең басты көрсеткіш, ол-тілдік қарым-қатынасты тікелей жүзеге асыратын қатысымдық тұлғалар.

Тіл білімнің қай саласында болсын тілдік тұлғалар труалы мәселе мен осыған қатысты терминдер бұрыннан сөз болып келеді. Бірақ бұл мәселелер әлі толық өз шешімін тапқан жоқ.

Терминдердің қолданылу ерекшелігіне мән берсек, олар тек тілдік единицалар ғана емес, қатынастық единицалар деп те атала бастады.

Байыптап қарасақ, мұнда негізгі мәселе олардың тілдік тұлға лексикалық, грамматикалық, синтаксистік немесе қатысымдық тұлғалардың аталуы жөнінде емес, тілдік тұлғаға не жатады, оның қатысымдық тұлғалардан айырмашылығы бар ма, әлде тілдік тұлға мен қатысым тұлғалары бірдей ме деген сұрақтардың басын ашып алуға келіп тіреледі.

Тілдік және қатысым тұлғалары туралы мәселені қарастырғанда, біз «единица» терминнің баламсы етіп көбінесе «тұлға» сөзін пайдаланамыз.

Лингвистикада тілдік тұлға қатысым тұлғасы деп айтылғанда, тілдік немесе қатысымдық құбылыстың ішкі құрамы /құрылысы/ деген мағынаны қамтуы қажет. Тілдік немесе қатысымды тұлға кіші бөлшек те /сөз/ бола беруі мүмкін.

Лингвистикада тілдік «единица» деген көп айтылып жүрген термин. Қазақ тіл білімінде болсын, орыс тіл білімінде болсын ол жалпылама алғанда қарым-қатынас құралының, яғни тілдің құрамы, ішкі бөліктері дегенді білдіре келіп, осы тұрғыдан морфема, сөз тіркесі, тұрақты тіркес, сөйлем-бәрі тілдік тұлға немесе жалпы тұлға деп айтылып жүр. Кейде дыбыс пен фонеманы фонетикалық тұлға, сөзді - лексикалық тұлға, сөйлемді—синтаксистік тұлға деп нақтылы түрде атап айту да жиі кездеседі.

Кейбір әдебиеттерде тіптен буын, негіз, абзац /жаңа жол/, контекст, дауыс ырғағы да тілдік тұлғалар деп саналады.

Біз диссертациялық зерттеуімізде тілдік бірліктердің барлығын алмай, тек етіс категориясын қатынастық шеңберде қарастырдық. Етіс, зерттеуші Ғ.Е.Имамбаеваның пікірінше, тілдік қатынаспен тығыз байланыста, семантикасын қатынастық ерекшеліктермен анықтауға болатын, грамматикалық категориялардың біріне жатады. Қазіргі тілдік зерттеулерде етіс категориясын қатынастық жағдаятпен айқындау кездеседі. «Сөйлемде етістің қолданылуы арқылы жағдаятқа түскен қатынастық элементтерді шығарып, сөйлеушілер арасында ерекше мән беретін, қызықтыратын жақтарын анықтауға болады. Қазіргі қазақ тілінде тура, жанама толықтауыштары бар, етісті сөйлемдерді құрастыруда тілдің барлық деңгейлерін (синтаксистік, семантикалық пен коммуникативтік) өзара байланыстыра, кешенді түрде оның құрылымын талдау қажет етіледі» [37,314 б.]

Әр автор әр түрлі белгіге сүйенеді және мәселені нақтылы шешуден гөрі түсініксіздік басым.

Жалпы фонема да, морфема да, сөз де, тіркес те, сөйлем де тілдің құрылымдық бөлшектері болып табылады. Себебі, осы аталған тұлғалардың біреуі өз орнында тұрмаса немесе мүлде болмай қалса, тіл өз мақсатына жете алмайды. Сондықтан адамзат тілі өз қызметін атқару үшін әр тұлғаның өзіндік маңызы бар. Мәселе осы тұлғалардың қайсысы қандай дәрежеде қолданылуына байланысты. Рас, сөз барлық тілдік тұлғалардың кіндігі тәрізді, оған тілге қатысты қасиеттердің көпшілігі тән.

Бірақ сөз жеке тұрып тіл бола алмайды және адам ойын жеткізе алмайды. Әсіресе қазақ тілінде және басқа жалғамалы тілдерде сөз жеке тұрып түсінісу құралы бола алмайды. Ол басқа сөздермен морфемалық байланысқа түсу

арқылы сөз тіркесі мен сөйлемнің құрамында белгілі бір ойды білдіреді. Мысалы:

Базарбай. Партия басшы өзіңсің,
Ұрылардың тізімін
Сотқа неге даттадың?
Біздің жақтан жиырма бес
Ұрыны тізіп бергенде,
Өз жағыңнан жетіден
Артықты неге таппадың? («Шернияз» пьесасы).

Осы драмалық шығармадағы Базарбай сөзінде бір ғана «ұры» мен «жақ» сөзін алып қарастырсақ, ол әр түрлі сөздермен әр түрлі грамматикалық байланысқа түсу арқылы нақтылы ойды білдіреді және сөйлем құрамында қолданылады.

Ю.В.Фоменко барлық единицалардың жасалуына сөз негіз болады деп, соны басты өлшемдердің бірі деп санаса, сөздің жасалуына басқа тұлғалар /мысалы, дыбыс, фонема, морфема/ да әсер етеді. Мәселен: «Өнерпаз болсаң арқалан» деген сөйлемді алсақ, осындағы «өнерпаз» сөзі «паз» қосымша морфемасының қосылуы нәтижесінде жаңа мағынаны білдіріп, ол жаңадан сөз жасауға себепкер болып тұр.

Сол сияқты «арқалан» сөзінің жасалуына түбір морфема мен аффикстік морфемалардың құрамы негіз болып тұр.

Осы сөйлем құрамындағы фонеманы да, морфеманы да тіптен сөздерді де жеке-жеке алып қолдансақ, онда олар тілдің дара тұлғалары болғанымен, қарым-қатынас тілі бола алмайды.

Бірақ фонемаға, дыбысқа т.б. қарағанда сөз ұғымды, мағынаны білдіру арқылы тілдің ең басты көрсеткіші болып табылады. Сондықтан да сөз - тек лексикологияның объектісі ғана емес, тіл білімінің сөйлеу процесіне қатысты барлық салаларының объектісі. Бұл жөнінде ғалым-тілші С.Исаев нақтылы дәлелдеп, ашып айтқан. Тілдік қатынастың да негізгі ерекшелігі осында: басқа да тірі организмдер, жәндіктер, жануарлар т.б. дыбыстық қасиетке ие болуы мүмкін, бірақ Сөз, сөйлеу-тек адамзатқа ғана тән. Әрине, тілдік дыбыс пен физиологиялық немесе табиғаттағы дыбыстардың да айырмашылықтары жер мен көктей.

Табиғат құбылыстарының ең күрделісі болып табылатын адамзаттың сөйлеу мүшелері /сөйлеу аппараты/ тілдік дыбыстардың, фонемалардың жасалуына қандай ықпал етсе, тілдік тұлғаның ең негізгісі-сөздің де пайда болуына соншама әсер етеді.

Лингвистикада тілдік тұлға туралы проблема қаншалықты күрделі болса, соңғы жылдары жаңадан қалыптасқан қатысымдық тұлға жөніндегі мәселе одан да күрделі. Әсіресе, қазақ тіл білімінде бұл теориялық тұрғыдан да, практикалық жағынан да арнайы зерттеу объектісі болған жоқ.

Тілдік қатынасқа қатысты тұлғалар ғылыми түрде сөз болмағанымен, қазақ тілін оқыту, үйрету процесінде қолданылып, барлық сабақ жүйелерінде, кітаптарда кездесіп отырады. Жалпы лингвистика тарихында кейбір тілшілер

қатысымдық тұлғаларға сөзді, сөйлемді жатқызса, кейбір ғалымдар тексті жатқызады.

Тілдік тұлға мен қатысымдық тұлға туралы мәселе тілдің тұлғалары мен сөйлеудің алғы шарттарын ажыратып алудан басталуы қажет. Қатысымдық тұлға тілдік тұлғаларға қатысты болғанымен, онымен бірдей емес. Ол тілдің жеке бөлшектерден гөрі, сол тілдің тұтас қарым-қатынастық ролімен тікелей байланысты ерекшеліктерді: белгілі бір ойды тиянақты жеткізу, оған жауап алу, сөйлеу, сөзді қабылдау, оған мән беру, әр түрлі экспрессивтік-эмоциональдық күйді таныту т.б.-сол сияқтыларды қамтиды. Демек, коммуникативтік тұлғаның жұмысы жалпы сөйлеу процесімен тікелей байланысты.

Осы тұрғыдан келгенде, сөйлеудің шарты сөзге, тіркеске және сөйлемге байланысты. Сөз белгілі мағынаны білдіру арқылы басқа сөзбен байланысқа түседі де тіркестің құрамына енеді. Тіркестер грамматикалық байланысқа түсе келіп, сөйлем құралады. Содан адам ойын екінші біреуге жеткізеді. Сөйтіп, өзара түсінісуге жол ашылады.

В.Л.Наердың тілдік тұлғалар қатысымдық тұлға бола алмайды деген көзқарасын қуаттау қиын. Оның үстіне хабар, ақпарат /информация/ тек бір нәрсені білдіреді деп кесіп айту да біржақты.

Мәселен, кейде хабар баяндау мағынасымен шектеліп қана қоймайды, сол хабардың қабылдану дәрежесіне сай жауапқа да ие болады. Онда ол адам санасынан тыс /В.Л.Наер атап өткендей/ бір мағынаны ғана емес, керісінше саналы түрде хабарлауды, баяндауды, ойды білдіреді. Мұндай жағдайда информация коммуникацияға айналады.

Сөйте тұра, бұл автор «Өрт!» деген сөз қатты айтылса, ол болған жағдайды хабарлау ғана емес, жәрдемге шақыруды да білдіреді деп өзіне-өзі қайшы келеді.

Бірақ бәрібір хабарды жеткізу де, оған жауап күту де сол бір ғана тұлға - Сөз арқылы болып тұрғанын ескермейді. Сөз дербес қолданылғанда атаулық мағынаға ие болып, ал контексте қатынастық роль атқарады.

Осы ретте қазақ тіліндегі атаулы сөйлемдерді алсақ, жеке сөз атаулық мағынаны емес, белгілі бір ойды білдіреді.

Сонымен, бұл автордың пікірінше, қатысымдық тұлғаға жататын-адамның ойын толық, тұтас жеткізетін—мәтін /текст/.

Біздің ойымызша, тілдік тұлға мен қатысымдық тұлғаның ең басты айырмашылығы олардың атқаратын қызметі мен қолданылу өрісіне байланысты.

Тілдік тұлғалар-адамзат тілінің жасалуы мен өмір сүруіне қызмет ететін, сөйлеу мүшелеріне /дыбыстау мүшелеріне/ тікелей тәуелді, фонетикалық, лексикалық және грамматикалық қасиеттерге ие болатын, таңбалық сипаты бар тілдің құрылымдық бірліктері.

Қатысымдық тұлғалар-тіл арқылы қарым-қатынасты қамтамасыз ететін, белгілі бір орта мен араласу жағдайында жүзеге асатын, тиянақты ойды хабарлау және қабылдау қасиеті бар, ерекше деңгейге көтерілген тілдік тұлғалардың қатысынан тұратын, қарым-қатынастық мәні бар бірліктер.

Тілдік тұлғалар жеке, дербес жұмсалса, қатысымдық тұлғалар бір-бірімен байланыста қолданылады.

Тілдік тұлғалар атаулық мағынаны білдірсе, қатысым тұлғалар тұтас ойды білдіреді.

Тілдік тұлғалар көпмағыналы бола келіп, жалпылама ұғымды көрсетсе, қатысымдық тұлғалар контекстік жүйелі мағынаға ие болу арқылы нақтылы ұғымды, ойды жеткізеді.

Тілдік тұлғалар дербес мағынада тұрса, қатысымдық тұлғалар бір бүтін, тұтас мазмұндық қасиетке ие болады.

Тілдік тұлғалар бір ғана субъектіге қатысты болса, қатысымдық тұлғалар жалпы қарым-қатынас үрдісіне, оның ішінде тілдесімге, сөйлесім әрекетіне тән.

Тілдік тұлғалар адамның миы мен сөйлеу аппаратының, дыбыстау мүшелерінің қимыл-қозғалысына қатысты, қатысымдық тұлғалар онымен қоса ойлау жүйесіне, пайымдауына санасында туған хабарды жеткізуге әрі қабылдауға қатысты.

Тілге және сөйлеуге қатысты тұлғаларды салыстыра отырып, олардың әрқайсына тән ерекшеліктерді қарастыра келіп, біз қатысымдық тұлғалар мынадай қасиеттерге ие болу керек деп есептейміз.

1. Сана мен ойға қатысты мазмұнның тиянақтылығы.
2. Баяндау ғана емес, хабарлау, жеткізу қасиетіне ие болуы.
3. Ми жүйесі арқылы қабылдануы.
4. Белгілі бір жағдайға, ортаға байланысты жұмсалуы.

Тіл мен сөйлесімге байланысты қарым-қатынаста қызмет атқаруы.

Жоғарыдағы ерекшеліктерін саралап алғаннан кейін, енді қатысымдық тұлғаларға қандай единицалар жататынын айтуға болады.

Тілдік қатынаста өзіндік орны мен маңызы бар қатысымдық тұлғалар: **сөз, фразеологиялық тіркестер, сөйлем және мәтін.**

Мәтін яғни текст-қатысымдық тұлғалардың ішіндегі мазмұндық тұтастығымен ерекшеленетін бүтін жүйе. Тіл білімінде қатысымдық бағыт дами бастағаннан кейін, осыған байланысты сөйлемнен де ірі тілдік тұлғаның бар екеніне оқытушылар мен тілшілер назар аудара бастады. Бұрын мәтін дербес жиынтық тұлға ретінде жеке өзі зерттеу өзегі болмай, тек сөйлемді жан-жақты білу үшін жұмсалатын контекст есебінде қарастырылатын да, көбінесе оның сөйлемге қатысты жақтары сөз болатын.

Мәтіннің өзара мағыналық байланыста болатын сөйлемдердің жүйелі жиынтығы болуы—оның тек бір ғана жағы. Бұдан басқа мәтін - адамдар арасындағы тілдесімдік қатынастың жемісі. Адам өз ойын екінші біреуге жеткізген кезде қалай болса солай айтылған сөйлемдер тізбегінен құрамайды. Керісінше жиынтақталған пікірін, көзқарасын бір-бірімен ойы жағынан да, қалпы тарапынан да бірлескен сөйлемдер жүйесімен, яғни мәтін арқылы жеткізеді, баяндайды. Адам тілдік қатынаста үлкенді-кішілі, ірілі-ұсақты мәтіндерді сөйлесім әрекетінің кез келген кезеңінде ойдан құрап, қолдана береді.

Ойымызды дәлелдеу үшін Ж.Аймауытов шығармасынан мәтін үзіндісін талдап, етіс категориясына қатысты, сөйлем көлемінде функционалдық ерекшеліктерін анықтап көрейік:

Шернияз. Күрес, жарыс, алтыбақан, ақ сүйек,
Соқыр теке, қара құлақ, әйгөлек,
Айт пен тойда қыз қуатын қызығы.
Шілдехана, қынаменде – бір бөлек.
Неше түрлі ойындарды істеуші ек,
Қыз-бозбала отырысып, дөңгелек («Шернияз» пьесасы).

Бұл мәтін үзіндісі үш сөйлем көлемінде, алғашқы сөйлем(*қуатын*)мен соңғы сөйлемде (*отырысып*) ырықсыз және ортақ етісті етістік қолданылған. Мәтін – функционалды аяқталған тілдік бүтін. Ол дегеніміз мәтін тиісті заңдылықтарға бағынатын, мағыналық пен формальдық қосылым. Мәтін құрастырушы бөлшектерге заңдылықтарға сәйкес шек қойылады.

Қазақ тіліндегі етіс категориясын функционалдық тұрғыдан зерттеуге бағыт алып, оның қатынастық шеңберде өзіндік ерекшеліктерін көрсету арқылы етістің толық лексика-грамматикалық табиғатын ашуға мүмкіншілік туатындығы сөзсіз. Ғ.Е.Имамбаева етістің функционалды-семантикалық жақтарын, коммуникативтік қатынасқа түскен сәттегі ырықсыз етісті іс-әрекет жасаушы көрінбейтіндіктен, оны пассив қатарға жатқызып, іс-әрекет жасаушы (субъект) сөйлем көлемінде айқын орын алғандықтан негізгі етісті активке жатқызады.

Сонымен қатар осы айтылғандардан басқа етістің ортақ, өздік, өзгелік түрлерін де активке жатқызады [37, 321 б.].

Ж.Аймауытовтың «Шернияз» драмасынан ортақ етіске мысалдар келте кетсек:

Шернияз. Сол айтқан қызығыңа **бармас** едім,
Көзімді бұраң белге **салмас** едім,
Соның бәрі қырдағы қара көздің,
Жаудырап бір қарасына **алмас** едім («Шернияз» 517 бет).
Шернияз. Сөзіне кіріспесең керегің жоқ,
Кіріссең өзіңе өсек жапқан қазақ («Шернияз» 524 бет).
Раушан. Түлкібай деген қуменен
Сорлы **ұстасып** жүруші еді
Сол азғырып беріпті («Шернияз» 524 бет).

Тіл теориясы туралы зерттеулерде *пассив* деп субъектісі жоқ қимылды айтса, *актив* деп, қимылды өткізуге субъектінің тікелей қатысы бар жайды айтады. Бірақ ол етіс түрлері қимылға әр түрлі қырынан қатысым жасайды. Мәселен, ортақ етісте іс-әрекетті кем дегенде екі субъект орындаса, өздікте қимыл бір субъектінің өзіне ғана бағытталған, өзгелік етісте қимыл арқылы өтеді. Осыларды қорыта келе түйетініміз, етісті функционалды-семантикалық тұрғыдан қарастырғанда, субъектінің бары мен жоғы маңызды рөл атқарады. Сөйлемнің басты мүшесі етістік сөздер дейміз. Ат етістіктің сөйлемнің тірегі болуы тікелей етіс категориясына байланысты.

Ортақ етісті жасауға -ыс, - іс, - с жұрнағы қатысатыны белгілі. Ортақ етісті функционалдық тұрғыдан қарастырғанда оның көп мағыналық семантикасын ескереміз. Түйіндейтініміз:

ортақ етіс жұрнақтары көптік мағынада;

қимыл әрекет жасауда екі субъекті бірігіп, өзара байланыста болады, яғни ортақ мағынаға ие;

қимыл әрекет ең азы екі субъект арқылы өтеді, бірақ олардың қимылға қатысы бірдей емес, бір субъектінің басшылық көмегімен өтеді.

Бұған Ж.Аймауытов шығармаларынан мысалдар келтіре дәлелдеуге болады.

Раушан. Ойыныңызды қоя тұршы...

Қарлығашқа обал болды ғой!

Түлкібай деген қуменен

Сорлы ұстасып жүруші ед,

Сол азғырып беріпті («Шернияз» 74 б.).

Шернияз. Сөзіне кіріспесең, керегің жоқ,

Кіріссең, өзіңе өсек жапқан қазақ.

Елге келіп тыныштық алам десем,

Басымнан артып кетті – ау тартқан азап! («Шернияз» 75 б.).

Ш е р н и я з. Надандықты қой-ау бұл! Түк есі жоқ.

Газет, қағаз жиюмен жұмысы жоқ,

Мең-зең болып езіліп отырғаны.

Ертеден қара кешке іс тіге ме?!

Қыз-қатынмен сөйлесіп бос жүре ме?!

Жоннан жонға шығандап түз кете ме?!

Бипазданып жұмысы бір бітпейді («Шернияз» 76 б.).

Драмалық шығармалардан келтірілген сөйлемдерде ортақ етіс қимылдың, істің бірнеше субъекті арқылы іске асатынын білдіріп, ортақтас мағынаға ие болып тұр.

Тілдік қатынастың бір бүтін тұлғасы болып табылатын мәтін адамдардың қарым-қатынасын іс жүзіне асыратын материал ретінде және өзара түсінісу, пікірлесу, ойды жеткізу тұлғалары түрінде зертеледі. Бұл ретте мәтін сөйлесім әрекетімен, қатысым әдісімен, олардың қолданылу қағидаларымен тығыз байланысты болады.

Демек, мәтін-ойлау, хабарлау, баяндау, қабылдау, пайымдау құбылыстарымен байланысты, адамдар арасындағы тілдік қатынастың іске асуына негіз болатын қатысымдық жүйелі тұлға.

Сөйлем шеңберінде ортақ етістің функционалдық сипаты іс-қимыл иелері - субъектілердің өзара байланысы, немесе мәтін мазмұнының жағдаятына, етістіктің синтаксистік рөлі мен қатынастық қызметіне тәуелді.

Ортақ етістің ортақтас, өзара байланыс, негізгі субъектінің көмекшісі мағыналары тек қана контекст шеңберінде ашылады.

Ж.Аймауытовтың қимылды білдіретін етістіктің ортақ етіс түрлеріне мысалдар келтірсек:

Шернияз. Ертеден кара кешке іс тіге ме,
Қыз-қатынмен **сөйлесіп** бос жүре ме («Шернияз»525 б.).
Қордабай. Тым болмаса көзімнің тірісінде
Бір **жұлқысып**, састырсам маған мұрат! («Шернияз»527 б.).
Шернияз. Ағайынның сөзіне **кірістім** де.
Жәmilә. Сондықтан ол кез келгенде **сөйлесіп**,
Тек әншейін шығарып салып жүреді («Шернияз»535 б.).
Шернияз. Міне, жаңа **жарасты**.

«Оңбағанның саяғы

Түзде жүріп **тебісер»**

Деген мәтел рас сөз.

Бір қалада бір жүріп,

Араз болу жараспайд,

Араз болу келіспейд,

Әсіресе тап бүгін («Шернияз» 536б.)

Жәmilә. Мына соққан **бүлдірмесе** жарар ед («Шернияз» 536 б.).

Алшағыр. Жібереіін, қайта өзді-өзің **кінәлас**,

Зарлатуға дәтіміз біздің **шыдамас**.

О басында сүйіп алған да өзіңсің,

Өзің жылат, бізге, жаным, **ұнамас** («Шернияз» 545 б.).

Сөйлем-тілдік қатынастың орындалуына тікелей себепкер болатын ең қажетті тұлға. Сөйлем баяншының айтайын, жеткізейін деген ойын, хабарын қабылдаушыға түсінікті етіп қана қоймай, сонымен бірге оның /қабылдаушының/ қайыра жауап беруінің көзі көрсеткіші де болып табылады. Тілдік тұлға ретінде сөйлем тиянақты ойды білдірсе, қатысымдық тұлға ретінде ойды білдірумен қатар адамдар арасындағы қарым-қатынасты жүзеге асырушы тілдесім жолы, сөйлесу құралы да болып есептеледі.

Кез келген адам басқа біреуге ойын жеткізу үшін, ең алдымен, мәтін емес, сөйлем құрастыруды ойлайды, онда айтайын дегенін ұғынықты етуге тырысады. Егер оның айтқан не жазған сөйлемі дұрыс, түсінікті болса ғана ол оған жауап ала алады. Түсіну арқылы жауап алу, тілдесім әрекетін жүзеге асыру-тілдік қатынастың ең басты шарты.

Тілдесім әрекетінде сөйлем ішінде еркін сөз тіркестері де, тұрақты сөз тіркестері де ұшырасады. Бірақ тұрақты сөз тіркестері қатысымдық жеке тұлғаның қатарында пайдаланылса, еркін сөз тіркестері оған кірмейді. Сол себепті гілдік қатынаста оларды бір-бірімен ажыратып қолдануға тура келеді.

Қатысымдық тұлғалардың ішіндегі басқаларына ұйытқы болатын және тілдік қарым-қатынаста аса маңызды орын алатын тұлға, ол-сөз. Сөз-лексикалық жағынан да, грамматикалық жағынан да, сөзжасам тұрғысынан да жан-жақты зерттеліп келе жатқан тілдік тұлға. Сондықтан біз сөздің бұл жақтарына тоқталмай, тілдік қатынасқа байланысты сипатын азды-көпті сөз етеміз. Жалпы бұл-арнайы зерттеуді, жан-жақты талдауды қажет ететін мәселелердің бірі.

Сөзді қатысым құбылысына қатысты қарастырғанда, негізінен, оның сөйлеу мен сөйлесуге байланысты ерекшеліктеріне назар аударуға тура келеді. Мұнда ол адамдардың тілдік қарым-қатынасында жүзеге асатын, пікірлесуге негіз болатын, өзара түсінісуге мүмкіндік жасайтын қатысымдық элемент тұрғысынан сөз болады.

Сөздің сөйлеу процесіндегі орны мен қызметі көптеген лингвистердің назарына іліккен. Сол себепті сөздің әр түрлі ерекшеліктеріне қатысты берілген анықтамалардың мазмұны түрліше болып келеді. Мысалы, көрнекті лингвист-ғалым Фердинанд де Соссюр: «Слов, несмотря на все трудности, связанные с определением этого понятия, есть единица, неотступно представляющаяся нашему уму нечто центральное в механизме языка» - дейді.

Сөздің басты-басты ерекшеліктерін сөз ете келіп, лингвист ғалымдардың көпшілігі сөздің сөйлеу процесіне қатысты түрліше тілдік, қатысымдық қасиеттерді меңгеретініне ерекше назар аударады. Сөз-сөйлеу, пікір алысу үрдісінде ең басты тұлға. Сөз жеке тұрғанда, заттың, сынның, қимылдың т.б. атауы болып, номинативті қызмет атқарса, тіл арқылы қарым-қатынаста белгілі бір жағдайға, ортаға байланысты жұмсалып, қарым-қатынастық қызмет атқарады. Тіптен контекстсіз дербес қолданылып, грамматикалық тұлға ретінде әр түрлі дауыс ырғағымен айтылса да әрі хабарлау, әрі қабылдау мәніне ие болады.

Осындай жағдайлардың барлығында сөз белгілі бір ойды білдіре келіп, екінші адамның санасы арқылы қабылданады. Қандай болсын хабарды, деректі, ойды қабылдаған адам оған жауап қайтаруға тырысады.

Тілдік қарым-қатынаста жұмсалып, қатысымдық байланысқа түскен сөз айтылар ойға қатысты нақтылы мағынаны білдіреді және басқа тұлғалармен біртұтас жұмсала келіп, тиянақты ойды, мазмұнды көрсетеді. Әрине, тиянақты ойды жеткізетін басты тұлға — сөйлем, сөз мағынаны білдіргенімен, тұтас ойды білдіре алмайды деген пікір тууы мүмкін. Сөйлем — негізгі қатысымдық тұлға бола келіп, сөзден құралады. Сөз жеке тұрғанда бірнеше мағынаны /тура, ауыспалы, синонимдік т.б./ білдіргенімен, сөйлемнің құрамына енген кезде, айтылар ойға қатысты нақтылы бір мағынаны көрсетеді де, ортақ мақсатқа-жеткізілер мазмұнға қызмет етеді. Мұндай жағдайда сөздің атаулық тұлғадан гөрі қатысымдық тұлғаға тән белгілері басым роль атқарады.

Қ.Аханов сөз бен сөз тіркесін сөйлемнің құрылымдық элементтері деп таниды. «Сөйлем ойды айтып жеткізудің негізгі құралы болып саналады. Мұнан, әрине, сөз бен сөз тіркесінің коммуникативті қызметке қатысы жоқ деген ұғым тумауға тиіс. Мұндай қызметті олар да атқара алады. Бірақ сөз бен сөз тіркесі коммуникативті қызметті өздігінен, жеке дара күйінде емес, сөйлем арқылы, сөйлем құрамында қолданылу арқылы атқара алады. Сөз де, сөз тіркесі де сөйлемнің құрамында қолданылғанда, оның құрылымдық элементтері ретінде қарастырылады».

Демек, сөз жеке, сөздікте тұрғанда-тілдік тұлға да, сөйлем құрамында, тексте қолданылғанда - қатысымдық тұлға болып табылады.

Сөз тілдік қарым-қатынаста ауызша түрде қолданылғанда, ондағы қатысымдық белгілерді дауыс ырғағы, интонация атқарады да, жазбаша түрде жұмсалғанда, қатысымдық қызметті тыныс белгілері атқарады.

Сөйлеу процесіндегі сөздің ерекшелігі-ол объективтік шындыққа, өмірге байланысты ұғымдарды сананың қабылдауы нәтижесінде ойды бейнелейді. Сонымен қатар іс-әрекет жүріп жатқан ортаның әсерін, адамның көңіл-күйін де қоса білдіреді. Тілдік қарым-қатынаста жұмсалатын сөздің бірнеше қасиеттері бар:

1. Сөз адам санасында бейнеленген ұғымның жарыққа шығуын қамтамасыз етеді.

2. Сөз басқа қатысымдық тұлғалардың жасалуына ұйтқы болады.

3. Сөз өмір шындығын нақтылы мағына арқылы түсіндіре келіп, адам ойының екінші біреуге жеткізілуіне әсерін тигізеді.

4. Сөз адамдар арасындағы тілдік қатынасты жүзеге асыруға негіз болады.

Демек, сөз мағынаны, ұғымды, сезімді, ойды білдіре келіп, тілдік қарым-қатынасты жүзеге асырушылардың барлығына аса қажет қатысымдық тұлға болып табылады.

Лингвистиканың қай саласындағы қағидалар мен заңдар болсын тілдік қатынастың қағидаларымен тығыз бірлікте дамиды және оған әсер етеді.

Тілдік қатынастың қоғамдық негізі қарым-қатынас құралы тілдің қоғамдағы ролі мен мәніне байланысты.

Қазақ тілінің қатысымдық ерекшелігін зерттеуде оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру, қазақ тілінің қоғамдық мәнін жете түсіндірудің ерекше маңызы бар. Бұл -біріншіден, жалпы дүниеге деген қоғамдық-ғылыми көзқарастың негізінде танылса, екіншіден, қазақ тілінің қоғамдық-әлеуметтік қатынас құралы ретінде алатын орнына байланысты қарастырылады.

Кез келген тіл, сол сияқты қазақ тілі-«адам қатынасының аса маңызды құралы» бола келіп, адамзаттың бір-бірімен түсінісу, пікір алысу, сөйлесуіне жол ашып қана қоймайды. Сонымен қатар ішкі, сыртқы қоғамдық жағдайларға әсер етеді, халыққа қажетті әлеуметтік, экономикалық істерді аңғаруға мүмкіндік жасайды; бірлесіп еңбек етуге дәнекер болады; қоғамдық-саяси күштердің өз мақсаттары үшін күресуіне қызмет ететін саяси құралы болады. Сөйтіп, жалпы көпшілік қауым мен саяси топтар арасындағы көпір болып табылады.

Қоғам мен табиғаттағы ең күрделі құбылыс адамзаттың ой-санасы мен тілі болғандықтан, адамның ойлау жүйесі де, сөйлесе білу қабілеті де-ерекше қоғамдық мәні үрдістер.

Адамның ойы мен санасы қаншама күрделі болғанымен, тілсіз ой жүзеге аспайды. Сондықтан да тіл-қоғамдық объективті шындықты танудың, оны өмірде пайдаланудың құралы болып табылады.

Қазіргі-қазақ тілі қандай қоғамдық-әлеуметтік ерекшеліктерді басынан өткізбеді? Қоғамдық-әлеуметтік кезеңдердің қай-қайсысына болсын қазақ тілі қазақ халқының ана тіліне тән әлеуметтік мәнінен айырылмауға тырысады. Басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту, үйрету барысында, біріншіден, оның

ертеден дамыған тарихы барын, әдеби тіл дәрежесіне көтерілген салаларын, жазба тілге тән т.б. басты қасиеттерін түсіндіру қажет.

Екіншіден, қазақ тілінің сол халықтың сөйлесу құралы болуымен қатар, басқа ұлт өкілдерімен қарым-қатынас жасауға негіз болатын, ұғынысуға, пікірлесуге жол ашатын ұлтаралық қатынас құралы екеніне баса назар аудару керек.

Үшіншіден, қазақ тілінің қатысымдық сипаты оның ел аралық қатынаста қолданылатын қоғамдық мәнінен және ресми іс-қағаздарда жұмсалатын әлеуметтік қызметінен көрінеді.

Төртіншіден, қазақ тілі-қоғамдағы барлық салаларда пайдаланылатын мемлекеттік дәрежеге жеткен қарым-қатынас құралы.

Бесіншіден, ол-рухани мәдениет пен өркениет өнер жолында қолданылатын, адамның сезімі мен көңіл-күйін жеткізетін құрал.

Сол сияқты қазақ тілінің ең басты қатысымдық қасиеті -бір ұлт пен екінші ұлт өкілдерінің өзара түсінісуіне, ұғынысуына жол ашу, қарым-қатынас құрал ретінде бүтіндей қоғамға қызмет ету.

Зерттеушілердің пікірлеріне шолу жасай келіп, сөйлесімнің әлеуметтік мәні мен жекелік қасиетінің-екеуінің де маңызды екенін атап айтуға тура келеді. Сөйлесімнің, біздіңше, жекелік мәні-оның ішкі жағы, ал әлеуметтік мәні-оның сыртқы жағы іспеттес. Өйткені сөйлесім дыбысты тілдің жұмысына, қозғалысына қатысты іске аса отырып, негізінен, адамның сөйлеу мүшелерінің ішкі әрекетіне байланысты. Сөйлесімді жүзеге асыратын тілдің өзі де ішкі фактордың әсерінен-дыбыстың жасалуынан, оның фонемалық мағынаға ие болуынан, сөздің айтылуы, немесе жазылуынан т.б. тұрады. Бұл алғышарттар сөйлесімнің осындай қасиеті индивидуальдық деп саналады да, оның ішкі факторы болып табылады.

Біз етіс категориясының коммуникативтік қызметін, сөйлем, мәтін көлемінде қарастырдық. Қарастыра келе төмендегідей қорытындылар жасадық:

Қазақ тіл білімінде ортақ етістің бір субъектінің екінші субъектіге бірлесіп, көмек ету мағынасы ерекше орын алады. Бұл ортақ етіс категориясын сипаттауда сөйлем шеңберіндегі қимыл басқаша түрде берілуі мүмкін. Қимылды орындайтын негізгі субъект бастауыш рөлін атқарудан шығып, өз орнын екінші субъектіге табыс етеді де, өзі жанама толықтауыш сөйлем мүшесіне ауысады.

Қазақ тіліндегі етіс категориясын зерттеп, оның лексика-грамматикалық табиғатын ашу-етістің тіл білімінің барлық салаларымен байланысы бар, функционалды тұрғыдан ерекше сипатқа ие, тілдік қатынаста тиісті орын алатын, көп қырлы әрі күрделі категория екендігін көрсетті. Етіс категориясы тілімізде маңызды орын алатын, етістікке тән категориялардың бірі.

ҚОРЫТЫНДЫ

Біз диссертациялық жұмыстың зерттеу нысаны ретінде Ж.Аймауытовтың драмалық шығармаларын алдық. Дәлірек айтсақ, зерттеуге драмалық шығармалардағы етіс категориясы алынды.

Диссертациялық зерттеу кіріспеден, негізгі бөлімнен, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Диссертацияның кіріспе бөлімінде:

- тақырыптың өзектілігі;
- мақсат-міндеттері;
- зерттеу нысаны;
- зерттеудің методологиялық негіздері;
- зерттеу әдіс-тәсілдері;
- ғылыми жаңалығы;
- зерттеу жұмысының нәтижелері жүйеленіп көрсетілді.

Диссертацияның негізгі бөлімі тараушаларға жіктелген екі тараудан тұрады. Алғашқы тарау «Етіс категориясының зерттелуі» деп аталып, онда етістің лексика-грамматикалық сипаты мен етіс жұрнақтарының сөзжасамдық қызметі қарастырылды. Осы тақырыптағы зерттеулерге шолу жасалды. Негізгі тұжырымдар жинақталып берілді. Теориялық тұжырымдарды бекіту мақсатында басқа авторлардың көркем шығармаларымен бірге Ж.Аймауытовтың драмалық шығармаларынан мысалдар келтірілді.

Екінші тарау «Етіс категориясының көркем мәтін тіліндегі қолданысы» деп аталады.

Ол өз ішінде бірнеше тараушаларға жіктелді. «Ж.Аймауытов шығармаларының зерттелуі» атты тараушада қаламгер шығармаларының әдебиеттану мен тілдік тұрғыдан зерттелуіне шолу жасалды. Қаламгер туралы зерттеулер жинақталып, қорытындылар жасалды. Бұл тарауша бойынша мынадай қорытындыға келдік:

- Қазақ әдебиеті мен мәдениетінде ақын, прозаик, драматург, әнші, журналист-публицист, сазгер, ғалым, психолог ретінде танылған Жүсіпбек Аймауытовтың алар орны ерекше. Ол проза жанрының ғана емес, қазақ әдебиетінің сол замандағы жаңа қадам басып келе жатқан драмасына да өзіндік қолтаңбасын арнаған;

- Ж.Аймауытовтың драмалық шығармалары өз алдына үлкен тақырып. Бұл тақырып тілшілер тарапынан қарастырылмағанымен әдебиеттанушылар тарапынан біршама құнды пікірлерге арқау болған. Драматург шығармалары ұлттық драматургия мен театр өнерінің дүниеге келуінде маңызды орын алады;

- Жүсіпбек Аймауытов қаламынан туып, сол кезде сахнаға қойылған тұңғыш үш пьесасы «Рабиға» «Мансапқорлар» «Қанапия - Шарбану» 1916-1917 жылдары жазылған. Ал, «Ел қорғаны», «Шернияз», «Сылаң қыз» 1920-1925 жылдар ішінде жазылған. Жиырмасыншы жылдардағы тәуір пьесаларға алғашқы жарияланған бәйгенің нәтижесінде М.Әуезовтың «Қарагөз» трагедиясынан кейінгі екінші орынды Ж.Аймауытовтың «Шернияз»

шығармасы иеленген.

Екінші тараудың «Етіс категориясының антропоэзектілігі» деп аталатын тараушасы өз ішінде екіге жіктеліп, онда етіс концептінің морфологиялық репрезентациясы мен етіс категориясының қатысымдық қызметі сөз болды.

- Әмбебап сипаттағы қатынас негізгі (ядролық) концепті морфология деңгейінде етіс пен септік категориялары арқылы көрінеді. Етіс–субъектілі-объектілі қатынасты білдіретін етістіктің морфологиялық категориясы болып табылады. Сол себепті етіс концепті қалыптасуы үшін қатынас концепті негізгі концепт ретінде сипатталады. Бұл концепт жалпылау (дерексіздену) когнитивті механизмінің әсерімен түзіледі. Жалпылау арқылы қатынас негізгі концептінің мазмұнында субъектілі-объектілі қатынас үшін маңызды болып табылатын «іс-әрекеттің субъекті мен объектіге қатынасы» сипаты ерекшеленеді. Бұл сипат етіс концептіне негіз болады;

- Етіс–тілде қатынас идеясын репрезентациялайтын, субъектілі-объектілі қатынасты білдіретін етістіктің морфологиялық категориясы. Сондықтан қатынас концепті етіс концепті қалыптасуының басты шарты болып табылады.

- Етіс категориясы белгілі бір жағдаятқа қатысушылардың субъектілі-объектілі қатынастарының сипаты туралы тілдік білімдерге негізделеді. Жіктеуші сипатта болумен қатар ол тіл жүйесі мен сөйлеушіге бағытталады. Сөйлеуші түрлі етіс тұлғаларын қолдана отырып, жағдаятты қалай қабылдағанын білдіре алады, зат не адамды бастауыш мәнінде не белсенді субъекті ретінде көрсетеді. Яғни іс-әрекеттің бағытын (бастауышқа бағытталған немесе бастауыштан бағытталған) білдіре алады.

- Етіс мәндеріндегі белсенділік және белсенсіздік сияқты жалпыланған морфологиялық мәндер сабақты және ырықсыз етіс тұлғалары арқылы актив қолданысқа түседі. Әрі қарай қосымша лингвистикалық факторлардың көмегімен мәндері нақтыланып, қатынас негізгі концептінің сипаты түзіледі. Яғни етіс концепті етіс морфологиялық категориясы мен оның көрсеткіштері арқылы көрініс табатын концептуалды деңгей бірлігі болып табылады.

Етіс тұлғаларының мағынасы мен қызметін айқындау, сөйлеушілердің қабылдау ерекшелігін, етіс семантикасының тілдік санадағы көрінісін, түсінік деңгейін анықтау мақсатында арнайы дайындалған кестені толтырту арқылы оқушылар, студенттер, аудармашылар, оқытушылар және маман емес адамдар арасында эксперимент жүргізілді. Осы тараушада эксперимент нәтижелері мен қалай жүргізілу барысы туралы және экспериментке қатысушылар туралы мәліметтерді келтірдік.

Сонымен, қатынас тілде түрліше көрініс тауып, түрліше концептуалданады. Морфология деңгейінде ол етіс категориясы арқылы көрінеді. Бұл концепт, басқа концептілер сияқты, жіктеуші сипатта болады. Ол адам санасында тіл арқылы түзіліп, белгілі бір жағдаятқа қатысушылардың субъектілі-объектілі қатынастары туралы тілдік білімдерге негізделеді. Жіктеуші сипатта болумен қатар ол тіл жүйесі мен сөйлеушіге бағытталады.

Яғни етіс концепті етіс морфологиялық категориясы мен оның көрсеткіштері арқылы көрініс табатын концептуалды деңгей бірлігі болып табылады

«Драмалық шығармалардағы етіс категориясының коммуникативтік қызметі» деп аталатын тарауша бойынша қорытындылар:

Етіс, зерттеуші Ғ.Е.Имамбаеваның пікірінше, тілдік қатынаспен тығыз байланыста, семантикасын қатынастық ерекшеліктермен анықтауға болатын, грамматикалық категориялардың біріне жатады. Қазіргі тілдік зерттеулерде етіс категориясын қатынастық жағдаятпен айқындау кездеседі;

-Қазақ тіліндегі етіс категориясын функционалдық тұрғыдан зерттеуге бағыт алып, оның қатынастық шеңберде өзіндік ерекшеліктерін көрсету арқылы етістің толық лексика-грамматикалық табиғатын ашуға мүмкіншілік туады;

-Тіл теориясы туралы зерттеулерде *пассив* деп субъектісі жоқ қимылды айтса, *актив* деп, қимылды өткізуге субъектінің тікелей қатысы бар жайды айтады. Бірақ ол етіс түрлері қимылға әр түрлі қырынан қатысым жасайды. Мәселен, ортақ етісте іс-әрекетті кем дегенде екі субъект орындаса, өздікте қимыл бір субъектінің өзіне ғана бағытталған, өзгелік етісте қимыл арқылы өтеді. Осыларды қорыта келе түйетініміз, етісті функционалды-семантикалық тұрғыдан қарастырғанда, субъектінің бары мен жоғы маңызды рөл атқарады. Сөйлемнің басты мүшесі етістік сөздер дейміз. Ат етістіктің сөйлемнің тірегі болуы тікелей етіс категориясына байланысты.

Ортақ етісті жасауға –ыс, - іс, - с жұрнағы қатысатыны белгілі. Ортақ етісті функционалдық тұрғыдан қарастырғанда оның көп мағыналық семантикасын ескереміз. Түйіндейтініміз:

ортақ етіс жұрнақтары көптік мағынада;

қимыл әрекет жасауда екі субъекті бірігіп, өзара байланыста болады, яғни ортақ мағынаға ие;

қимыл әрекет ең азы екі субъект арқылы өтеді, бірақ олардың қимылға қатысы бірдей емес, бір субъектінің басшылық көмегімен өтеді.

Біз етіс категориясының коммуникативтік қызметін, сөйлем, мәтін көлемінде қарастырдық. Дәлірек айтсақ, Ж.Аймауытовтың драмалық шығармалары негізінде. Қарастыра келе төмендегідей қорытындылар жасадық:

Қазақ тіл білімінде ортақ етістің бір субъектінің екінші субъектіге бірлесіп, көмек ету мағынасы ерекше орын алады. Бұл ортақ етіс категориясын сипаттауда сөйлем шеңберіндегі қимыл басқаша түрде берілуі мүмкін. Қимылды орындайтын негізгі субъект бастауыш рөлін атқарудан шығып, өз орнын екінші субъектіге табыс етеді де, өзі жанама толықтауыш сөйлем мүшесіне ауысады.

Қазақ тіліндегі етіс категориясын зерттеп, оның лексика-грамматикалық табиғатын ашу –етістің тіл білімінің барлық салаларымен байланысы бар, функционалды тұрғыдан ерекше сипатқа ие, тілдік қатынаста тиісті орын алатын, көп қырлы әрі күрделі категория екендігін көрсетті. Етіс категориясы тілімізде маңызды орын алатын, етістікке тән категориялардың бірі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Құлмағамбетова Б. Қазақ тілі. Алматы, «Мектеп», 2007.-25 б.
- 2 Махмұт Қашқари Түрік тілінің сөздігі: Диуани лұғат ит-түрік//3 томдық шығармалар жинағы/қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай. –Алматы, «Ата-мұра», 2006.- 227 б.
- 3 Томанов М.Қазақ тілінің тарихи грамматикасы.-Алматы, Мектеп,1998. -250 б.
- 4 Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы, Алматы, «Жазушы», 1992.
- 5 Байтұрсынұлы А. Тіл құрал. Дыбыс жүйесі мен түрлері//Бірінші тілтанытқыш кітап.–Қызылорда, Қазақ баспасы, 1925.–312 б.
- 6 Жұбанов Қ. Программа по казахскому языку.-Алма-Ата, Қазақстан, 1936.-383 б.
- 7 Аманжолов А.С. Көне түркі ескерткіштер тіліндегі етістіктердің меңгеруі. – Алматы, Жазушы 1969.-101б.
- 8 Сыздықова Р. ХҮІІІ-ХІХ ғ.ғ. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы, Жазушы,1984.-110 б.
- 9 Кеңесбаев І.Қазақ тілі. Алматы, Мектеп,1967.-28б.
- 10 Қалыбаева А. (Хасенова) Қазақ тіліндегі етіс категориясы.–Алматы, Жазушы, 1951.– 29 б.
- 11 Аманжолов С. Қазақ тілі теориясының негіздері.-Алматы, Ғылым, 2002.–368 б.
- 12 Қазіргі қазақ тілі.-Алматы, Мектеп, 1954.-295 б.
- 13 Қазақ тілінің грамматикасы. Морфология.-Алматы, Ғылым, 1967.-1 т.-177 б.
- 14 Қазіргі қазақ тілі грамматикасы.-Астана, 2002. - 511б.
- 15 Оралбаева Н. Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттарының құрылысы мен мағынасы.-Алматы, Мектеп, 1979.-21 б.
- 16 Бектұров Ш., Серғалиев М. Қазақ тілі: жоғары оқу орындарына түсушілерге арналған оқулық. - Алматы, Жазушы, 1994. – 224 б.
- 17 Қазақ тілі (анықтамалық) фонетика, лексика, сөзжасам, морфология, синтаксис.-Алматы, Print-S, 2004.-49 б.
- 18 Көпбаева Ж. Йасауи хикметтеріндегі етіс жұрнақтарының қолданылуы.
- 19 Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы: оқулық.- Алматы, Ғылым, 1995.– 320 б.
- 20 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі.-Алматы, Ғылым,1964. – 315б.
- 21 Оралбаева Н., Мадина Ғ., Әбілқаев А. Қазақ тілі: практикалық курсы: оқулық.-Алматы, Дайк-пресс, 1964.-149 б.
- 22 «Қазақстан» Ұлттық энциклопедия/ бас.ред. Ә.Нысанбаев. – Алматы, 2001.– 444 б.
- 23 Бельгер Г. Аймауытов айшықтары. // Қазақ әдебиеті, 1990, 30 наурыз, 6-7 б.
- 24 Қуантаев Н. Ж.Аймауытовтың публицистикалық шығармалары. Алматы, 2001. -234 б.
- 25 Зейнуллина А. Ж.Аймауытовтың шығармашылық шеберлігі. Павлодар, 2002. ЭКО- 234б.
- 26 Шоқым Ғ. Жүсіпбек Аймауытов романындағы қосұнді сөз. Алматы, 1998. – 124 б.

- 27 Досжанова Р. Ж.Аймауытов прозасындағы лексика-синтаксистік қайталамалар. Филол. ғыл. канд...дисс.: Алматы, 1992, -165 б.
- 28 Кәріпжанова Г.Ж.Аймауытов прозасының тілі. Павлодар, 2009. -234 б.
- 29 Қирабаев С. Ж.Аймауытов // Ж.Аймауытов шығармалары. Алматы, 1989.-559 б.
- 30 Әбдіқадырова Т. Ж.Аймауытов романдарындағы тұлға концепциясы. Алматы.1997. -167 б.
- 31 Шалабай Б. Көркем проза тілі. -Алматы, 1994.- 128 б.
- 32 Жанпейісов Е. Қазақ прозасының тілі. Алматы, 1968. -264 б.
- 33 Серғалиев М. Сөз сарасы. Алматы, 1989. - 198 б.
- 34 Рақымжан Т. «Жүсіпбек Аймауытұлының әсемдік әлемі» –Алматы, 2005,-395 б.
- 35 Б.Құндақбаев өзінің Жүсіпбек Аймауытов және театр өнері // Дидар. 1996.23 қаңтар.
- 36 Аймауытов Ж. Шығармалары. - Алматы: Жазушы, 1989.-320 б.
- 37 Имамбаева Ғ.Е. Етіс табиғатының ғылыми негіздері. Оқу құралы. Павлодар, ЭКО, 2011. -380 б.
- 38 Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: оқулық. –Алматы, 2005. – 272 б.
- 39 Байтұрсынұлы А. Ақ жол: өлеңдер мен тәржімелер, публицистикалық мақалалар және әдеби зерттеу. Құрастырған Р.Нұрғалиев. – Алматы, Жалын, 1991. – 464 б.
- 40 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. – 608 б.
- 41 Ахметжанова З.К. Ядерные концепты казахской культуры как основа казахской языковой картины мира //Этнос және тіл атты академик Ә.Қайдардың 85 жылдық мерейтойына арналған халықаралық конференция материалдары. – Алматы, 2009. – Б. 175-179.
- 42 Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы, Рауан, 1998. – 304 б.
- 43 Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті. Филология ғылымының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты: 10.02.19. –Алматы, 2004. – 54 б.
- 44 Постовалова, В.И. Картина мира в жизнедеятельности человека //Роль человеческого фактора в языке: Язык и картина мира. – М., 1988. – С. 8-69.
- 45 Момынова Б. Қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси лексика: әлеуметтік-бағалауыштық сөзжасам. – Алматы, Қазақ университеті, 2005. 140 б.
- 46 Соссюр Ф. де. Курс общей лингвистики. — М., 1998. — 296 с.
- 47 Уәлиев Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: фил.ғыл.докт.дисс.:10.02.02. – Алматы, 2007. – 329 б.
- 48 Байтұрсынов А. Бес томдық шығармалар жинағы. 3-том. Тіл құралы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы, Алаш, 2005. – 352 б.
- 49 Кеменгерұлы Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. 2-том. Оқу құралы. Құрастырған О.Жұбаева. – Алматы, Алаш, 2005. – 336 б.
- 50 Соссюр Ф. де. Курс общей лингвистики. — М., 1998. — 296 с.

51 Аханов К. Тіл білімінің негіздері: оқулық. - Алматы, Ғылым, 1993. – 496 б.